



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР

ҒЫЛЫМИ - САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



3/2012

СЫРТҚЫ САЯСАТ
ЖӘНЕ
ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

Астана



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ



Қоғам және Дәуір

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Үлес НЫСАНБЕК

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Беттеу
А.Жұмағалиева

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-б
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

ЖК «Волкова Е.В.» баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ., Райымбек даң., 212/1.

Таралымы 500 дана.

Қоғам және Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Бақытжан Бұхарбаев
Елбасы Жолдауындағы халықты
жұмыспен қамту мәселесін
жүзеге асырудың жолдары..... 5

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Райхан Садықова
Қазіргі кезеңдегі Ресей мен Қытайдың
стратегиялық әріптестік деңгейіндегі
қарым-қатынастары 9

Айсұлу Хайрулдаева
Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР ұлттық
қауіпсіздігін қамтамасыз ету
құрылымдарының бірі ретінде 17

ІШКІ САЯСАТ

Саят Шаяхметов
Қазақстан Республикасында білім беру
мекемелерін басқару 23

Бекен Махмұтов
Ресей Федерациясының басқару
жүйесіндегі саяси менеджмент 30

Балғын Шұғаева
Саяси жүйедегі бұқаралық ақпарат
құралдарының рөлі 40

**Ботакөз Шакеева,
Әлия Бастаубаева**
Әлем және дәстүрлі діндер
басшыларының съезі 46

ЭКОНОМИКА

Қабидын Қали, Ажар Сериккалиева
Белорус, Қазақстан, Ресей Көден
Одағының Шанхай ынтымақтастық
ұйымының әлеуметтік-экономикалық
әріптестігіне тигізген ықпалы 53

Ербол Сығаев
Автокөлікті ерікті түрде сақтандыру
жағдайындағы шығынды есептеу және
сақтандырулық төлем 73

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Бақытжан Сатершинов
Діннің жаңғыруы аясындағы ислам
интеллектуализмі 78

Рауан Кемербаев
Жаһандану үрдісі және дәстүршілдік 87

Фарида Әділова
Орынбор мүфтилігін бақылаудағы
мемлекеттік басқару органдарының
қызметі 91

Абзал Сулейменов
Жәңгір ханның Бөкей Ордасындағы
ислам дінінің дамуына қосқан үлесі 99

РЕЦЕНЗИЯ

Санат Көшкімбаев
Л.М. Иватова, С.Т. Мейірманов. Қазақстан
Республикасының мемлекеттік
демографиялық саясаты 105

Түйіндеме 108

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Болат СҰЛТАНОВ** – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
- Үлес НЫСАНБЕК** – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Нұржамал АЛДАБЕК** – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
- Рахман АЛШАНОВ** – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
- Мәулен ӘШІМБАЕВ** – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы, саяси ғылымдарының кандидаты
- Камал БҰРХАНОВ** – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
- Қуанышбек ҚАРАЖАН** – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ** – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Ләйлә МҰЗАПАРОВА** – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
- Марат ТӘЖИН** – ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
- Зарема ШӘУКЕНОВА** – ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
- Улес НЫСАНБЕК – ответственный редактор, заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Нуржамал АЛДАБЕК – первый проректор Казахского государственного женского педагогического университета, доктор исторических наук, профессор
- Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
- Маулен АШИМБАЕВ – депутат Мажилиса Парламента РК, председатель Комитета по международным делам, обороне и безопасности, кандидат политических наук
- Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
- Куанышбек КАРАЖАН – профессор кафедры истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор юридических наук
- Баглан МАЙЛЫБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
- Марат ТАЖИН – помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
- Зарема ШАУКЕНОВА – директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК

Елбасы Жолдауындағы халықты жұмыспен қамту мәселесін жүзеге асырудың жолдары

Бақытжан БҰХАРБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың
элеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің
ғылыми қызметкері

Әлемдік экономиканың тұрақсыздығы жағдайында жұмыссыздық деңгейінің өсуі жекелеген ұлттық экономикалар үшін кесапатын тигізуі әбден мүмкін. Қазақстан үкіметі жұмыспен қамту мәселесіне тұрақты назар аударып келеді. 2008–2011 жылдар аралығында орын алған әлемдік қаржылық дағдарыс кезінде жұмыссыздықпен күрес «жол картасы» арқылы жүргізілді. 2011 жылы «Жұмыспен қамту 2020» мемлекеттік бағдарламасы өз бастауын алды. Қазіргі кезде осы бағдарлама бойынша шамамен 38 мың адам жұмыспен қамтамасыз етілді. «Әлеуметтік-экономикалық модернизация – Қазақстанның дамуының бас векторы» атты өзінің жылсайынғы Жолдауында Елбасы Н.Ә. Назарбаев жұмыспен қамту мәселесіне үлкен көңіл бөлуі жайдан жай емес.

2012 жылғы Жолдауда Н.Ә. Назарбаев жұмыспен қамтуға бағытталған жана бағдарламаның үш негізгі міндетін атап көрсетті:

- біріншіден, оқыту мен жұмысқа орналасуға септесудің тиімді жүйесін жасау;
- екіншіден, ауылдық жердегі кәсіпкерлікті дамытуға септесу;
- үшіншіден, еңбек ресурстарының жинақылығы, Қазақстанның экономикалық тұрғыдан белсенді орталықтарында жұмысқа орналастыруға басымдық беру.

Сонымен қатар Президент «Жұмыспен қамту 2020» мемлекеттік бағдарламасы 2011 жылы қанатқақты режимде 60 мыңға жуық

адамның қатысуымен сынақтан өткенін, бүкіл дайындық жұмыстары, заңнамалық база бойынша жұмыстар аяқталғанын мәлімдеді. Үкіметке және әкімдерге биылғы жылдан бастап бағдарламаны кең ауқымда жүзеге асыруды бастау тапсырылды. Сондай-ақ ауылда жұмыс істейтіндерді шағын несиелермен қамтамасыз ету мәселесі де көтерілді, қалада жұмыс істегісі келетіндерді мемлекет есебінен оқытып, жұмысқа орналастыру қажеттілігі айтылды. Бағдарламаның соңына қарай, яғни 2020 жылы 1,5 миллион адам сапалы жұмыстарға орналастырылатын болады.

Әлем мемлекеттері бүгінгі күні дағдарыстың екінші толқынына қарсы тұруға дайындық үстінде. Осы тұрғыда жұмыспен қамту міндетінің өзектілігі арта түсуде. Премьер-министрдің орынбасары Е. Орынбаев Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің алқалық отырысында Халықаралық еңбек ұйымының мәліметтерімен таныстырған болатын. Мәселен, тұрақсыз жұмыспен қамтылған жұмысшылардың үлесі әлем бойынша 1,5 миллиард адамды құрауы мүмкін. Бұл көрсеткіш әлемдегі жұмысқа жарамды адамдардың жартысы деген сөз. Жыл сайын жастардың 45 миллионы еңбек нарығына алғашқы қадамын жасайды. «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы өткен жылы, яғни бүкіл әлемде дағдарыстың қайталану ықтималдылығы талқыланып жатқанда, іске қосылды. Мемлекетіміздің осы бағдарламасын дағдарысқа қарсы тиімді шара ретінде қарастыруға болады.

Бағдарламаның нәтижелеріне қысқаша тоқталатын болсақ, 2012 жылдың 1 қаңтарына қарай бағдарламаға қатысуға ниет білдіргендердің саны 84,1 мың адамды құрады, олардың ішінде 58,6 мың адам қатысуын жалғастырып, әлеуметтік келісімге тұрды. Кәсіби білім беруге 69,3 мың адам жұмылдырылды, олардың 31 мыңы оқуын аяқтап, 16 мыңы жұмысқа тұрақты орналастырылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына 16,2 мың адам орналастырылды. Жаңа бағдарлама шеңберінде қазірге барлығы 38 мыңнан астам адам орналастырылды, 1435 бағдарламаға қатысушы микронесие алды, республиканың он аймағында еңбек ресурстарының мобильділігінің қамсыздандыру мақсатымен 212 тұрғын үй салынып, өз еркімен көшіп келушілерге арнап 13 көп пәтерлі үйлер тұрғызылды. Жұмыспен қамту бағдарламасын жүзеге асыруға 2011 жылы 37,4 миллиард теңге қаражат жұмсалды. Бағдарлама барысында жүзеге асырылған шаралар, аумақтарды дамытудың аймақтық бағдарламаларын жүзеге асыру республикамыздың еңбек нарығындағы ахуалды сауықтыруға үлкен септігін тигізді.

ҚР Статистика агенттігі келесі мәліметтерді беріп отыр. Ел ішіндегі жұмыссыздың көрсеткіші 2011 жылы 2010 жылға қарағанда 5,8%-тен 5,4%-ке азайған. Жұмыспен қамтылғандардың саны 8144 мыңнан 8466 мыңға дейін өскен. 2011 жылы жалпы алғанда 322,5 мың адам республикамыздың жұмыспен қамту органдарына шағымданған, олардың 235 мыңы жұмысқа орналастырылды. 2011 жылы 274,8 жаңа жұмыс орны пайда болып, олардың 128,2 мыңы ауылды жерлерде орын алды. Сала бойынша айтатын болсақ, ең көп жұмыс орны өндіріс саласында (32,4 мың), сосын сауда саласында (32,8 мың), құрылыс саласында (31,1 мың), ауыл шаруашылығында (21,7 мың) жасалды. Жасалған жұмыс орындарының жалпы санының ішінде 198,3 мыңы тұрақты жұмыс орындары, 76,5 мыңы – уақытша, яғни маусымдық.

Жұмыспен қамту бағдарламасын одан әрі жандандыру мақсатымен келесі шараларды жүзеге асыруға болады:

- бағдарлама шеңберінде азаматтарды оқыту бойынша мемлекет пен жеке бизнес арасындағы ынтымақтастық механизмін нығайту, әсіресе шетелдік жұмыс күшінің орнын басу мәселесіне аса екпін жасау;

- қайта даярлауға жұмылған адамдар санын кеңейту, олардың біліктілігін арттыру;

- мемлекеттік қолдаудың барлық түрлерін (шәкіртақы, жол жүру мен баспанаға кететін шығындар) қатысушыларға оқу үшін материалдық жәрдем ретінде міндетті түрде бөлінетін бірыңғай әлеуметтік пакетке біріктіру.

Сонымен қатар, жұмыспен қамту органдары бағдарлама аясында 2013 жылдан бастап жұмыс берушілердің өтініштері бойынша қысқа мерзімді білім беруге көшеді деп жоспарланып отыр. Жоспарланып отырған сұраныс техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту есебінен (36 айға дейін) жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның келесі бағыты, яғни ауылдық кәсіпкерлікті дамытуға септесу бойынша несиелердің кепілдігін қамтамасыз етумен байланысты іс-жосықтар оңтайландыруда. Сонымен қатар ауылдық жерлердегі әлеуметтік және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарды жөндеуге (салуға) бағытталған жобаларды жүзеге асыру қолға алынуда.

Бағдарламаның үшінші бағыты еңбек ресурстарының мобильділігін арттыру. Осы міндет жүзеге асыру бойынша оралмандарды бейімдеп, оларды орналастыру жұмыстары қолға алынған. «Нұрлы көш» бағдарламасының аяқталысымен отандастарды жұмыспен

қамтып, оларды баспанамен қамсыздандыру шарасы «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасының аясында жүзеге асатын болады.

Сонымен қатар республикамызда жүріп жатқан Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы да жұмыспен қамту мәселесіне оң септігін тигізеді. Аталмыш бағдарлама кішігірім қалалардың әлеуметтік жағдайын жақсартып, олардың тұрғындарының үлкен қалаларға қоныс аудару үдерісін азайтады.

Қазіргі кезеңдегі Ресей мен Қытайдың стратегиялық әріптестік деңгейіндегі қарым- қатынастары

Райхан САДЫҚОВА,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
халықаралық қатынастар және әлемдік
экономика кафедрасының аға оқытушысы,
тарих ғылымдарының кандидаты

Жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы жағдайында халықаралық қатынастардағы мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастық жаңа деңгейге көтерілді. Бейбіт әрі тұрақты ортаны қалыптастыруда байланыстарды сан салада дамытудың маңыздылығы артып, стратегиялық әріптестер аталған мемлекеттердің қатары көбейді. Осындай қазіргі кезеңдегі маңызды стратегиялық әріптестіктің айқын мысалы – Ресей мен Қытайдың қарым-қатынастары.

XXI ғ. басында Ресей мен Қытайдың стратегиялық әріптестігі экономикалық, саяси ынтымақтастық, мәдени салаларды қамтып отыр. Сонымен қатар, халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша да тараптар ортақ ұстанымдарды ұстануда. Мұндай байланыстардың орнатылуында ең алдымен, мемлекеттердің географиялық жақындығы маңызды рөл атқарады. Екі мемлекеттің ортақ тарихи байланыстары мен экономикалық мүдделестігін де назарға алған жөн.

Ресей мен Қытайдың стратегиялық әріптестігі, ең алдымен қажетті құқықтық-келісімшарттық негіздердің қалануы және әр алуан саладағы бірқатар бірлескен әрекеттерден көрініс тапты.

Екі мемлекеттің басшылығы өзара стратегиялық әріптестік байланыстарды дамытуға ниеттестігін XX ғ. 90-жылдары мәлімдей бас-

тады. 1996 ж. сәуірінде Ресей президенті Қытайға іс-сапары кезінде екі мемлекеттің басшылары Б. Ельцин мен Цзян Цзэминь Біріккен декларацияға қол қойды. Оған сәйкес тараптар ХХІ ғасырдағы стратегиялық өзара әрекеттестікке бағытталған тең құқықты сенімді әріптестік қарым-қатынастарды дамытатындығын жариялады. Тараптар Қытай Халық Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында 1992 ж. 18 желтоқсанда қол қойылған өзара қарым-қатынастардың негізі туралы және 1994 ж. 3 қыркүйекте қол қойылған Біріккен қытай-ресейлік декларациясында бекітілген қағидаларды қолдайтындығын бекітті. Сонымен қатар, екі мемлекет әр түрлі деңгейдегі және барлық саладағы тұрақты диалогты қолдауға келісті [1].

Қытай мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестік деңгейіндегі байланыстарды дамытуға ұмтылыс ХХІ ғасырда жалғасын тапты. 2001 ж. Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзяминнің Ресейге мемлекеттік іс-сапары кезінде Ресей мен Қытай арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы Келісім-шартқа қол қойылды. Бұл келісім-шарттың 1-бабында атап өтілгендей: «Келісуші тараптар ұзақ мерзімдік уақыт аралығында тату көршілік, достық пен ынтымақтастық, тең құқықтық сенімді әріптестік пен стратегиялық өзара әрекеттестікке негізделген қарым-қатынастарды дамытып келеді». Ал 10-бабына сәйкес: «Уағдаласушы тараптар ең алдымен, аса жоғарғы және жоғарғы деңгейдегі тұрақты кездесулер механизмін пайдаланып, жетілдіру арқылы сенімді әріптестік пен стратегиялық өзара әрекеттестікті нығайтады» [2].

2007 жылғы ҚХР-дың төрағасы Ху Цзиньтаоның Ресейге мемлекеттік сапарында екі мемлекеттің басшылығы осыған дейінгі әкімшіліктің Ресейге қатысты саясатын жалғастыратындығын байқатты. Төрағаның РФ-ға сапары Ресейдегі Қытай жылының ашылу салтанатына тұспа-тұс келді. Кездесудің соңында екі мемлекеттің басшылығы іскерлік ынтымақтастықты тереңдету және қытай-ресейлік стратегиялық өзара әрекеттестікке негізделген әріптестік қарым-қатынастарды жаңа деңгейге көтеру туралы Біріккен мәлімдемеге қол қойды.

2010 жылғы 26–28 қыркүйектегі Ресей президенті Д. Медведевтің іс-сапары кезінде екі мемлекеттің басшылығы «Қытай-ресейлік әріптестік пен стратегиялық өзара әрекеттестік қарым-қатынастарды жан-жақты тереңдету туралы Біріккен мәлімдемеге» қол қойды. Осылайша, екі мемлекеттің басшылығы арасында өзара стратегиялық байланыстардың негізі маңызды құжаттармен қаланды. Бұл құжаттарда Ресей мен Қытайдың стратегиялық

әріптестігі әр түрлі саладағы ынтымақтастықтан, өзара кеңес алмасу механизмдері және тұрақты диалогтардан көрініс табатындығы туралы мәлімделді. Тараптардың мәлімдемесіне сәйкес екі мемлекеттің байланыстары ХХІ ғасырда жаңа деңгейге көтерілді. Екі мемлекеттің арасындағы стратегиялық әріптестік пен өзара әрекеттестіктің әр салада жүзеге асуын талдағанда ғана, олардың маңыздылығын айқындауға болады.

Біріншіден, Ресей мен Қытайдың осы деңгейдегі байланыстар экономикалық салада қарқынды даму сипатына ие.

Қазіргі кезеңде Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық байланыстары жоғары деңгейде дамуда. Жаһанданушы әлемде Қытай мен Ресейдің екеуі де жаһандық экономикаға тең деңгейде енуге ұмтылуда. Сол себепті екі мемлекеттің экономикалық байланыстары сан түрлі саланы қамтып, өзара байланыстылығы артты. Ең алдымен, екі мемлекеттің экономикалық қарым-қатынастары сауда саласында дамуда. Мәселен, 2003 жылғы мәліметтерге сәйкес Қытай мен Ресей арасындағы сауда айналымы 13–14 млрд. долларды құрап, ҚХР Германия мен АҚШ-тан кейінгі Ресейдің үшінші орындағы әріптесіне айналған [3].

Соңғы жылдардағы Қытай мен Ресейдің арасындағы сауда айналымы көрсеткіштері де екіжақты сауданың жаңа кезеңге өткендігін айғақтайды. 2008 ж. екі мемлекеттің сауда айналымы 56,8 млрд. долларды құраса, 2011 ж. алғашқы рет 80 млрд. доллардан асқан. Алайда 2008–2011 жж. аралығында екі мемлекеттің арасындағы сауда айналымының көлемінің қысқаруына әлемдік экономикалық дағдарыстың ықпалы елеулі болды. Мысалы 2009 ж. қаңтар–маусымында Ресей мен Қытай арасындағы сауда айналымы 37,1 %-ды құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 16,2 млрд. долларға азайған.

ХХІ ғасырдың басында екі мемлекеттің арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықтың негізін қалаған келесідей бірқатар құжаттар қабылданды: 1997–2000 жж. РФ мен ҚХР арасындағы сауда келісімі, Өзара түсіністік туралы Меморандум және т.б.

Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық қарым-қатынастары негізінен екі бағытта:

- 1) Энергетикалық: мұнай, газ құбырлары, т.б.
- 2) Әскери-техникалық бағытта дамиды.

Энергетика саласында негізгі өнімдер – мұнай, газ, сондай-ақ, мемлекет арасында ядролық бағдарламалар да жеткілікті.

Энергетикалық саладағы екі мемлекеттің арасындағы маңызды жобалардың стратегиялық әріптестік байланыстарды дамытуда рөлі

зор. Қытайдың энергетикалық қорларға деген сұранысының артуы оның өзге мемлекеттермен шаруашылық байланыстарды дамытуына айрықша ықпал етіп отыр.

Ресей мен Қытай арасындағы энергетикалық саладағы қол жеткізген маңызды жетістігі – «Ангарск-Дацин» жобасының жүзеге асуы. 2001 жылы 17 шілдеде РФ үкіметі төрағасы М. Касьянов пен ҚХР Төрағасы Цзян Цзяминнің арасында шамамен 1700 км-дей мұнай құбырын салу жоспарланған еді. Ол «Ангарск-Дацин» жобасы деп аталды. Ресей тарапынан қатысушылар – Минэнерго, «ЮКОС» және «Транснефть», Қытай тарапынан – Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы, жоба 1,7 млрд. долларға бағаланып отыр. 2010 ж. 27 қыркүйегінде Қытайдың төрағасы Ху Цзиньтао мен Ресей президенті Д. Медведевтің қатысуымен Пекинде «Ангарск-Дацин» мұнай құбырының құрылысының аяқталу салтанаты өтті. Қазіргі уақытта құбыр бойынша мұнайдың тасымалы жүргізілуде.

Ресей мен Қытай арасында газ саласындағы энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз ету бағытында байланыстар дамуда.

Газ саласында «Батыс-шығыс» жобасы ұсынылуда. «Газпром» және «СНПС» компаниялары екі газ құбырының құрылысы туралы келісімге қол қойды және Қытайға ресейлік электр энергетикасын тасымалдаудың техникалық-экономикалық дәйектемесін дайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізді [4].

Ресей мен Қытайдың сауда-экономикалық саласындағы екінші маңызды бағыт әскери-технологиялық ынтымақтастық. Қытай басшылығы өз елінің қарулы күштерінің әскери дайындығына айрықша көңіл бөледі. Сондықтан ҚХР ресейлік әскери техникасының ірі сатып алушысына айналды. XX ғ. 50 жж. әскери-техникалық саладағы Ресей мен Қытайдың арасындағы байланыстар қайта жаңғырды.

1990 жж. бірінші жартысында Қытайға Су-27СК және Су-27БК, ал 1996 ж. екі мемлекет арасында жасалынған келісімге сәйкес Қытайға Су-27 жойғыш ұшақ өндірісіне лицензия берілді.

1992–1999 жж. аралығында Ресей қытайлық зымыранға қарсы қорғаныс жүйесін нығайту мақсатында орта және алыс қашықтықтағы зениттік зымырандарды тасымалдады. Қазіргі таңда бұл саладағы ынтымақтастық жалғасын тауып, Ресей Қытайға барынша жаңартылған қарулану жүйесін жіберуде. 2002 ж. өзінде Ресейдің қорғаныстық кәсіпорындары Қытайға шамамен 3,3 млрд. долларға әскери техниканы тасымалдау туралы келісімдер жасаған [5].

Ресей мен Қытайдың стратегиялық әріптестігі және өзара әрекеттестігі өзара қарым-қатынастарды дамытудағы саяси механизмді орнатуында да көрініс тапты. XX ғ. 90 жж. бастап екі мемлекеттің арасындағы саяси деңгейдегі байланыстар тұрақты сипатқа ие болған. Олар мемлекет басшылары деңгейіндегі қарым-қатынастар, үкімет басшылары тұрақты кездесулері және парламентаралық байланыстар шеңберінде дамуда.

Мемлекет басшылары арасындағы байланыстар тұрақты сипатқа ие және кемінде жылында үш рет өткізіледі (ресми іс-сапарлар, Шанхай ынтымақтастық ұйымы және Азия-тынық мұхиты ұйымы шеңберіндегі екіжақты контактілер). 2008 ж. өзінде Ресей президенті Д. Медведев пен ҚХР-дың төрағасы Ху Цзиньтаоның арасында бес кездесу өтті. 2008 ж. 23–24 мамырында Ресей президенті Д. Медведевтің Қытайға алғашқы іс-сапары болды. Келіссөздер нәтижесінде В. Медведев пен Ху Цзиньтао арасында Негізгі халықаралық мәселелер бойынша біріккен декларацияға қол қойылды. Сонымен қатар, 2008 ж. 9 шілдесінде Хоккайда аралында «Сегіздік тобының» саммиті шеңберінде, 27–28 тамыздағы Душанбедегі ШЫҰ-ның саммитінде, 15 қарашада Вашингтондағы «20 мемлекеттің» саммитінде және 23 қарашадағы АТЭҰ-ның Лимадағы саммитінде екіжақты кездесулер өз жалғасын тапты.

Ресей мен Қытайдың саяси қарым-қатынастарының тұрақты дамуында екі мемлекеттің үкімет басшылары деңгейіндегі кездесулердің рөлі зор. Бұл механизм 1996 ж. бері жыл сайын өткізіліп келеді. 2008 ж. 27–28 қазанында ҚХР-дың Мемлекеттік кеңестік премьері Вэнь Цзябаоның ресми сапары екі мемлекеттің арасындағы үкімет басшылары деңгейіндегі он үшінші кездесуіне айналды.

Екі мемлекеттің арасындағы саяси байланыстардың механизмінің қатарында парламентаралық қарым-қатынастар қарқынды сипатқа ие. Тұрақты негізде бейіндік комитеттер мен комиссиялар шеңберінде делегациялар арасындағы алмасу орын алуда. Сонымен қатар, екі мемлекеттің парламенттерінде Ресей-қытайлық достықтың депутаттық топтары құрылған. Ресей мен Қытай арасында стратегиялық қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес алмасу механизмі орнатылды. Осылайша, Ресей мен Қытайдың арасындағы саяси саладағы әріптестігі Қытайдың Ресейдегі елшісі Ли Хуэйдің атап өткендей: «Қытай мен Ресейдің жоғарғы басшылық, салалық байланыстар мен кеңестер шеңберіндегі тұрақты кездесулердің механизмдері жоғарғы деңгеймен, жетілген құрылымымен сипатталады. Олар тек Қытайдың сыртқы саясатында ғана емес, әлемдегі

жетекші мемлекеттердің арасындағы мемлекетаралық қарым-қатынастарда ерекше болып табылады» [6].

Ресей мен Қытайдың саяси байланыстарында мемлекет басындағы тұлғалар арасындағы жеке қарым-қатынастар маңызды рөлге ие. Ресейлік сарапшы Д. Тренин атап өткендей: «Мәскеудің қытайлық бағыттағы саясаты әр түрлі күштердің нәтижелік әрекеті ретінде жүзеге асады» [7]. Цзян Цзямин бастаған көптеген Қытайдың төрағалары Ресейде білім алған және елге жақсы көңілмен қарайды. Мұндай қарым-қатынас Ху Цзиньтао басшылығы кезеңінде де жалғасын тапты. 2005 ж. сәуірінде ҚХР-дың төрағасы Ху Цзиньтао алғашқы рет «біріккен үйлесімді әлемді құру» идеясын жариялады. 2007 ж. қазанында Қытайдың өз ішінде «үйлесімді қоғамды» және «үйлесімді әлемді» қалыптастыру туралы мәлімдеді. Бұл мәлімдеме елдің сыртқы саясатында да көрініс тапты. Жаңа сыртқы саяси тұжырымдамаға сәйкес Ресеймен қарым-қатынастарға айрықша мән берілді.

Ресей мен Қытайдың саяси деңгейдегі қарым-қатынастарының дамуында екіжақты бағдарламалардың рөлі зор. «Қытайдағы Ресей жылы» (2006 ж.) және «Ресейдегі Қытай жылы» (2007 ж.) шеңберінде екі мемлекеттің саяси көшбасшылары мен элиталарының кездесулері өтіп, бірлескен ынтымақтастық туралы жобалар дайындалды. 2007 ж. өзінде мемлекеттік деңгейде саяси сипаттағы 13 іс-шара өткізілді: Мәскеуде Ресей мен Қытайдың саяси партияларының форумы, екі мемлекеттің заң шығарушы органдарының арасындағы достық алмасулар, екі мемлекеттің заң шығару билігінің орталық және аймақтық органдарының симпозиумы және т.б. Саяси саладағы екі мемлекеттің байланысы олардың осы саладағы ынтымақтастығын жоғарғы деңгейде сақтауға мүмкіндік береді.

Ресей мен Қытайдың стратегиялық әріптестігі мен өзара әрекеттестігі екіжақты қарым-қатынастармен қатар, аймақтық және халықаралық қауіпсіздік мәселелерінде көрініс табуда. Ең алдымен, екі мемлекет те БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшесі ретінде әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатын жүзеге асыруда айрықша жауапкершілікке ие. Мәселен, Ресей мен Қытай Ирактағы АҚШ-тың соғысын осы ұйым шеңберінде қолдамайтындығын білдірді. Екі мемлекет те жаңа қауіптерге бірлесе әрекет етуге тырысады, халықаралық сахнада өзара тығыз әрекеттесуге тырысады. Қытай мен Ресей аса маңызды мүдделерді қамтитын негізгі мәселелер бойынша берік қолдауын білдіреді. Соның дәлелі, Ресей басшылығы «бір Қытай» саясатындағы Тайвань мен Тибет мәселесінде белсенді қолдауын көрсетеді. Өз кезегінде,

Қытай басшылығы да Ресейдің Шешенстанға қатысты ұстанымында түсіністігін байқатты. Сонымен қатар, Ресей мен Қытай Азия-тынық мұхиты аймағындағы халықаралық пен аймақтық ұйымдарда мүше ретінде халықаралық қатынастардың демократиялануы және әлемнің көпполярлы жүйесін қалыптастыруда маңызды күш орталықтарына айналды. Екі мемлекеттің аймақтық ынтымақтастығы, ең алдымен, АҚШ-тың ықпалына қарсы күш салмағы ретінде қарастырылады. АТА-дағы Азия-тынық мұхиты экономикалық қауымдастығында АҚШ басты рөл алып отыр. Дегенмен, Қытай да осы ұйым шеңберінде ірі экономикалық әріптеске айналды. ҚХР АТА-да өз экспортын 6,8 млрд. доллардан астам көлемге жеткізіп отыр. АТА-ның басқа елдері Қытайға тікелей капитал салымдарын жасауға мүдделі. Қазіргі таңда Қытай АТА-да көшбасшылыққа ұмтылуда. АҚШ пен Қытай арасындағы қайшылық туғызушы мәселе – бұл Спратли аралдарына иелікке қатысты мәселесі. АҚШ-тың Тайваньға қатысты ұстанымы да Қытай қарсылығына тап болды.

Ресей АТА-да маңызды экономикалық мүдделері бар. Қазіргі жоспарлар – Шығыс Сібір мен Сахалинде мұнай мен табиғи газ көздерін біріге игеруге байланысты. Екінші жағынан, Ресей мен Қытайдың әскери ынтымақтастығы, ресейлік қару-жарақтың АТА елдеріне сату фактілерін АҚШ Шығыс Азияда жаңа күш орталығын құру ретінде қарастыруда.

Азия-тынық мұхиты аймағында екі мемлекеттің ұстанымдарын нығайтуда Шанхай ынтымақтастық ұйымы, БРҰҚС (БРИКС), «Жиырма тобы», Ресей, Қытай мен Үндістанның арасындағы үшжақты келіссөздерінің рөлі артып отыр [8].

Ресей және Үндістанның арасындағы 2000 жылдан бері ресми жоғарғы деңгейдегі кездесулерден бастап ғылыми сарапшылар деңгейіндегі кездесулерге дейінгі байланыстардың арқасында үш мемлекет аймақтық қауіпсіздік қана емес, ғаламдық мәселелерде де ортақ шешімдер табуға әрі стратегиялық әріптестікке негізделген қарым-қатынастарды дамытуға ұмтылып отыр. Үндістан да Қытай секілді Ресейдің әскери қаруларына деген сұранысы есебінен осы мемлекетпен қарым-қатынастарды дамытуға мүдделі болып отыр. 2011 ж. 14 қарашасында Қытайда өткен үш мемлекеттің сыртқы істер министрлерінің кездесуінде тараптар АТА-дағы жаңа қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйесін құру туралы мәселені қайта көтерді.

Ресей мен Қытай Орталық Азия немесе посткеңестік аймақта да стратегиялық әріптестікті жүзеге асыруда. АҚШ-тың XX ғ. 90 жж. бері ресейлік шекараның батысында және Еуразияның оңтүстігінде

әскери қатысуын ұлғайта түсуде, Қырғызстандағы Манас базасының осы уақытқа дейін орналасуы, Өзбекстандағы 5000-даған американдық жауынгерлердің болуы, НАТО-ның кеңеюі елеулі әсер етеді. Сондықтан аймақтағы қауіпсіздік жүйесін нығайтуда Ресей мен Қытай Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберінде әрекет етуге ұмтылуда. 2001 ж. Шанхай ынтымақтастық ұйымы ретінде дүниеге келген бұл ұйым қазіргі уақытта ықпалды аймақтық ұйымға айналды. Әндіжандағы оқиғалар мен Қырғызстандағы Қ. Бакиев тұсындағы саяси тұрақсыздық ахуалында ұйым тарапынан біршама қолдау көрсетілді. 2007 ж. 9–17 тамыз аралығында ШЫҰ ауқымында кең көлемді ресей-қытайлық әскери жаттығулар өткізілді. Ұйым қызметінде экономикалық ынтымақтастық мәселесі өзекті сипатқа ие болды.

Қорытындылайтын болсақ, Ресей мен Қытайдың қарым-қатынастары стратегиялық әріптестігі және өзара әрекеттестігімен сипатталады. Бұл деңгейдегі байланыстар екіжақты экономикалық пен саяси салада, аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруда және халықаралық өзекті мәселелер бойынша ортақ ұстанымдарда болуында көрініс табуда. Сол себепті, екі мемлекеттің қарым-қатынастарын Ресейдің бұрынғы Сыртқы істер министрі Игорь Ивановтың сипаттағандай: «Бүгінгі таңда екі елдің байланыстары Қытай өнеріндегі дәстүрлі образдар – қарағай мен бамбук сияқты, олар әр түрлі болғанымен қоймай, тамырларымен берік байланысып, үйлескен тірі жүйені құрайды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Совместная китайско-российская декларация (1996 г.) // <http://russian.china.org.cn>
2. Договор о добрососедстве, дружбе и сотрудничестве между КНР и РФ (16/07/2001) // <http://russian.china.org.cn>
3. Маргелов М. Российско-китайские отношения: на высшей точке развития? // *Международная жизнь*. – № 9–10, 2003. – С. 38.
4. Душебаев А. Взаимоотношения Российской Федерации и Китайской Народной Республики // www.easttime.ru
5. Маргелов М. Российско-китайские отношения: на высшей точке развития? // *Международная жизнь*. – № 9–10, 2003. – С. 36–37.
6. Китай и Россия твердо поддерживает друг друга // *Российская газета – Федеральный выпуск*. – № 5603 (227), 11.10.2011.
7. Тренин Д. Китайская проблема России. – М., 1998. – С. 98.
8. Новые высоты китайско-российских отношений стратегического взаимодействия и партнерства // russian.china.org.cn

Қазақстан халқы Ассамблеясы ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылымдарының бірі ретінде

Айсұлу ХАЙРУЛДАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Халықаралық қатынастар
факультетінің магистранты

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекетке айналғалы да жиырма жылдан астам уақыт болды. Дербес мемлекет ретінде қалыптаса бастағаннан кейін, республикамыздың мемлекеттік белгілері айқындалғаннан кейін, яғни, тәуелсіздігі жарияланып, шекарасы белгіленіп, конституциясы қабылданғаннан кейін мемлекеттің функциялары да анықталды. Жаһандану үрдісінің екпінінің артуы Тәуелсіз мемлекетіміз үшін ішкі және сыртқы саясаттың салмағы пара-пар екендігін аңғартты деуге болады.

Мемлекеттің саясатының табысты болуы ұлттық мүдденің нақты тұжырымдалуына, сондай-ақ, ұлттық мүддені айқын түсіну мен жүзеге асыру әдістеріне байланысты. Мемлекеттің халықаралық аренадағы басым бағыттағы мақсаттарының арасында бірінші орында елдің қауіпсіздігі немесе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұрады.

Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы ұлттық мүдде тұжырымдалуынан келіп шығады, ал кеңірек мағынасында, қандай да бір мемлекет азаматтарының өз елдерінің әлемдік қауымдастықтағы орны мен ролі туралы көзқарастарынан келіп қалыптасады. Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы мемлекетті өзіне бағынышты қылу мақсатында шеттен енетін сыртқы және қоғамның жай-күйіне байланысты және қоғамның өз ішіндегі ішкі қауіп-қатерлерді есепке ала отырып құрылады.

Кең мағынасындағы қауіпсіздік – мемлекеттің барлық азаматтарының өзін-өзі жетілдіруі үшін, олардың өмірін, еркіндігі мен меншігін қорғауды қамтамасыз ету. Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, адамгершілік ахуалы, елдің ішкі саяси жағдайы мемлекеттің өз мүддесін қорғап қалуына, мемлекеттің қауіпсіздік жағдайына ықпал етпей қоймайды. Ұлттық қауіпсіздіктің геосаяси өлшеміне келсек, мемлекеттің физикалық тіршілік етуі, оның егемендігінің, территориялық тұтастығының қорғалуы мен сақталуы, кез-келген сыртқы әлеуетті қауіп-қатерлерге қарсы тұра алу қабілеті қауіпсіздік ретінде түсініледі.

Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы теоретиктерінің бірі У. Липпманның белгілегеніндей: «Ұлт, соғыстан қашу мақсатында өзінің заңды мүдделерін құрбандыққа шалмаған кезде қауіпсіздік жағдайында болады» [1, 56].

Ұлттық қауіпсіздік мемлекет пен қоғамның қорғалуының түрлі аспектілерін қамтиды:

- мемлекеттің физикалық тіршілік етуін, сыртқы және ішкі қатерлерден территориялық тұтастығын, беріктігін қамтамасыз етуге қабілеттілік;
- ішкі істерге сыртқы күштердің араласуынан кепілдікке ие болу;
- қоғамның өмір салтына қауіп төндіретін әлеуетті, көзге көрінбейтін қатерлердің алдын алу.

Басқаша жеткізгенде, қауіпсіздік мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ету. Мемлекетаралық қатынастар контекстінде өмір сүру дегеніміз халықтың өмір салтын сипаттайтын ортақ құндылықтарды тасымалдаушы және жүзеге асырушы ретінде ұлттық мемлекеттің сақталуын білдіреді. Ұлттық қауіпсіздік жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерінің қорғалу жағдайы ретінде ұлттық мемлекет күшеюіне бағытталған шешімдер мен саяси курстарды жоспарлайтын, қабылдайтын және бағалайтын әдістерді, формалар мен жолдарды қамтиды.

Ұлттық қауіпсіздіктің жоғарыда көрсетілген тұжырымдамалары біздің мемлекетіміз үшін бөтен емес. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы» [2].

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі ең алдымен жас, тәуелсіз мемлекетіміздің егеменділігін, саяси тұрақтылығын, ішкі бірлігін сақтау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік туралы заңының 5-бабында көрсетілгендей: «...конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде Қазақстан Республикасының бірегей құрылысына, тұтастығына, қол сұғылмаушылығына, аумағының бөлінбестігіне қиянат келтіретін іс-әрекеттер; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рұқсат етілмеген жиналыстардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тосқауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі» республикамыздың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіреді екен [2], яғни, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекетімізге сырттан басып кіретін жаудан қорғану ғана емес, мемлекет құрылымына сызат түсіретін оғаш қимыл-әрекеттердің барлығының алдын алу болып табылады екен.

Сондай-ақ, мемлекетіміздің ұлттық мүддесі анықталғанда да, «...адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету; елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау; қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту; Қазақстан қоғамының материалдық және рухани құндылықтарын сақтау мен еселей түсу; Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының, оның ішінде мемлекеттік тәуелсіздігінің, тұтастығының, мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылық пен ел аумағының бөлінбестігінің бұлжымас беріктігі» [2] басым сипат алады екен.

Көпэтносты Қазақстандағы этносаралық келісім еліміздің тұрақты әрі демократиялық бағытта дамуының маңызды факторы болып табылады. Этносаралық татулық қоғамдық келісімнің қажетті талабы, ұлттық қауіпсіздіктің алғышарты және еліміздің сыртқы саяси қызметінің базалық негізі болып табылады деп толық сеніммен айта аламыз. Себебі, жоғарыда аталып өткен Ұлттық қауіпсіздік туралы заңның 19-бабында ҚР ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бір саласы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету деп көрсетілген, ал қоғамдық қауіпсіздік азаматтардың жеке қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін нығайтуға; қазақстандық патриотизмге және ұлтаралық татулыққа негізделген жалпыұлттық психологияны қалыптастыруға; Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға және т.б. бағытталған шешімдермен және іс-

әрекеттермен анықталады [2] және Қазақстан халқының бірлігін бұзуға және ұлтаралық қатынастар жай-күйін нашарлатуға; елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты бұзуға заңмен тыйым салынған.

Қазақстан Республикасындағы этносаралық төзімділік пен «саналуандықтағы бірлік» мемлекетіміздің әлемдік қауымдастық алдындағы бетке ұстар ерекшелігіне айналды. Қазіргі жаһанданушы әлемде моноэтносты мемлекеттер жоқтың қасы, бар болса да ол абсолютті мәнде емес, салыстырмалы сипатқа ие. Сондықтан біздің мемлекетіміздің полиэтностық сипаты халықаралық қауымдастық үшін жаңалық емес. Дегенмен де қазіргі ғаламдық проблемалардың ең өзектілерінің бірі этносаралық, дінаралық дау-жанжалдардың өршіп, шешімін табуы тығырыққа тіреліп тұрған кезеңде Қазақстандағы 130 дан астам этнос өкілдерінің татулық пен ынтымақта өмір сүруі оның әлемдік саясатта өз орнын табуына, мемлекетіміздің тұрақты дамуына, ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне жағдай жасап, өте үлкен мүмкіндіктер берді деп айтуымызға толық негіз бар. Ал Қазақстандағы этносаралық татулық пен бірліктің орын алуы мемлекет тарапынан бастапқы кезден-ақ орнықты жүргізілген саясаттың нәтижесі. Егемендіктің алғашқы жылдарында-ақ еліміздегі этносаралық қатынастар мәселесі бойынша ҚР Президенті Н. Назарбаев: «...ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қауымдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды», – деп атап көрсеткен еді [3].

Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының мақсаты – қоғамды ұйыстыру, бірлікті және қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру болса, Қазақстан Республикасының этноұлттық саясатының бірегей құрылымы Қазақстан халқы Ассамблеясы болып табылады. 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан Республикасында қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты нығайту мақсатында ҚР Президенті жанынан консультативтік кеңесші орган ретінде құрылғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекетіміздің тәуелсіздігінің нығайып бекуіне, мемлекеттегі саяси тұрақтылыққа себеп болды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы ішкі саясаттың тұрақтануы ғана емес, мемлекеттің сыртқы саясатында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де аз ықпал еткен жоқ.

Жиырмамыншы ғасырдың аяғы жиырма бірінші ғасырдың басында этносаралық қатынастардың жай-күйіне әсер ететін төмендегідей жаңа сыртқы факторлар пайда болды:

- этноконфессиялық белгі бойынша геосаяси жікке бөліну ықтималдылығы;
- бұқаралық сана төзімділігінің төмендеуі;
- гуманитарлық апаттардың мүмкіндігі;
- босқындардың бақылаусыз ағынының пайда болуы;
- шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары, елдің заңдарын сақтамайтын діни бірлестіктер арқылы тобырлық мәдениет пен қазақстандық ділге жат мінез-құлықтардың таралуы;

- конфессиялар мен этнобағдарлы ұйымдардың саясаттануы.

Жоғарыда аталған қауіп-қатердің барлығы да мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттегі саяси тұрақтылыққа нұқсан келтіретін факторлар болып табылады. 2002 жылғы «Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясында (2011 жылға дейін)» ұлтаралық қатынастардың тұрақсыздығына ықпал ететін факторларға байланысты төменде аталған жұмыстарды атқаруды алдына міндет етіп қойған:

- Азаматтық біртұтастық, қазақстандық патриотизм, рухани-мәдени өзара іс-қимыл мен ұлтаралық қатынастардың үйлесімділігі негізінде қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту;

- Қазақстандық ұлтаралық қатынастардың жай-күйіне сыртқы қатерлер мен әсерлер ықпалын жою болса, оларды атқаруда халық пен мемлекет мүддесінің басымдығы; мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, ұлттық, рулық және діни алауыздықты тұтандыруға, өшпенділік пен алауыздыққа бағытталған іс-әрекеттердің алдын алу және т.б. принциптерді алға қойған болатын [4]. 2002 жылы 26 сәуірде қабылданған Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ережеде де жоғарыдағы міндеттер нақтыланып, кеңейе түскен.

Қазақстан халқы Ассамблеясын ҚР Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету құрылымдарының бірі ретінде санауға толық негіз бар және ол құжаттық сипаттада де дәйектелген. Ассамблея қабылданған нормативтік құжаттарға сай өз жұмысын жалғастырып, қоғамдық тұрақтылықты, саяси тұтастықты нығайтуға қызмет етіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызметі, үлесі кезең-кезеңімен жалғасып, кеңейе түскендігінің дәлелі 2008 жылы 20 қазанда қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңы дәлел бола алады. Аталмыш заңда:

- Қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

• Халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негізін қалаушы құндылықтар бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

• Қоғамдағы экстремистік және радикалистік әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу және т.б. Ассамблеяның негізгі міндеттері деп көрсетілген [5].

Қазақстан халқы Ассамблеясының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіндік орны, үлесі бар құрылым екендігі тек қабылданған стратегиялармен, ережелермен, заңдармен ғана өлшенбейді, олар Ассамблеяның осы бағыттағы іс-әрекеттеріне нұсқау беретін бағдар ғана болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясына балама ұйымдар басқа посткеңестік мемлекеттерде кеңестік кезеңде құрылған және өз қызметтерін шартты түрде әлі күнге дейін жалғастырып келе жатқанымен де, Қазақстан халқы Ассамблеясы сияқты қызметін жоғары дәрежеде атқарып жүрген құрылымдар жоқ деуге болады. Алысқа бармай-ақ, көршілес қырғыз еліндегі 2010 жылы орын алған дүрбелең кезінде қырғыздар мен өзбектер, қырғыздар мен орыстар арасындағы қайшылықтардың Қырғыз Республикасындағы жағдайды ушықтыра түскенін айтсақ та жеткілікті. Сондықтан Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ары қарай жетілдіріп, мемлекеттер тұтастықты, этносаралық татулықты, қоғамдық келісімді нығайтудың, дамытудың құралы ретінде жетілдіріп, қазіргі таңдағы кемшіліктерінен арылтып ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құрылымдардың бірі ретіндегі қызметін тереңдете түсу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Возжеников А. В. Национальная безопасность: теория, политика, стратегия. – М.: НПО «МОДУЛЬ», 2000.
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы // <http://www.unesco.kz>
3. Тоғжанов Е.Л., Кан Г.В., Корбков В.С., Шаяхметов Н.У. Қазақстан халқы Ассамблеясы: Тарихи очерк. – А.: «Раритет», 2010.
4. Қазақстан халқы Ассамблеясының орта мерзімді кезеңге арналған стратегиясы (2011 жылға дейін) // <http://www.assambly.kz>
5. Қазақстан Республикасының Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы заңы // Егемен Қазақстан. – 21 қазан 2008 жыл.

Қазақстан Республикасында білім беру мекемелерін басқару

Саят ШАЯХМЕТОВ,
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым вице-министрі

Білім зияттық қана емес, сонымен бірге қоғам өркендеуінің экономикалық базасын құратын маңызды сала болып табылады. Мына дерек айқын: экономикалық даму деңгейі бойынша мемлекет неғұрлым жоғары тұрса, соғұрлым білімге көбірек назар аударып, соғұрлым осы адамгершілікті қызмет саласына көбірек қаржы бөлінеді. Мысалы, Америка Құрама Штаты өзінің жалпы ұлттық өнімінің 8 пайызынан астамын, Жапония – 6,5, Ұлыбритания – 5 пайызын жұмсайды.

Білімді реформалаудың ең бір сындарлы нұсқалары – бұл оқу процесі сапасын жақсарту жөніндегі күштерді мына жолмен шоғырландыру: әкімшілік оқу орындары, оқытушылар, студенттер арасындағы шарттық қарым-қатынастарды жетілдіру; білім туралы заңға мамандарды бөлудің конкурстық жағдайларын, даярлау сапасының стандарттарын, жана оқу мекемелерін ұйымдастырудың (ашудың) дәл шарттарын енгізу.

Тұтасымен алғанда, білімді басқару – білім жүйесін дамыту және іс-қимыл жасауын, ұйымдастыруын қамтамасыз ету жөніндегі орталық және жергілікті орындаушы органдар мақсатқа бағытталған қызметі. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы, елімізде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформа, нарықтық қатынастың кенеюі білім саласында жаңа басқару механизмі өту қажеттілігі шарттылығын тудырды. Жаңа механизмнің мәні, ең алдымен, мемлекеттік орган монополиялары және олардың шектен тыс әкімшілік билігін тарату, білім беру мекемелерінде барлық тараптары қызметін реттеудің жоспарлы нұсқауларынан

бас тарту болып табылады. Білім жүйесін басқарудың мемлекеттік-қоғамдық сипаты бар.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді, ал оны іске асыруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі нормативтік-құқықтық актілерді, білім мәселесі жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды дайындап және бекітеді; осы салада министрліктер, өзге де мемлекеттік органдар қызметіне басшылықты жүзеге асырады; республикалық бюджеттің орындалуын, оның ішінде білім бойынша іс-шаралардың қаржыландырылуын дайындап және бекітеді; білім мекемелерінде оқитын азаматтардың әлеуметтік қорғау жағдайы мен жүйесін анықтайды; білімнің бірыңғай стандарттар жүйесін белгілейді; білім саласында Қазақстан Республикасы заңының орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді, білім саласында халықаралық қарым-қатынасты жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі білім саласында тікелей басқаруды қамтамасыз ететін республикадағы орталық орындаушы орган болып табылады. Білім және ғылым министрлігінің міндеті мен қызметі осы орган туралы Ережеде белгіленген.

Олардың ішінде бастысы және ең мамандандырылғаны: білім саласында мемлекеттік саясатты іске асыру және қалыптастыру; білімге мемлекеттік бюджеттік қаржы бөлу нормативтерін әзірлеу; мемлекеттік емес (жеке) білім мекемелері үшін үлгілі (типтік) және барлық мемлекеттік үшін міндетті болып табылатын жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарын, ережелерін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту; мүдделі министрліктер және ведомстволармен біріге әзірлеп және білім және жоғары оқу мекемелер ғылымы облысында мақсатты халықаралық бағдарламаларды іске асыру; лицензиялауды, аттестаттауды және білім мекемелеріне қаржы бөлуді, ведомстволық тиістілігі мен меншіктік нысанына байланыссыз жүргізу болып табылады.

Сонымен қатар, Білім және ғылым министрлігі мемлекеттік білім мекемелеріне қабылдаудың жалпы тәртібі мен жоспарын айқындайды; магистратура мен докторантуралар ашып, мемлекеттік мекемелер және тиісті қосымша білім мекемесінде олардың қызметін тоқтатады; Үкіметке мемлекеттік білім мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру, атын өзгерту және тарату туралы ұсыныс түсіреді; білім мәселесі жөнінде халықаралық шарттар жасайды, сонымен

қатар басқа да бірқатар қызметті жүзеге асырады. Жергілікті орындаушы органдар арқылы министрлік білім басқарудың аумақтық органдарының ғана емес, сонымен бірге білім беру мекемелерінің де қызметін үйлестіріп отырады.

Түрлі тұрпаттағы білім мекемелерінің едәуір бөлігі басқа салалар мен басқару министрліктері мен ведомстволарға бағынықты. Көрсетілген білім мекемелеріне қатысты жалпы әдістемелік басшылық Білім және ғылым министрлігінің өзінде қалады.

Білім саласында іс-қимыл жасау және тиімділігін арттыру мақсатында, оның сабақтастығы мен үздіксіздігін есепке ала отырып, бірыңғай мемлекеттік білім саясатын жүргізу, Қазақстан Республикасы Үкіметі салалық министрліктер мен ведомстволарды оларға тән емес оқыту қызметі мен мамандар даярлаудан біртіндеп босата отырып, материалдық және оқу-өндірістік базасы бар бірқатар оқу мекемелерін Білім және ғылым министрлігіне беру туралы қаулы қабылдады.

Облыс (қала) аумағында білім басқаруды қамтамасыз ететін арнаулы құзырлы орган Білім басқармасы болып табылады. Бұл органдардың іс-әрекеті арнаулы ережелермен реттелінеді, ал олардың қызметі жергілікті орындаушы органдар қызметінен туындайды. Бұдан басқа олардың қарауына білім объектілерін салу; мемлекеттік емес білім мекемелерін тіркеу; мемлекеттік білім стандарттары, сонымен қатар басқа да біршама ерекше қызметтер мәселелері бойынша, меншік нысанынан байланыссыз өз құзыры шегінде білім мекемелері іс-әрекеті сияқты мәселелер кіреді.

Білім саласында жергілікті органдардың мемлекеттік басқару құзырына заң шек қоймайды. Олардың бәрі өзіне қарасты аумақтарда міндетті түрде орта білім алуға азаматтардың конституциялық құқықын жүзеге асыруға жауапты. Жергілікті орындаушы органдар, білім бөлімдері Департаменттер (басқармалар) арқылы өз қызметін орындай отырып, мына мәселелердің шешімін қамтамасыз етеді: білім саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында білім мекемелерінің іс-әрекетіне бақылауды ұйымдастыру; мемлекеттік оқу-тәрбиелік мекемелерін құру, қайта ұйымдастыру және тарату; меншіктің түрлі нысанындағы білім мекемелерінің білім қызметін жүргізу құқығына өз құзыры шегінде лицензия беру.

Жергілікті органдардың ерекше құзырына білімді қаржыландыру мәселесіне байланысты өкілеттігі жатады. Мемлекеттік басқару органдар жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаға байланысты, көптеген өкілеттілікті орталықтан аймақтық деңгейге беру арқылы жергілікті

органдар құқын кеңейту бағыты белгіленді. Міне солай, мысалы, білім саласында мемлекеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі балама көздерді іздестіруді ұйғарады. Осыған байланысты, аймақтық деңгейде мемлекеттік емес қосымша қаржыландыру көзін мақсатты бағытта іздеп табатын, білімді қолдау жөніндегі қорлар құруға тура келеді.

Білім жүйесін басқару мемлекеттік-қоғамдық сипатта болуына қарай, білімді басқаруға қоғамдық ұйымдар қатысады. Олардың жүргізуіне мектепке дейінгі балалар мекемелері, бастауыш кәсіби, орта кәсіби және жоғары кәсіби білім мекемелері кіреді. Қоғамдық ұйымдар мектепке дейінгі тәрбиеге, сонымен қатар, білімді басқаруға қатыса отырып, негізінен оқу және тәрбие процесстерін жетілдірудегі жәрдемдесу қызметін орындайды.

Білімді басқарудағы ерекше рөл кәсіподақ сияқты, қоғамдық ұйымдарға тиесілі. Салалық кәсіподақтар стипендия мөлшерін тиісті күнкөрістің ең төменгі деңгейіне жеткізуге және оның заңмен қарастырылғандай, уақытылы төленуіне; білім қызметкерлерінің жағдайына лайықты еңбекақысын төлеу жүйесін іске асыруға; оқу және еңбек жағдайларының қауіпсіздігі мен саламаттылығын жасауға; кәсіби шеберлік және біліктілігін жоғарлатуға күш салады.

Білім беру процессін жүзеге асыратын ұйым білім беруші деп аталады, яғни оқып жатқандар, тәрбиеленушілер тәрбиесі мен күтімін қамтамасыз ететін және (немесе) бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асырушы. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының қызметі білім туралы заңмен және оның негізінде дайындалған жарғылармен реттелінеді. Білім беру мекемелерінің мемлекеттік мәртебесі оның тіркелуі кезінде белгіленеді.

Жалпы білім беру мекемелері үздіксіз білім жүйесінің негізгі буыны және Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына мемлекет кепілдік берген құқығы мен мемлекеттік стандарт шегінде тегін орта білімалу мүмкіндігі болып табылады.

Қазақстанда толық орта білімнің жаңа нысандары: жеке пәндерді тереңдете оқыту мектептері, лицейлер, гимназиялар, жеке мектептер өріс алды. Жалпы білім беру мекемелерін басқару Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес және демократиялық қағидасындағы, ашықтық, адам денсаулығы мен жалпы адамзаттық құндылықтар басымдылығы, тұлғаның еркін дамуы жалпы білім беру мекемелерінің Жарғысымен жүзеге асырылады.

Білім беру мекемесінің жалпы басшылығын сайланбалы уәкілдік орган – Мекеме кеңесі жүзеге асырады. Кеңесті сайлау тәртібін және

оның құзіреті туралы мәселелері жалпы білім беру мекемесінің Жарғысымен анықталады. Жалпы білім беру мекемесіне тікелей басшылықты, білім басқару органдары тағайындаған директор жүзеге асырады. Директор Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және басқа да нормативтік актілер белгілеген іс-әрекеті міндеттеріне сәйкес мемлекет, қоғам және құрылтайшылар алдында өз қызметіне жауапкершілік атқарады. Мекеме кеңесі мен директор арасындағы өкілеттілікке шек қою жалпы білім беру мекемесінің Жарғысымен анықталады. Мектепті басқару жүйесін демократияландырудың заманауи процессі, басқару үшін қатыстырылуға тартылған адамдар санының артуына әкеледі. Тек директор ғана емес, оның орынбасарлары, әдістемелік бірлестіктер жетекшілері және сынып жетекшілері де басқарады. Мұғалім сабақта білімді игеру процесін басқарса, ал шәкірт өз оқу қызметін меңгереді.

Алғашқы кәсіби білім кәсіптік-техникалық мектептерде алынады да және жалпы орта біліммен үйлестіріледі. Кәсіптік-техникалық мектептер жалпы орта білім жүйесінің оқу мекемелері болып табылады.

Кәсіптік-техникалық оқыту, сонымен бірге, тікелей өндірісте, курстарда, оқу-курстық комбинаттарда, оқу орталығында және басқа да жұмысшыларды даярлау нысандарында жүзеге асырылады. Орта арнаулы білім толық орта білім базасында жүзеге асырылып және орта буын кәсіби білікті мамандарын даярлау, сонымен қатар, кадрлардың біліктілігін жетілдіру мен қайта даярлау мақсатында жүргізіледі. Арнаулы орта оқу мекемелері (колледждер) жоғары оқу жүйесінде жұмыс істейді. Осы тұрпаттағы оқу мекемелеріне жалпы басшылықты Кеңес, ал тікелей басшылықты – тиісті аттестаттаудан өткен директор жүзеге асырады.

Жоғары білім – үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды құрылымдық буыны болып табылады. Жоғары оқу мекемелерінің қызметі мен ұйымдардың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздері Қазақстан Республикасының «Жоғары білім туралы» Заңында белгіленген. Жоғары оқу орындарында сипаты мен көлемі, мазмұны және оқыту мерзімі бойынша кәсіби білім беру бағдарламаларындағы сабақтастық іске асырылуы мүмкін, олардың игерілуі жоғары білім деңгейіне сәйкестігі туралы құжаттармен куәландырылады.

Жоғары білімнің көпдеңгейлік құрылымы тұлғалардың әралуан мәдени-білім беру сұранымын қамтамасыз етуде жоғары мек-

теп мүмкіндігін өрістетуге, экономика және еңбек нарығының өзгермелі қажеттігін есепке ала отырып, мамандардың кәсіптік, ғылыми және жалпы мәдени даярлығын жетілдіруге бағытталған. Жоғары білімнің мұндай құрылымы түрлі мүдделерді есепке ала отырғанда, білім алу құқығын реттеудің құқықтық сипатына әсер етеді. Мысалы, жоғары медициналық білім мамандарын даярлау, басқа да кейбір мамандықтар сияқты, тек қана теоретикалық емес практикалық дағдыларды талап етеді. Міне осылар арқылы, іс-тәжірибелік стационарлық емдік мекемелерін (емдік мекемелерімен біріктірілген, кафедра) оқу процесіне тарту болып түсіндіріледі.

Бұдан басқа, жоғары оқу мекемелерін басқаруда, жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын нығайту мәселесі ғана емес, сонымен бірге, оқыту мазмұнын шешуге мүмкіндік беретін келісім-шарт нысандарын белсенді қолдана бастады. Жоғары оқу мекемелері тек оқу ғана емес, ғылыми ұйым да болып табылады. Республикамызда жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының жартысынан көбі жоғары оқу мекемелерінде орындалады. Бұл жұмыстар теоретикалық және қолданбалы мәселелерді, оқулықтар мен оқу құралдарын дайындау, ғылыми-әдістемелік сипаттағы жұмыстарды әзірлеу.

Мемлекеттік жоғары оқу мекемелерін басқару Ережемен регламенттелінеді, осыған сәйкес мемлекеттік жоғары оқу мекемелерін басқарудың жоғары органы Ғылыми кеңес болып табылады. Ғылыми Кеңестің құрамы, оның міндеттері, өкілеттілігі және қызметінің басқа да мәселелері жоғары оқу мекемелері Жарғысымен анықталады. Жоғары оқу мекемесіне тікелей басшылықты ректор жүзеге асырады.

Жоғары оқу мекемелерін басқарудың тиімділігі тек қана жоғары оқу мекемелері бөлімшелері жетекшілерінің анық белгіленген құқықтары мен міндеттерінде ғана емес, студенттердің өзін-өзі басқару органдарының, студенттерінің өздерінің қоғамдық істер мен оқу-ғылыми процеске белсенді қатысуына байланысты. Жоғары мектептің даму жағдайында педагогтар мен студенттер, әкімшілік пен студенттік өзін-өзі басқару аралығындағы қарым-қатынас мазмұнын іргелі өзгерту жөніндегі міндеттер тым өткір тұр.

Мемлекеттік білім секторымен қатар, мемлекеттік емес білім жүйесі қалыптасады. Қазақстан Республикасының Үкіметі оларға жеңілдік жағдайлармен үй-жай және материалдық базаларды жалға беру арқылы қолдау жасайды. Бұл мекемелер білім туралы

мемлекеттік қамқорлықтың белгілі бір үлесін өздеріне алып, сөйтіп бюджет шығындарын азайтады.

Білімнің мемлекеттік емес мекемелері олардың құрылтайшы шешімдері бойынша құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады. Білімнің мемлекеттік емес мекемелерінің қызметі өз бетімен, дайындалған Жарғылар негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік емес мекемеге тікелей жетекшілікті оның құрылтайшысы тағайындаған ректор (директор, меңгеруші) жүзеге асырады.

Ресей Федерациясының басқару жүйесіндегі саяси менеджмент

Бекен МАХМУТОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының PhD докторанты

Мемлекеттік саясатта саяси менеджменттің жүйесі мен тәсілдерін ендіру мен қолдану мәселелерін зерттеу Ресейдің саяси ғылымындағы маңызды міндеттердің бірі саналады. Бұған саяси менеджмент мәселесіне көптеген ресейлік саясаттанушылардың зерттеулерінде ерекше көңіл бөлінуі дәлел. Құқықтық демократиялық мемлекет құруды паш еткен 1993 жылғы Ресей Федерациясының Конституциясы әкімшілік басқару мен дау-жанжалдарды шешуге дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар жаңаша қоғамдық-саяси әдістерді де қолдануды қарастыратын саяси менеджментті жоғары деңгейде игеруге толық негіз салып берді.

Ресейде жүзеге асырылып жатқан қазіргі заманғы әкімшілік реформалар ел конституциясының әлеуеті мен мүмкіндіктерін іске асыруға, барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесуін, демократияландыруды тереңдетуге, азаматтардың саяси өмірге қатысуын жандандыруға бағытталған. Саяси-әкімшілік басқаруды реформалау бүгінгі әлемдік өркениеттің шынайылығына айналған постиндустриалды, яғни жоғары технологиялық ақпараттық қоғамның талаптарына сай болу үшін аса қажет. Батыс елдеріндегі жүргізілген заманауи әкімшілік реформалар мемлекеттік басқару жүйесін ұйымдастырудағы көптеген жаңа әдіс-тәсілдердің туындауына алып келді. Олар көбінесе қоғам өміріндегі мемлекеттің рөлін қайта қараудан, бұқаралық сектордың коммерциялануы мен менеджураландыруына, үкімет құрылымының қызметтік трансформациялануына т.б. ілесе отырып өмірге енген жаңа әдіс-

тәсілдер болатын. Электрондық үкімет үлгісінің саяси өмірге енуі де осы сияқты жаңа әкімшілік реформалардың ауқымында жүзеге асырылғанымен, электрондық үкімет жүйесін құру іс жүзінде көбінесе бұрыннан қалыптасқан бюрократиялық рәсімдеуді ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып жетілдіруді ғана қамтиды. Яғни, әкімшілік қайта құрулар дәстүрлі веберияндық модельдің шегінен шықпай, бюрократиялық аппарат жұмысының негізгі принциптері өзгеріссіз қалды. Электрондық үкіметті құрудың мұндай стратегиясы тым қарапайым ғана болатын: қандай да бір үкіметтік функцияны (лицензия алу, айыппұл төлеу т.б.) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы (интернет-сайт, электрондық пошта т.б.) жүзеге асырсақ, соңғы нәтиже – жекелеген үкіметтік функцияның орындалуын e-government деңгейіне шығады.

Ресейдегі саяси реформа біртұтас демократиялық полиэтникалық мемлекет құру және соған сәйкес басқару жүйесін қалыптастыруға байланысты көптеген проблемаларды шешуге, мемлекеттік органдардың қызмет ету тәсілдерін жаңаландыруға қабілетті екенін де айта кеткен жөн. Алайда әзірше саяси басқарудың ескі моделі толып жатқан объективті және субъективті себептерге орай толық жойылмай отыр, ал саяси менеджменттің перспективті моделі әлі толық басымдыққа ие болған жоқ. Осыған байланысты саяси менеджмент негізінде саяси басқаруды жетілдіру мәселесіне, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам құрылымдарының арасындағы принципіалды жаңа өзара қарым-қатынастарын қалыптастыруға қызығушылықтың артуы заңдылық. Мұндай бағытта белсенді қызмет ету тек орталық федералдық билікте ғана емес, федеративтік субъектілерде де барынша жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда Ресей Федерациясы Президентінің өкілетті өкілдерінің институты ерекше орын алатынын атап айтқан жөн, олар Ресейдегі федеративтік қатынастардың жеделдеуіне, ресейлік тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени жағдайларға үйлесімді болатындай орталық пен аймақтардың арасындағы қарым-қатынастың бекуіне шынайы ықпал етуде. Ток етерін айтсақ, Ресей Федерациясындағы саяси менеджменттің қалыптасуы мен нығаюы бүкіл билік вертикалын жоғарыдан төменге дейін қамтып жатыр: орталық федералдық заң шығарушы, атқарушы билік органдарын, мемлекеттік жергілікті басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тұтасымен қамтып, солтүстік көршіміздің мемлекеттік басқару жүйесі менеджуралдық әдістерге сүйене отырып бірте-бірте жақсарып келеді.

Жалпы алғанда, саяси менеджменттің құрылымын құрайтын элементтік жүйесі үш ірі қоғамдық сегменттің – мемлекет, бизнес пен азаматтардың (халықтың) өзара әрекеттесуіне негізделген. Ал азаматтық қоғамның институттары бизнес пен халықтың мақсат-мүдделерін білдіру мен қорғаудан туындайтыны ескеріле келе, олар арнайы сегмент түрінде есептелмеген.

БҰҰ «Даму бағдарламасының» құжаттары «governance» терминінің мағынасын былайша көрсетеді: тікелей аударғанда «жақсы басқару», яғни, экономикалық, саяси және әкімшілік биліктің мемлекеттік қызметтің барлық деңгейлердегі басқаруының тәжірибесі. Бұл ұғым азаматтар мен әлеуметтік топтардың өзіндік мүдделерін білдіретін, заңды құқықтарын жүзеге асыратын, міндеттемелерін орындайтын саяси тетіктерді, процестер мен институттарды біріктіреді.

«Жақсы басқарудың» шешуші сипаттамаларына:

- саяси қатысу (барша азаматтар саяси шешімдер қабылдауда дауысқа ие – тікелей немесе олардың мүддесін білдіретін өкілдік легитимді институттар арқылы. Мұндай қатысу түрі ассоциацияларға бірігу құқығы мен сөз еркіндігіне, сондай-ақ жасампаз диалогқа түсуге сүйене отырып жүреді);

- құқықтың үстемдігі (құқық қорғау құрылымдарының адалдығы, әділдігі);

- мөлдірлік (ақпарат еркіндігі, оның толықтығы мен баршаға қол жетімділігі);

- сезімталдығы (барлық мемлекеттік институттар азаматтардың мұқтаждықтарын қанағаттандыруға дайын болуы);

- келісімге бағытталуы (қоғамдағы мүдделер тепе-теңдігін табуға тырысу);

- әділеттілік (барша азаматтардың заңдылықты сақтай отырып, өздерінің әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндігі бар)

- нәтижелілік пен шешімділік (азаматтардың қажеттіліктерін өтеу үшін ресурстарды барынша тиімді пайдалану);

- есеп берушілік (үкімет, бизнес және азаматтық қоғам құрылымдары бұқара қауым алдында және құқық қорғау органдарына жауапты);

- стратегиялық көрегендік (лидерлер мен халық басқарудың ұзақ мерзімді келешегі мен болашақтағы дамудың нұсқасын жоспарлап, болжап және оларды нақты жүзеге асыру жолдарын біледі) [1].

Сонымен қатар, «governance» конституциялық құндылықтарды сақтауға арналған билік пен беделді қамтамасыз ету мен бөлу деген түсіндірмелер де кездеседі [2].

Бұл тұрғыда Қазақстан-2030 стратегиясындағы жеті басым бағыттың бірі – кәсіби мемлекет құру деп анықталған. «Жақсы басқаруды» тежеуші факторлар анықталған: «...әлеуметтік экономикалық өмірдегі дағдарысты құбылыстардың негізгі себептерінің бірі – министрліктер мен ведомстволар арасында үйлестірудің болмауында екенін айтып жату артық. Нақтылы міндеттерді шешу жолындағы жауапкершілік көлемінің бір-біріне сәйкес келмеуі, функцияларды қайталау және жең ұшынан жалғасу сан-түрлі кедергілерге және бюрократиялық ішараздыққа, қағазбастылық пен ұжымдық жауапсыздыққа әкеліп соғады» делінген [3].

Саяси менеджмент бұл тұрғыда тек саяси реформаның әкімшілік мақсаттарын шешудің құралы ғана деп қарастырылмайды, сондай-ақ ол дамудың стимулы.

«Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметін реформалау» федералдық бағдарламасы қабылданып, мемлекеттік азаматтық қызметті жетілдіру процесі қарқын алды. Сол кездегі Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің тапсырмасы бойынша үкімет жүзеге асырылатын реформаның тұжырымдамасын әзірлеп, аталған бағдарламаны нақты іске асырудың басымдылықтары мен ішаралар кешені айқындалған тиянақты жоспар жасалды. Оның ізін ала қажетті құқықтық-нормативтік база дайындалып, нәтижесінде Мемлекеттік Дума «Ресей Федерациясы мемлекеттік қызметінің жүйесі туралы» федералды заңды қабылдады. Ал Ресей Федерациясы Президентінің 2004 жылғы 16 шілдедегі № 910 жарлығымен Президент жанынан Мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі комиссия құрылды. Комиссия ауқымында үш ведомствоаралық жұмыс тобы – мемлекеттік қызмет, сараптау және бақылау жөніндегі жұмыс топтары қызмет етті. Олар РФ Президентіне мемлекеттік қызметті реформалауға бағытталған ұсыныстар мен заң жобаларын әзірлеп берумен айналысты.

2005 жылғы 31 қаңтарда «Ресей Федерациясындағы мемлекеттік азаматтық қызмет туралы» Федералды заң қабылданды. Бұл заңды толық жүзеге асыру мақсатында Ресей Президенті қосымша 22 жарлық шығарса, Ресей Үкіметі 7 қаулы қабылдады. Мұның барлығы мемлекеттік қызметті құқықтық реттеудің негіздерін нығайтуға бағытталған іс-шаралар болатын. Сарапшылар көрсеткендей, бұл заң аймақтық және федералдық деңгейлерде толыққанды жүзеге асуы үшін әлі 30 тарта құқықтық-нормативтік актілер қабылдау қажет екен.

Жалпы алғанда, Ресейдегі мемлекеттік басқаруды менеджериалдық үлгіде реформалау үш бағытта жүрді: 1) мемлекеттік қызметті реформалау; 2) әкімшілік реформа; 3) бюджеттік реформа, яғни, нәтижеге бағытталған бюджеттік қаржыландыруға көшу. Бұл үш бағыт бірігіп, мемлекеттік басқаруды реформалауды жүзеге асырудың кепілі саналды.

Жаңа заңға сәйкес, мемлекеттік қызмет саласына енген жаңалықтар: бір де бір мемлекеттік органға шенеунік конкурстан тыс қабылдана алмайды, ал жасалған еңбек келісім-шарты бойынша шенеуніктердің еңбекақысы жұмыстың нәтижелігіне тікелей байланысты. Сонымен қатар бұрын мемлекеттік қызметкерлер атқарып келген бірқатар қызмет түрлері арнайы агенттіктерге (сараптау, талдау, маркетингтік, ақпараттық, ғылыми-зерттеу т.б.) өтті, ондай агенттіктердің қызметкерлері мемлекеттік емес, азаматтық тұлғалар. Яғни, мемлекеттік азаматтық қызмет атқарушылар болып табылады.

Ал әкімшілік реформалар болса негізінен бір-бірін қайталайтын, қажетсіз қызмет түрлері мен қызметкерлерді қысқартудан басталды. Соған қарамастан әлі күнге дейін бюрократиялық кедергілер келтіретін, азаматтардың құқықтарын шектейтін немесе бизнестің дамуына бөгет болып, сол арқылы сыбайлас жемқорлықтың көрігін қыздырып отырған әкімшілік қызмет түрлері жетерлік. Ресей Федерациясы Президенті жыл сайынғы Жолдауларында осы өзекті мәселеге тоқталады, барша мемлекеттік органдарға осы бағытта жұмысты жандандыру туралы қатаң тапсыруда.

Үшінші бағыт – нәтижеге бағытталған бюджеттендіру. Шенеуніктің айлық жалақысын оның атқарған қызметінің нәтижелігіне тәуелді ету – бұрын болмаған жаңалық. Бірақ қиындық туғызған мәселе осы нәтижелікті айқындау болды. Алдымен федералды үкіметтің, одан кейін түрлі деңгейдегі аймақтық басқару құрылымдарының жұмыс нәтижелігін анықтамай жатып, олардың құрамындағы жекелеген қызметкерлердің қызмет нәтижелігін қалай анықтауға болады? Бастапқыда осы мәселе бойынша жұмыстар атқарып, көрсеткіштерді нормативті бектіуге тура келді. РФ Үкіметі федералды үкімет пен аймақтық атқарушы билік органдарының қызмет ету мақсаттарын, жұмыс индикаторлары мен нәтижелілік көрсеткіштерін анықтап берді. Европалық Комиссияның «Әкімшілік реформа» жобасы ауқымында жүргізілген зерттеулерде де мемлекеттік қызметкерлерге жұмыс нәтижесі бойынша ақы төлеудің әлемдік тәжірибесін көрсетілген. Шетелдерде бұл мәселе түрліше шешімін тапқан екен: индикативтік жоспарды орындау, жұмыс нәтижесін балл арқылы

бағалау, тәуелсіз сарапшылардың бағасына жүгіну, қосымша ынталандыру, жұмысты нормалау, арнайы келісім-шарт жасасу т.б.

Ресейдегі әкімшілік реформа барысында жасалған өзгерістің бірі – лауазымдық регламенттердің ендірілуі. Мемлекеттік қызметкер өз білгенінше әрекет етпеуі тиіс, ол бекітілген ережелер ауқымында лауазымдық регламентке сай іс-әрекет етуі тиіс. Регламент тек қана шенеуніктің құқықтары мен міндеттерін ғана емес, оның белгілі бір жағдайларда орын алуы мүмкін мінез-құлқы мен іс-әрекетін де айқындайды. Бұл қызмет бабы мен лауазымды жеке мақсатқа пайдалануға жол бермейді, шенеуніктің өкілеттік құзіреттерден аспауына кепілдік береді.

Ресейлік мемлекеттілік дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік билік пен басқарудың тиімділігі мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл мәселеге Ресей Федерациясы Президенті Жолдаулары мен жасаған баяндамаларында да баса назар аударылады. Мысалы, Ресей Федерациясының Федералды жиналысына арнаған өзінің бірінші Жолдауында Д.А. Медведев мемлекеттік бюрократияны қатаң сынға алып, «...мұндай жүйе абсолютті тиімсіз және оның жасайтыны бір ғана нәрсе – ол сыбайлас жемқорлық. Ол жаппай құқықтық нигилизм туындатады, ол Конституцияға қарама-қайшылықтар жасайды, инновациялық экономика мен демократия институттарының дамуын тежейді» деп ашына айтты [4]. Осыған байланысты соңғы жылдары Ресейдің мемлекеттік саясатындағы мықтап қолға алған бағыттардың бірі – мемлекеттік билік құрылымдарының мақсатын, жұмыс тәсілдері мен басымдықтарын азаматтардың мүдделері мен қажеттіліктерін өтеуге бейімдеу, яғни тиімді басқару жүйесін құруға бағытталған әкімшілік реформалар жүргізу болып табылады. Ал осынау асқақ мақсатқа жету жаңа мемлекеттік менеджмент идеяларын қолдану негізінде жүзеге асады деп жоспарланды. Менеджериалдық үлгімен әкімшілік реформа жүргізу өз кезегінде мемлекет атқаратын бірқатар қызмет түрлерін нарықтық құрылымдарға беруді, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласына нарыққа тән принциптерді: бәсекелестікті, шығынды есептеу, тиімділікті арттыру, нәтижелілік т.б. ендіруді қамтиды.

Алайда Ресейдің федерациялық мемлекет екенін ескерсек, ондағы мемлекеттік басқару жүйесін өзгерту тек қана федералдық орталық деңгейіндегі ғана емес, сонымен қатар федерациялық субъектілер деңгейіндегі жаңғыру мен реформаға да тікелей байланысты. Оның өзінде әрбір автономиялық аймақ өзінің саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани ерекшеліктеріне,

аймақтық басшылықтың жаңа мемлекеттік менеджмент идеяларына икемділігіне қарай өзіндік басқару жүйесін құратыны да түсінікті. Өйткені әкімшілік реформа жүргізудің бірегей типтік үлгісі жасалмаған, зерттеушілердің өзі бұл ұғымды түрліше түсіндіреді. Біздің ойымызша әкімшілік реформаның мәнін түсіндіруде А. Шаров тұжырымдаған анықтаманың дәлдігі жоғары: «Әкімшілік реформа – атқарушы биліктің қызметерін қайта қараудың, қажеттісін бекіту мен басы артығын қысқартудың, атқарушы биліктің қызметіне сай келетін құрылым мен жүйені құрудың, сондай-ақ, мемлекеттік басқару жүйесінде институционалдық өзгерістер жасаудың күрделі процесі» [5].

Осыған орай А. Медушевский әкімшілік реформаны «мемлекет пен атқарушы билік құрылымдарының қызметтерін онтайландырудың міндеттерін шешу, антикоррупциялық механизмдерді ендіре отырып мемлекеттік даму міндеттерінің құқықтық және экономикалық тетіктерін жетілдіру» деп нақтылайды [6]. О.В. Гаман-Голутвинаның пікірінше әкімшілік реформа «мемлекеттік қызметті реформалауды (мемлекеттік қызметке қабылдау, еңбек ақысын төлеу, кадрлады дайындау мен жоғарылату т.б. аспектілер кешенін қоса алғанда), бюджетті реформалауды (министрліктер мен ведомстваларды сметалық қаржыландыру принципінен жұмыс нәтижесіне қарай бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруға өту), атқарушы билік органдарының жүйесін трансформациялауды білдіреді» [7]. Біздің ойымызша, әкімшілік реформаға қосымша элементтердің қосылуы мемлекеттің алдына қойып отырған міндеттердің кең ауқымдылығына байланысты. Президенттік деңгейден бастап барлық деңгейде айтылып жүрген ой мынаған келіп саяды: әкімшілік реформа жүргізу экономикалық даму қарқынын жеделдету мен Ресейдің бәсекеге қабілеттігін арттырудың маңызды институционалдық шарты. Әкімшілік реформа ірі жүйелік өзгеру процесі ретінде мемлекеттің қызметіне кіретін барлық саланы қамтуы тиіс, ол түптеп келгенде мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттырады, мемлекеттің ролін айқындап, оның қоғаммен өзара байланысын нығайтады. Мұндай жалпылама түсінік те қауіпті, нақтылық болмаған жерде мемлекетті жалпылама модернизациялау оң нәтиже бермеуі де ықтимал.

Жалпы, посткоммунистік Ресейде мемлекеттік басқаруда түпкілікті өзгерістер туындатқан әкімшілік реформа екі дүркін жүрді: бірінші рет – 1991–1993 жылдары, ол кезде тоталитарлық партиялық-кеңестік билік ыдырап, демократиялық негіздегі жаңа

ресейлік мемлекеттіліктің іргетасы қаланып жатқан кезең болатын; екінші рет – 2000-шы жылдардан бастап қазірге дейін: елдің саяси элитасы мемлекеттік басқару тетіктері мемлекетті дамытуға емес, керісінше оның дамуын тежеуші факторға айнала бастағанын сезініп, орын алған кемшіліктерді жоюға қадамдар жасауда. Бұл үшін тиісті заңнама базасы мен арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда.

Дәстүрлі бюрократиялық жүйенің тиімділігі төмен екендігі іс жүзінде дәлелденуде. Осыған байланысты мемлекеттік басқаруды ірі корпорациялар тәжірибесінде өзінің ұтымдылығын көрсеткен менеджментті бейімдеп пайдалану мәселесі қазіргі Ресейде өзекті болып отыр. Әсіресе мемлекеттік қызметті жүзеге асырудағы «тапсырыс беруші» және «мердігер» қызметтерін айқындауға күш салынууда. Мысалы қандай да бір күрделі мәселені шешуге бірнеше басқарушы блоктың (бірнеше министрліктің, ведомствоның, агенттіктің) күш біріктіруі қажет болса онда бір құрылым екіншісіне тапсырыс береді, немесе азаматтық қоғам институттарына, бизнес-құрылымдарына тапсырыс береді. Тапсырысты орындауға жауапкершілік алып кіріскен тарап мердігерге айналады. Идея жақсы-ақ, бірақ жүзеге асыруда көптеген қиындықтар орын алуда. Тиісті келісім-шарттар жасасу, жұмыс ақысын төлеу тетіктері әлі ойластырылмаған. Мұндай кемшіліктерге қарамастан Ресейдің орталық билігі мен федералдық субъектілеріндегі әкімшілік басқаруға жаңа мемлекеттік менеджмент элементтерін ендіруге барынша күш салынууда. Бірте-бірте қызмет ету процесін тексеруден нәтижелікті бақылауға өту, мемлекеттік құрылымдар қызметінің көрсеткіштерін пайдалану, басқару қызметтерін бөлу, бәсекелестікті дамыту, клиентке қарай бет бұру, мемлекеттік шығындарды қысқарту, ашықтық пен мөлдірлікке қол жеткізу т.б. жаңа принциптер енгізілуде [8]. Жаңашылдықты ендіру қашанда қиындықсыз болмайтыны белгілі. Жаңа мемлекеттік менеджментті ендіруде де қиындықтар жоқ емес. Ең алдымен бұл – ішкі және сыртқы ортаның дайын еместігі.

Одан кейінгі қиындық – қоғамның өзі мемлекеттік қызметке тапсырыс беруге дайын емес. Азаматтық қоғам институттарының дамымауы себепті олар мемлекеттік құрылымдардың көрсететін қызметінің сапасын қатаң бақылай алмай отыр. Оның үстіне билік органдары да жаңа «ойын ережесімен ойнауға» дайын емес. Өйткені мемлекеттік қызметтің штатындағы қызметкерлердің басым бөлігі ескі бюрократиялық жүйеде ұзақ уақыт жұмыс істеген бюрократтар. Олар жана ережелер мен принциптерді қиын игереді, жаңашыл

басқару әдістерін ескі бюрократиялық сарынға бейімдеуге тырысады, жаңа тұжырымдаманы іске асыруды үйренген тәсілдермен жүргізіп жұмысты ақсатады...

Осылайша ішкі және сыртқы ортаның дайын болмауы салдарынан имитация тәжірибесі, яғни көзбояушылық дамуда. Сондықтан аталған кемшіліктерді жоюдың маңызы зор. Бұл үшін азаматтық қоғам институттарын дамытумен қатар халықтың саяси сауаты мен саяси белсенділігін де арттыру қажет. Бір жағынан халық азаматтық қоғам институттары арқылы мемлекеттік билік құрылымдарының қызметіне халықтық бақылау орната білуі тиіс. Екінші жағынан басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыру, болашақтағы мемлекеттік және муниципалдық қызметкерлерді оқытып дайындау жүйесін өзгерту, көп деңгейлі дайындық жүйесін жасау, кәсіби қайта дайындау мен біліктілікті арттыруды жаңа жолға қою керек.

Сонымен қатар мемлекеттік билік органдарында бәсекелестікті ендіру барысында жауапкершілік мәселесін ұмытпауымыз керек. Бұл тұрғыда ресейлік зерттеушілердің ойынша мемлекеттік құрылымдар мен қызметшілер бір-бірімен жарысамыз деп сапаны ақсатса, олардың арасындағы қарым-қатынаста психологиялық кернеу туындап жатса бұл жауапкершіліктің төмендеуіне, немесе жауапкершіліктен қашқақтауға алып келуі мүмкін деп есептейді [9]. Түптеп келгенде мұндай теріс факторлар басқарудың тиімсіздігіне әкеліп соғады.

Ресей қоғамында осы аталған мәселелердің барлығын ескеруге күш салынып жатқаны байқалады. Сонымен қатар ресейліктер мемлекеттік қызметті менеджерлік тәсілмен жүргізу барысында құндылықтар жүйесінің дұрыс қалыптасуына да барынша назар аударуда. Яғни мемлекеттік менеджерлердің бойында адамгершілік пен адалдық, этика мен әділеттілік сияқты сапаларды дамыту күн тәртібінде тұр.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. UNDP-2002. Good Governance and Sustainable Human Development. Governance for Sustainable Human Development. A UNDP Policy Document (<http://magnet.undp.org>).
2. Public Sector Modernization: a New Agenda. Executive Summary 2007. – 26th Session of the Public Management Committee of OECD (<http://www.oecd.org>).

4. Назарбаев Н.Ө. Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
5. Послание Федеральному Собранию Российской Федерации от 05.11.2008 г. // Президент России. URL: <http://www.kremlin.ru/> (дата обращения: 06.11.2008).
6. Шаров А.В. Об основных элементах административной реформы // Журнал российского права. – 2005. – №4. – С. 19.
7. Медушевский А. Реформа государства // Отеч. зап. – 2004. – №2. – С. 25.
8. Гаман-Голутвина О.В. Меняющаяся роль государства в контексте реформ государственного управления: отечественный и зарубежный опыт // Полис. – 2007. – №4. – С. 25.
9. Лексин В. Административная реформа: федеральный, региональный и местный уровни // Российский экономический журнал. – 2006. – №3. – С. 3.
10. Чиркунов О.А. Государство и конкуренция. – Пермь, 2007. – С. 8.

Саяси жүйедегі бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі

Балғын ШҰҒАЕВА,
М.Тынышбаев атындағы Қазақ
көлік және коммуникациялар
академиясының оқытушысы

Әрбір демократиялық қоғамда әр субъект өз ой-пікірін еркін білдіре алады. Журналистердің айтуы бойынша, еркін сөзде үш компонент бар: бұл – билік, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғам.

БАҚ – қоғамдық ой-пікірді өзгертуге орасан ықпал ететін алпауыт күш. Тәуелсіз мемлекетіміздегі еркін БАҚ әрбір азаматтың өмірімен маңызы бар мүдделерін қорғауға, шыншыл да жан-жақты ақпарат ала отырып, қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістермен оқиғаларға объективті көзқараспен қарап, дұрыс іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін бірден-бір құрал. Соңғы 50 –100 жыл ішінде БАҚ жүйесі бүкіл қоғам өмірінде, сана-сезімінде, пікірінде қалыптасқан мықты каналдардың біріне айналды. Сондықтан, бүгінгі күні коммуникация құралдарынсыз қоғамның алға қарай жылжуы немесе өмір сүруі мүмкін емес.

Қазіргі саясаттануда БАҚ-ты «Ұлы арбитр», заң шығарушы, атқарушы, сот биліктерімен қатар «төртінші билік» деп көрсетеді. Саясатта БАҚ-тың рөлін, орнын бір жағынан ғана қарастыруға болмайды. Ол әлемде немесе белгілі бір мемлекетте болып жатқан жағдайлар мен құбылыстар туралы қоғамды ақпараттандырумен қамтамасыз етіп, түрлі органдар мен элементтерден тұратын күрделі және көп қырлы институт ретінде қарастырылады [1]. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы орны мен маңызын Ахмет Байтұрсыновтан асырып ешкім айтқан жоқ: «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Көзсіз, құлақсыз, тілсіз адамның өмір сүруінде мән жоқ сияқты, қоғамның да онсыз тіршілігі қараң. Сондықтан БАҚ төртінші билік қана емес, басты қажеттілік. Мы-

салы, ол экономикадағы құлдырау, қылмыс пен нашақорлықтың өсуі, терроризм, тәртіпсіздік, билік коридорларындағы жемқорлық туралы және т.б. мәлімет береді. БАҚ өзінің күрделілігімен, қарама-қайшылықтарымен бірге әлеуметтік болмыс пен шындықтың ажырамайтын бір бөлігі. Сондықтан БАҚ-тың бағдарламалары мен материалдардың жиынтығы, ақпарат тасқындары қоғамдық пікірді қалыптастыруға үлкен ықпал тигізеді. Әсіресе телевизия мен баспасөз – жеке индивидті жалпы қоғаммен байланыстыратын элементтердің бірі [2].

Қоғамдық пікір – көпшіліктің саяси санасының көрнісі. Қоғамдық саяси пікірлерді зерттеу бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен іске асырылады. Қоғамда прогресс болу үшін көпшілік қауымды бірте-бірте тарату керек, ол үшін азаматтарды күнделікті болған саяси жағдайлар туралы ақпараттандыру қажет. Оның басты міндеті – қоғамдық пікірге ықпал ету. Негізінде, қоғамдық пікірге ықпал ету ақпарат жүйелері арқылы іске асырылады. Ақпарат – қоғамдағы саяси потенциалдың катализаторы ретіндегі үлкен жүйе, қоғамдық сана сезімге әсер ететін басты күш, ол қоғамдық және ішкі саяси тұрақтылықтың құралы болып табылады, бірақ кейбір жағдайларда мемлекеттің мәртебесіне де қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан БАҚ – сөз және халықтың қолдауынсыз, демократиялық жолмен мемлекетті экономикалық өсуге, әлеуметтік қайта құруларға шығару мүмкін емес.

Спутниктік байланыстар мен жаңа коммуникация жүйелерінің арқасында, қазіргі кезде БАҚ көп қабатты тұрғындарға әсер етудің ең мықты институтына айналды. Сонымен қатар, ол қоғамдық пікірдің тиімді манипуляторы болып отыр. Бүгінгі таңда БАҚ-тан басқа мықты құралдар жоқ. Адамдардың сана – сезіміне БАҚ-тың әсер етуі ең алдымен, жеке тұлғаның рухани әлемнің негізін, яғни «информациялық базисті» құрайды [3]. Жалпы алғанда, БАҚ кеңейген формада адамзат коммуникациясын қамтамасыз ететін жүйесінің бірі. Оның басты функциясы ретінде, қоғамды саясатпен айналдыру, көпшілікті саяси ағарту, олардың саяси мәдениет деңгейін көтеру. Сондықтан, бүгінгі таңдағы БАҚ қоғамдық ой-пікір мен сана сезімді қалыптастырушы, прогрессивті, әлеуметтік-саяси институт болып табылады.

Билік органдары мен БАҚ арасындағы өзара байланыс қоғамдық қатынастардың аса күрделі салаларының бірі. Оның үстіне қазіргі заманғы жаһандану мен ақпараттар үрдістері бұқаралық ақпарат құралдарының беделін едәуір көтергені шындық. Мемлекеттік

билік органдарының жұртшылықпен байланысының маңызды арнасы – бұқаралық ақпарат құралдарымен арақатынасы бұрынғыдан да күрделеніп, қоғамдық маңызы артып, көп қырлы сипат алып отырғаны белгілі. Соңғы жылдары БАҚ, әсіресе, телевизия, қоғам мен мемлекет туралы ақпараттың негізгі көзіне айналды. Мұны мемлекеттік билік органдары өз қызметінде ерекше сезінеді және оған объективті түрде мүдделі. Бұл мәселенің бірнеше қыры бар. Біріншіден, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарынсыз еліміздегі қоғамдық-саяси жүйенің қалыпты қызмет жасауы мүмкін емес. Екіншіден, олар қоғамның демократиялық жолмен дамуының аса маңызды құралы болып табылады. Үшіншіден, демократиямен азаматтық қоғамның құқықтық және әлеуметтік үрдісінде дамуы, сөз жоқ, бұқаралық ақпарат құралдарына да кең құқықтық өрес ашып, қызмет жүйесін реттеуге мүмкіндік берді [4]

Қазіргі жаһандану дәуіріндегі БАҚ-пен жұмыс істейтін мамандардың есінде болар тағы бір жәйт-ақпарат құралдарына «төртінші билік» деп берілген айдар мәртебенің қаншалықты дұрыс-бұрыстығы жөнінде. Мәселенің қазіргі кезде тіпті де күшеюі кейбір ақпарат компанияларының ұлттық шеңберден асып, трансұлттық сипат алып, өз мемлекетінің бақылауынан және оның заң жүйесінің ықпалынан шығуымен де байланысты. БАҚ-қа осындай мәртебе беру туралы пікірді баспасөзде американдық ғалым Д. Катер 1959 жылы «Биліктің төртінші тармағы» атты кітабында алғаш рет жан-жақты негіздеген болатын. Д. Катердің пікірі бойынша журналист тек биліктің қызметі жөнінде ақпарат беріп қана қоймайды, сонымен бірге, оны жүзеге асыруға да қатысады. Ол билікке өз бағдарын анықтауға көмектеседі және икемді делдал болып табылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары – адамдарды демократия мен өркениет құндылықтарын, өз құқықтарын, міндеттерін білуге және құрметтеуге тәрбиелейтін аса маңызды ақпараттық, тіпті инновациялық функцияларды жүзеге асырушы демократиялық институт. Жалпы БАҚ-пен тіл табысып, сауатты, икемді, шындыққа негізделген, әрі дер кезінде берілген толық ақпарат арқылы жұртшылықты өзіне қаратып, қызықтырып, сол арқылы бүкіл қоғаммен үйлесімділікке жету – әрі өнер, әрі ғылым.

Қазірде БАҚ-тың маңызының артқандығы сондай, оларды мемлекеттің толық бақылауына алуға болмайды және ол енді мүмкін де емес. Сонымен бірге оларды жеке капиталдың қолына да беру дұрыс емес, қоғам үшін қауіпті қадам – бұл істе жалпымемлекеттік,

ұлттық, тіпті, стратегиялық мүдделер бар екені белгілі. Ақпарат құралдарымыздың көпшілігі саяси жүйенің бір бөлігіне айналды. Айналып келгенде, билік пен БАҚ өзара тығыз байланысты. Тотолитарлық тәртіп тұсында «Билік – БАҚ – халық» біріңғай жоғарыдан төменге дейін әмір беретін әкімшілдік сипатта болды. Ал демократиялық қоғамда керісінше, халық билікке БАҚ арқылы ықпал етеді. Өз кезегінде мемлекет БАҚ арқылы өз нұсқауларын халыққа жеткізіп отырады. Яғни байланыс төменнен жоғарыға қарай және жоғарыдан төмен қарай өзара пайдалы өрістейді [5]. Мемлекеттік билік пен БАҚ бір-бірінен ажырамайтын жүйелер. Бірақ қай елде болмасын билік тармақтары мен БАҚ арасындағы қатынастар күрделі жағдайда болады. Сондықтан да, екеуінің арасындағы түсіністік пен шынайы әріптестікті үнемі жеделдету, әрқашан назарда ұстау, сайып келгенде, еліміздегі демократиялық үрдістерді жұртшылықпен байланысты нығайтуға, еліміздің ұлттық ақпараттық кеңістігін нығайтуға септігін тигізер аса маңызды шара.

Бүгінгі таңда БАҚ алдында тұрған айтарлықтай мәселелер де баршылық. Атап айтқанда, отандық ақпарат кеңістігіміздің жағдайы мен қазақ ұлтты оқырмандарымыздың, көрермендеріміздің, тыңдармандарымыздың қазақ тіліндегі ақпарат құралдарына қызығушылығы қандай? – деген мәселелер туа бастайды.

Қазақстандық БАҚ-тың негізгі мәселелері қаржылық-техникалық жағдайда тіреліп тұр. Бүгінгі таңда, нарықтың қатаң жағдайында және бәсекелестік кезеңінде, газет пен журнал басылымдары үлкен материалдық шығындарға ұшырауда. Әсіресе біз мемлекет ретінде нығаямыз десек, қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болса, онда осы тілде шығатын әдебиетке, өнерге және киноға мемлекеттік көмектің көлемін арттыра түсу керек және көпшілік қауымды тарту керек. Ақиқатын айтқанда қазақ қауымының көпшілігі ауылды жерлерде тұрады, олардың қазақ тілді газет-журналдарды сатып алу мүмкіндегі өте төмен дәрежеде болып отыр. Ал қалалық қазақтар мүмкіндіктерінше қазақ газет-журналдарды алғанымен де, орыс тілді басылымдарға көбірек еліктейді. Кейбір зерттеулердің көрсеткеніндей, Қазақстанда бұрынғысынша ресейлік газет-журналдар үлкен сұранысқа ие. Оны бейресми баспасөз рейтингтерінің жоғары екендігінен-ақ байқауымызға болады: «Время», «МК в Казахстане», «Новое поколение», «Деловая неделя», «Экспресс К», «Панорама» және тағы басқа [6]. Қай тілде шықса да басылымдар мемлекеттік маңызы бар мәселелерді көрсетуі тиіс. Соңғы сегізтоғыз жыл ішінде еліміздегі БАҚ-ты жаулап алған олардың мақсаты

мәдениетіміздегі ұлттық сипат пен ұлттық нышандарды әлсірету арқылы «батыстық мәдениетті» жастарымыздың санасына тықпалау болып табылады. Мысалы Президентіміз Н.Ә. Назарбаев: «Баспасөз, әсіресе, электронды баспасөз бүгінгі таңда Қазақстанның ақпарат кеңістігінде қалыптасқан үйлесімсіздіктерді дұрыс бағалай алмай, олардың шешімін таба алмай отыр. Қазір республикамыз алыс және таяу шетелдерден жетіп жатқан теле-радио бағдарламаларының нөмірінің астында қалды. Оларды ешкім талдап жатқан жоқ», – деген болатын. Қазақ халқы республика тұрғындарының 57% құрап отыр. Олай болса бұқаралық ақпарат құралдары да сол көлемді қанағаттандыруы керек. Жалпы, қоғамның өсу барысын, жеткен деңгейін үнемі заңдастырып отыру жөн. Демократиялық жүйесі дамыған елдердің өзі электрондық ақпараттық құралдарына фильмдердің көрсетілуіне бақылау жасаудың қажеттігін сезінді. Соның барысында Америка мен Еуропаның көптеген елдерінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, моральдық-этикалық ұстанымына залалын тигізетін фильмдер мен хабарлар таратуға тыйым салатын органдар пайда болды [7].

Түптеп келгенде, Қазақстан жаһандану процесіне тартылған елдер қатарына жатады. Еліміз халықаралық қоғамға етене жақындасқан сайын сыртқы фактордың ықпалы күшейе түсетіні түсінікті. Ақпараттық отарлауға қарсы тұру үшін қазақ тіліндегі БАҚ-тың санымен бірге сапасын да көтерген абзал. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, мемлекет тарапынан отандық БАҚ-қа қаржылық көмек көрсету десек, екіншіден, заң талаптарын барынша күшейту, үшіншіден ұлттық салт-дәстүрлерімізді заман талабына ыңғайластыра отырып жаңа деңгейге көтерілу.

БАҚ – сайлау процестерін, саяси партиялармен тәуелсіз кандидаттардың қызметтерін қоғамға толық ақпарат беруді қамтамасыз етеді. Ірі саяси оқиғалар мен сайлаулар барысында ақпарат құралдары мен журналистердің қолбалаға айналып, қудалануға ұшырап, құрбандыққа шалынып жатқаны да ақиқат. Саясаткерлердің қылықтарынан халық қаншалықты хабардар болып отыру керек десек те, тұлғалардың жеке өміріне БАҚ-тың кірісуіне құқысы жоқтығы да айтылмай қалған жоқ. БАҚ арқылы ғана электораттарға сайлау процесіндегі кандидаттар туралы толық ақпаратты беруге қамтамасыз етеді. Сондықтан, БАҚ билік пен қоғамды байланыстырушы негізгі арнаның бірі болып табылады.

Тұжырым. БАҚ – қоғам өмірінде қызмет істеп тұрған бүкіл сфераларда, атап айтқанда, саясат, экономика, денсаулық сақтау,

білім беру, дін және т.б. ең маңызды әлеуметтік саяси институт. Тәуелсіздігіміздің арқасында еліміздегі демократияның бір пошымасы ретінде қызмет атқарып отырған БАҚ-тың халқымыздың әлеуметтік-саяси және рухани-мәдени өмірінде алар орны, атқарар қызметі өте салмақты. Ескертетін бір жәйт, тәуелсіздігімізді ала отырып, отандық, ұлттық, қазақ тілді БАҚ-ты қалыптастыруға тиіспіз. Дәл осы кезеңде қазақ тілді БАҚ қалыпты деңгейде қалыптасып, қоғамда өз орнын табуы тиіс. Өйткені, бүгінгі қоғам оны қалай қалыптастырса, алдағы болашақ ұрпақ та солай қабылдап, одан әрі дамытатын болады.

Батыстық мәдениет тасқынын тоқтатып, оған қарсы тұрудың бірден-бір жолы ұлттық сананы көтеру, халқымыздың ғасырлардан келе жатқан мұраларын, ұлттық құндылықтарын барынша ұтымды пайдалана отырып, халық санасына жеткізе білу болып отыр. Осы орайда еліміздегі БАҚ-қа үлкен жауапкершілік пен міндет жүктелуде. Олай дейтінім, БАҚ қоғамдық пікірді тудырып қана қоймай ақпараттық кеңістігімізді қорғап, қоғам санасын қалыптастырушы құрал ретінде өмірдегі барлық жақсылық пен жамандықты байқап, насихаттауы, түсіндіруі тиіс. Міне, осының барлығын жүзеге асырған сайын елдің әлеуеті де күшеймек. Олай болса қоғамның ұйып отыруына ықпал жасайтын ұлттық ақпарат кеңістігімізді қалыптастыра беруге күш салуымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қалиев Н. Мемлекеттік билік және БАҚ: өзара қатынастар ережесі // Ақиқат. – №4, 2003.
2. Салқынбек Д. Қазақ баспасөзі тәуелсіздік жылдарында // Ақиқат. – №12, 2001.
3. Н.Ә. Назарбаев: Мемлекеттік емес БАҚ-ның жағдайы // Астана ақшамы. – 2002, 21 мамыр.
4. Бөкір Ә. Жаһандану және ұлттық ақпарат кеңістігі // Егемен Қазақстан. – 2004, 24 қаңтар.
5. Жаһандану және жалпыдамзаттық міндет // Егемен Қазақстан. – 2004, 23 сәуір.
6. Бекниязов Т. Журналистің шығармашылық шеберлігі. – Алматы, Қаз.Ун. 2004, – 20–22 б.
7. Әділбеков С. Билік және баспасөз // Ақиқат. – №11, 2001.

Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезі

Ботакөз ШАКЕЕВА,
әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университетінің
Халықаралық қатынастар факультетінің
студенті

Әлия БАСТАУБАЕВА,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық
Университетінің Магистратура және PhD
докторантура институтының магистранты

Дін – латын тілінен аударғанда құрмет ету, табыну деген мағынаны білдіреді. Бірақ танымал батыстық жазушы, әрі оратор Лактанций религия сөзінің негізі «біріктіруші» мағынасын білдіретін латынның «*religare*» деген сөзінен шыққан деп ойлады [1]. Өкінішке орай, бүгінгі күні әлемдік және дәстүрлі діндердің көптүрлілігі адамзат бірлігіне керісінше зардабын тигізіп отыр. Әсіресе, ислам дінін пайдаланып, оның түпкі мағынасын бүркемелеп, лаңкестік актілерде қолдануының жиілеуі – «ислам фундаментализмінің» және «исламофобияның» пайда болуына алып келді. Осының нәтижесінде, Батыс пен Шығыс арасындағы шиеленісті жағдай күннен-күнге ушығып барады. Сондықтан дінаралық дипломатия қажеттілігі қазіргі таңда мұқтаждыққа айналды. Қазақстан Республикасы бейбіт өмірді қалайтын, әрі көптеген ұлттардың басын біріктірген мемлекет ретінде, өзінің делдал рөлін атқаруға дайын екенін жариялап қана қоймай, әлемдік және дәстүрлі діндер съезін әр 3 жыл сайын өткізуде.

Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының кездесу идеясы жаңадан ойлап тапқан шара емес. Осыған ұқсас іс-шаралар ХХ ғасырдың аяғынан бастап өткізіле бастады. Дегенмен, Астана қаласында өткізетін форумнан елеулі айырмашылықтары бар. 1986 жылдың 27 қазанында Италияның Ассизи қаласындағы өткен

жиынға бүкіл әлемнің әр түрлі дін өкілдері қатысты. Бұл күн «Бүкіл әлемдік сыйыну күні» болып аталып кетті. Сол кезеңнен бастап жыл сайын конфессияаралық диалогтар әр түрлі қалаларда өткізіле бастады. 1993 жылы Милан қаласында 7-ші әлем діндерінің кездесуі өтті. Жиынға бүкіл жер шарының 42 дін өкілдерінен 300 делегация қатысты. Соңғы кездесу 2011 жылы 27 қазанда Ассизи қаласында, Санта-Мария-дельи-Анджели шіркеуінде өтті, бұл шара 1986 жылы орын алған алғашқы жиынның 25 жылдығына арналған еді. Кездесудегі ұйымдастырылған іс-шаралар дін басшыларының қатысуымен, символикалық түрде болды [2].

Саяси жағынан экстремизмге қарсы, халықаралық іс-әрекеттерді белсендіруге арналған, мәдениетаралық, дінаралық және ұлтаралық диалогты дамыту үшін БҰҰ қамқорлығымен Өркениеттер альянсы құрылған. Бұл бастама Испанияның премьер-министрі Хосе Луис Родригес Сапатеромен 2005 жылы БҰҰ Бас Ассамблеяның 59-шы сессиясында ұсынылған болатын. Өркениеттер альянсы өзінің баяндамаларында бүгінгі таңдағы өзекті проблемаларды талқылап, ислам мен батыс қоғамының қарым-қатынастарын, Израиль мен Палестина арасындағы қақтығыстың және т.б. ланкестіктердің алдын алу сияқты мәселелер бойынша саяси ұсыныстар жасады [3].

Елордамыз Астана қаласында өткен Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезі тек барлық діндердің бірлігінің символын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар өзекті саяси мәселелерді де қарастырды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада өтетін Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезінің бастамасын жасады. Мұндай қадам әлемдік қауымдастықпен мойындалып, демеуге ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясында: «Біздің қоғамымызда 140 этнос пен 40-тан астам конфессиялар бейбітшілік пен татулықта өмір сүріп жатыр. Астанада үнемі әлем және дәстүрлі діндер басшыларының бас қосуы болып отырады. Біз бұл форумдарды БҰҰ бастамасымен жасауға ұсыныс жасадық. Әлемнің бізге деген сенімін нығайту үшін, жаһандық диалогқа қосып отырған үлесіміз», – деп атап өтті. Форумның негізгі идеясы К. Аннан, М. Тэтчер, Цзянь Цзэминь, Ж. дэЭстен сияқты әлемнің беделді, әрі ықпалды саясаткерлердің қолдауына ие болды [4].

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаев, ішкі саяси қызметке үлкен мән бере келе, IV әлем және дәстүрлі діндер басшылары съезінің Астана-

да өтіп жатқанының маңыздылығын ерекше атап өтті. «Қазақстан дүниежүзілік саясаттың лайықты әрі беделді мүшесі ретінде бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жолдарын анықтауға белсенді қатысуға дайынбыз», – деп мәлімдеді [5].

Бұл жиынға ислам, христиан, буддизм, иудаизм, даосизм, синтоизм және индуизм сияқты әр түрлі конфессиялар мен діндердің басшыларынан басқа да, осы форумға қатысқан саяси қайраткерлер арасында Сауд Аравиясының Әділет министрі Аль Аш-Шейх, БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі В. Сотиров, Европа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеяның Өкілі Рене ван дер Линден болды [6]. Бұл кездесудің тек символдық мәнде ғана емес, сонымен қатар форумның саяси сипатын және мақсатын дәлелдей түседі. Мысалы, I съезде келесідей басымдылықтар және саяси мәселелер өзінің бейнесін Декларацияда тапты: бейбітшілік, татулық және шыдамдылық адамзаттың тіршілігінде беріктілік қағидаты есебінде бекітілді; діндер, конфессиялар, ұлттар және этностар арасында толеранттық пен өзара құрметке қол жеткізуге тырысу; адамдардың діни сенімдерін; қақтығыстардың үдеуі және әскери іс қимылдарына қарсы тұру керектігін жазып өтті. III съезд шеңберінде «Толеранттыққа, өзара құрметке және ынтымақтастыққа негізделген бейбітшілікті құрудағы діндер басшыларының рөлі» атты тақырыпта пікір алысты.

IV съезд жаһанды диалог құру алаңы бола отырып, халықаралық форум өзінің қажеттілігін, оның талапқа сай екенін және маңыздылығын тағы бір рет дәлелдеп өтті. Форум барысында сындарлы дискуссиялар толық және секциялық жиындарда өткізілді, маңызды сұрақтарға, мәдениет пен діннің жаһанды диалогы сияқты мәселелердің жалпы бағыттары анықталды [7]. Делегация мүшелерінің белсенді қатысуы, үлкен де, салмақты нәтижелерге әкелді, IV съезд алдына қойған мақсаттарына жетті және жаңа жолдамалар қабылдады. Елбасы Н. Назарбаев IV әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезінің жабылуында: «Дін басшылары бүкіл адамзатқа үндеу жасады, өзара іс әрекетке, татулық пен бейбітшілікке, әділдікке тырысу және біздің жер шарымыздың болашағы үшін құндылықтар тудыру мақсатында. Мен бұл шақыруды тек дінге сенушілер ғана емес, сонымен қатар әр түрлі діннің ізбасарлары да жақсы ниетпен қабылдайтындығына сенемін», – деп қорытындылады [8].

Форумның алдына қойған мақсаттары мен міндеттері: біріншіден, рухани бос қуыстың таралуын тоқтату керек, себебі рухани бай адам қылмыс және басқа да зорлық-зомбылыққа төтеп бере ала-

ды; адамзаттың моральдық үрейлерін жеңу керек. Ең маңыздысы, қазіргі жастарға жоғары рухани тәрбие беру. Екіншіден, қандай да қоғамда болмасын, ең алғашқы қадамды нығайту, еңбекқорлықтың мәнін, шындықты айту және әділдік сияқты қасиеттерді үйрету. Үшіншіден, қақтығыстардың алдын алу, шыдамсыздықтың пайда болуына жол бермеу, қоғамдағы радикализмді жою – осының барлығы діннің күші. Төртіншіден, халық пен мемлекеттер арасында, көп конфессиялық қоғам ішінде діни сенімдерді мықты бекет ретінде қалыптастыру және қолдану [9].

IV съезде төмендегі тақырыптар қарастырылды:

- 1) «Тұрақты дамуға жетудегі дін басшыларының рөлі»
- 2) «Дін және мультимәдениет»
- 3) «Дін және әйел адам: рухани құндылықтар мен қазіргі кездегі үдерістер»
- 4) «Дін және жастар»

IV әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезіне 45 мемлекеттен 70-тен астам делегация қатысты. Құрметті қонақтар құрамында тек дін басшылары ғана емес, сонымен қатар саяси қайраткерлер, мемлекет басшылары, қоғам қайраткерлері, мысалы: Иорданияның патшасы Абдалла II, Катардың эмиры Шейх Хамад бен Халифа Ат-Тани, Дүниежүзілік ислам лигасының Бас секретарі Шейх Абдалла бен Абдель Мухсин Ат-Турки, Мәскеу және бүкіл Русьтің Патриархы Кирилл, ЮНЕСКО-ның Бас директоры Ирина Бокова болды [10].

Бұл съезд әр 3 жыл сайын Астанамызда өткізіледі, I съезд, 2003 жылы өтті, тақырыбы «Мәдени аралық және конфессия аралық диалогтың нығаюына алғашқы қадам» болды. Әр адам өзінің діни көзқарастарын еркін түрде қолдана алуы және діни жорулар мен діндер арасындағы айырмашылықтар зорлық-зомбылық үшін қолданбау, жеккөрушілік пен даудың алдын алу туралы тақырыптар қозғалды [11]. I әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезінің жұмысы аяқталғаннан кейін, «Байтерек» атты ескерткіштің қасында бір мезгілде бүкіл конфессиялардың қатысуымен дұға оқу орын алды. II съезд арнайы осы форумға арналған, пирамида кейпінде салынған Бейбітшілік пен татулық сарайында өтті. Ғимаратты таңдау себебі, пирамида – бұл бейбітшіліктің белгісі, барлық ұлттар мен діндердің бірлігі. Еркін дінтүту, діндер арасындағы диалог, рухани басшылардың халықаралық қауіпсіздіктің нығайтуындағы рөлі атты өзекті тақырыптар талқыланды. Үшінші кездесу 2009 жылы бүкіл әлемдік экономиканың қиын жағдайына қарамастан жүзеге асырылды. Рухани басшылар дағдарыс кезіндегі ынтымақтастық

пен ниеттестік туралы ой бөлісті [12]. Келесі санақ бойынша V съезд 2015 жылы өткізу жоспарлануда.

Әр съезд сайын қатысушылардың саны өсіп келе жатыр, әр түрлі конфессиялар мен діндердің өкілдері қосылып жатыр. Егер 2003 жылы бірінші съезде 17 делегация қатысса, 2006 жылғы екінші съезде қатысушылардың саны 29-ға жетті. Үшінші съезд 2009 жылғы дағдарысқа қарамастан БҰҰ жағынан техникалық жүйесі көмегімен 77 делегация қатысты. IV әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезіне 45 мемлекеттер ішінен 70-тен астам делегация атсалысты. Бұл дегеніміз форум рөлінің өсіп бара жатқанының көрсеткіші. Ынтымақтастық пен конфессия аралық диалог халықаралық қауіпсіздіктің нығаюына көмек береді. Шыдамсыздық, экстремизм мен ланкестік сияқты мәселелер қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің бірі [13].

Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезінің тұрақты органы бар – ол секретариат. Ұзақ уақыт бойы бұл қызметті Қазақстанның көрнекті саяси қайраткері Қ.Тоқаев басқарды. 2012 жылы Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының съезінің Секретариатының Басқарушысы қызметіне Қайрат Мами тағайындалды. Секретариаттың міндеті съездің ұйымдастырушылық мәселелерін және мазмұнын талқылауға арналған еді [14].

Астаналық Форумның тағы бір өзгешелігі – тарихта алғашқы рет барлық әлем және дәстүрлі діндер басшыларының бірге жиналып, ортақ құжатты қабылдау болып табылады. I съездің декларациясында рухани басшылары діндер арасында ынтықмақтастықты дамытуға шақырды, толеранттық пен өзара қабылдау барлық халықтың бейбітшілікте өмір сүруіне маңызды құрал екенін мойындады. Сонымен қатар, экстремизм, ланкестік және тағы басқа формадағы зорлық-зомбылық нағыз діннің түсінігімен ешқандай ортақтығы жоқ, және де оның адамзат өміріне өте қауіпті екенін аңғартады. Әлем және дәстүрлі діндер басшыларының II съезінің Декларациясы дін ұстану еркіндігін және басқа діндер өкілдерін құрметтеуді жариялады. Халықаралық қауіпсіздікті нығайтудағы рухани дін басшылардың рөлінің жоғары екенін атап өтті. III съезде рухани дін басшылары мәдени аралық және конфессиялық аралық диалогтың дамуына шақыратын құжатқа қол қойды. Дүниежүзілік экономикалық дағдарысты ескере отырып, діни қайраткерлер жаһандану әлемінде бар экономикалық, қаржы, әлеуметтік мәселелерді шешуге әділетті шешімдерді іздеуге, үлкен адамгершілік пен рухани күшті және нағыз тілектестікті ұстануға тырысты. IV съезде әлем және дәстүрлі

діндер басшыларының алдына қойған тақырыптар: мықты дамудың жетістіктері, дінде әйел мен жастардың орны мен рөлі болды. Мәдениет аралық және дін аралық диалогқа үлкен үлес қосқан үшін Қазақстан әлемде бейбітшілік сүйгіш мемлекет ретінде өзінің беделін көтере алды. Баяғы заманнан Қазақстан барлық көршілес елдермен бейбіт саясатты ұстанған. Ежелден біздің ел Батыс пен Шығысты Жібек жолымен байланыстырып жатты. Бүгінде біздің ел Батыс пен Шығыс арасындағы мәдени аралық диалогтың көпірі болып табылады. Себебі, Қазақстанда өзінің көп ұлттық қоғамында жеке бейбітшілікті сақтау тәжірибесі бар. Қазақстан Республикасының Президенті: «Қазақстан Тәуелсіздік алған кезінен бастап діни қарым-қатынастар саласында өлшенген мемлекеттік саяси шешімдер жүргізуде. Мен оны татулық қағидаты деп атадым. Біріншіден, еркін дін тұту және ар намысты қамтамасыз ететін заңнамалық және институционалдық ережелердің бар болуы. Діни саланы ырықтандыру діни мекемелердің санының өсуіне әкелді – бүкіл тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңнен бастап бес есе өсті. Үшіншіден, Қазақстанда конфессия аралық диалогтың ынталандыруы маңызды бағыт болып табылады. Біз бірден-бір ұлтаралық және конфессияаралық диалогтың институты, Қазақстан халқының Ассамблеясын құра алдық. Біздің ұлт аралық және конфессия аралық татулық моделі – бұл Қазақстанның әр түрлі конфессиялардың өзара қарым-қатынастарының жалпы барысына үлес ретінде қосқаны. Бізді халықаралық аренада дәл осылай қабылдауын қалаймыз», – дей келе кезекті форумда өзінің тәжірибесімен бөлісті [15].

Өркениеттер мен діндер арасында диалогтың өткізілуі тұрақты ынтымақтастық пен мықты дамудың, сонымен қатар өзара бейбіт өмір сүруге қол жеткізудің ең дұрыс жолы. Сондықтан осы форумның дамуына үлкен үміт артып отыр. Дін басылар өкілдері әр қалай съездің жұмысын қолдауда және Астанадағы дін басыларының кездесулері одан әрі конфессиялар арасындағы өзара түсінушілікті және толеранттықты нығайтатынын ерекше атап өтеді. Біз бір жер шарында өмір сүретінімізді ұмытпау керекпіз. Абдул-Баханың жазбаларында айтылған келесідей оймен қорытындылаймыз: «Бір күні барлық діндердің бірігетін күні туады, себебі олардың қағидаттарының барлығы – біртұтас. Діндерді бір-бірінен бөлудің қажеті жоқ, себебі олардың барлығы тек қана рәсімдерімен ғана бір-бірінен айырмашылығы бар» [16].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Религия // <http://ru.wikipedia.org>
2. В священном итальянском городе Ассизи прошла юбилейная межрелигиозная встреча // <http://newsru.com> от 28 октября, 2011.
3. Астана встречает лидеров мировых религий // Культура. <http://www.unesco.kz> от 28 мая, 2012.
4. Астана – проводник духовной гармонии в мире // <http://www.religions-congress.org>
5. «Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 27.01.2012. // <http://portal.mfa.kz>
6. Президент Казахстана открыл IV Съезд лидеров мировых и традиционных религий в Астане // <http://www.bnews.kz> от 30 мая, 2012.
7. Аннотированная повестка IV Съезда лидеров мировых и традиционных религий // <http://www.religions-congress.org>
8. IV Съезд мировых и традиционных религий // <http://www.liter.kz> от 01 июня, 2012.
9. В Астане проходит IV Съезд лидеров мировых и традиционных религий // <http://www.kp.kz/> от 31 мая, 2012.
10. В Астане открылся IV Съезд лидеров мировых и традиционных религий // <http://www.pt.kz> от 30 мая, 2012.
11. Аннотированная повестка секционных заседаний I Съезда лидеров мировых и традиционных религий // <http://www.religions-congress.org> от 1 июля, 2009.
12. Второй Съезд лидеров мировых и традиционных религий в Астане // <http://www.religions-congress.org> от 12 сентября, 2006 г.
13. Кинжибаева Г. Традиция диалога между конфессиями // <http://www.zakon.kz> от 13 мая, 2011.
14. Қайрат Лама Шариф: Ислам – религия единства, мира и добра // <http://kazpravda.kz> от 10 августа, 2011.
15. Сегодня глава государства Н.Назарбаев выступил на заключительной сессии IV Съезда лидеров мировых и традиционных религий // <http://www.kisi.kz> от 31 мая, 2012.
16. Афоризы автора Абдул-Баха // <http://letter.com.ua>

Белорус, Қазақстан, Ресей Кеден Одағының Шанхай ынтымақтастық ұйымының әлеуметтік-экономикалық әріптестігіне тигізген ықпалы

Қабидын ҚАЛИ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Шығыстану факультетінің магистранты
Ажар СЕРІКҚАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Шығыстану факультетінің PhD докторанты

Интеграциялық үдеріс шеңберінде Ресей, Қазақстан, Беларусь – үш елдің қатысуымен құрылған Кеден одағы және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) бүгінгі таңда аймақтық, тіпті халықаралық ықпалды және маңыздылығы зор мемлекетаралық ұйымдар. 2001 жылы маусымда, ШЫҰ-ның алғашқы саммиті өтіп, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы жарлығына» қол қойылды. Аймақтық ұйымның екіншісі – Кеден одағы 2010 жылы 6 шілдеде ресми түрде жұмысын бастады. Ал Ресей мен Қазақстан өз кезегінде Кеден одағының мүшесі болуымен қатар, ШЫҰ-ның да мүшесі болып табылады. Беларусь 2009 жылдың маусымында ШЫҰ-ның диалогтық серіктесі мәртебесін иеленді [1]. Бұл тұрғыдан қарастырғанда, Кеден одағының ШЫҰ-дағы әлеуметтік-экономикалық әріптестігіне тигізген ықпалын қарастырудың маңызы зор. Бұл мақалада Шанхай ынтымақтастық ұйымына Ресей, Беларусь, Қазақстан Кеден одағының тигізген ықпалын, Кеден одағының нысаны мен қызметі және оның экономикалық негізі сияқты тараптарын қарастыруымыз қажет.

I. Кеден одағы.

Кеден одағы жалпы мағынада екі немесе одан да көп мемлекеттер өзара келісім шартқа отырып, біртұтас кеден аумағын құрып, сол аумаққа қатысушы мемлекеттер өзара тауардың нарық көрсеткішін азайту, не алып тастау және одан тыс мемлекеттердің тауарларына жеке салық мөлшерін бекітіп, біртұтас сыртқы саясатын қолдануды білдіреді. Кеден аумағын салықтық аумақ немесе кеден аумақтық территория деп те атайды, бұл арада Кеден кодексіне сәйкес келетін аумақты көрсетеді. Кеден одағының мүшелері арасында, яғни біртұтас кеден аумағының аясында сауда айналымына кедергі болмайды, өзара сауда байланыстары толық түрде жүріп отырады. Кеден одағы ең алғашқы рет Еуропада пайда болған. Бүгінгі таңда Кеден одағы аймақтық экономикалық бірігудің маңызды ұйымдастыру формасының бір түрі болып есептеледі.

1. Ресей, Белорус және Қазақстан Кеден одағының құрылуы.

1991 жылы Кеңес одағы ыдырағанымен, Ресей мен Орта Азия елдері аймақтық экономикалық бірігу үрдісін тоқтатқан жоқ. 1995 жылы 6 қаңтарда Ресей мен Белорус Кеден одағының келісім шартына тұңғыш рет қол қояды [2], ал сол айдың жиырмамыншы жұлдызында Қазақстан бұл одаққа қосылады [3]. 1999 жылы ақпанда Ресей, Белорус, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан сияқты бес мемлекет Еуразия экономикалық бірлестік қарамағындағы Кеден одағы мен біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қол қояды [4]. 2000 жылдың қазан айында 5 ел келісім жасап, Кеден одағын Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) түрінде ұйымдастырады. 2007 жылы қазанда Кеден одағы комиссиясы құру туралы келісімге [5] және Біртұтас Кеден аумағы мен Кеден одағын құру туралы келісім шартқа Ресей, Қазақстан мен Белорус мемлекеттері қол қояды [6], бұл Еуразия экономикалық бірлестік аясында аталған үш елдің Кеден одағының құру үрдісін қайта мәселе етіп қозғағанын білдірді.

Біртұтас Кеден аумағы мен Кеден одағын құру туралы келісімге сәйкес, Кеден одағын толығымен қалыптастырмай жатып, төмендегідей міндеттер орындалуға тиісті: жеке нарықтық көрсеткішті белгілеу және атқару, басқа мемлекеттермен келісіп ортақ сауда тәртібін жасау. Одақтағы елдер арасындағы ортақ кедендік салық жинау және бөлісу тәртібін орнату. Сыртқы және өзара сауда

барысында арнайы статистикалық әдісті қолдану, кедендік басқару тәртіптерін біріктіру, сонымен қатар Кедендік салық жинау тәртібін өз ішіне қамтитын біртұтас Кедендік мәлімдеме жасау және Кеден одағына қатысты органдарды құру.

2009 жылы қарашада Ресей, Белорус, Қазақстан сияқты одақтас елдер «Кеден кодексі» туралы келісімге қол қояды [7]. «Кеден кодексін» Кеден одағының ата заңы деп қарастырсақ та болады, себебі бұл құжат Кеден одағының құрылуы өзінің соңғы кезеңіне жеткенін көрсетеді. 2010 жылы 1-ші қаңтарда біртұтас Кеден салық көрсеткіші бойынша қызметтер атқарыла бастайды.

2010 жылы «Кеден кодексін» Ресей мен Қазақстан елдерінде ресми түрде бірінші шілдеде, ал Белорусте 6-шы шілдеден бастап қолданысқа енгізеді, сондықтан үш елдің жеке ұйым ретінде жұмыс бастаған уақытын 2010 жылы 6-шы шілде деп қабылданды.

Біртұтас кеден аумағы мен Кеден одағын құру туралы келісімге сәйкес, Кеден одағын құрудағы негізгі мақсат – одақтағы мүше елдер арасында тауарлардың еркін саудалануына кепілдік жасау, Кеден одағы мен басқа елдер арасындағы сауда барысында тиімді шарттарға ие болуына кепілдік беру және де мүше мемлекеттердің экономикасының біртұтастығын дамыту болып табылады.

Жалпы Кеден одағының құрылу барысына көңіл бөлсек, Орта Азия мемлекеттері арасындағы экономиканың біртұтастану үрдісі оңай болмағандығы байқалады. Бұл үрдіс 1995 жылдан 2010 жылға дейін 15 жыл уақытты қамтыды. Экономикалық айырмашылықтар мен басқа да себептерге байланысты Қырғызстан мен Тәжікстан Кеден одағының іргетасын қалаған мүшелеріне кіре алмады.

2. Ресей, Белорус пен Қазақстанның Кеден одағындағы сыртқы сауда жағдайлары.

Қазіргі таңда Кеден одағына мүше үш елдерде жалпы саны 167 миллион халық тұрады, оның ішінде Ресей халқы 142 миллионды құрайды. Кеден одағының жалпы ішкі өнімінің құны (GDP) 2 миллиард АҚШ доллары көлемінде, бұның ішінде Ресей 1,45 миллиард АҚШ долларын өндірген. 2009 жылы сыртқы сауданың жалпы құны 915,7 миллион АҚШ долларына жеткен, оның ішінде Ресей 734,68 миллион, Қазақстан 109,07 миллион, Белорус 71,95 миллион АҚШ долларын құраған [8], бұл сандардан Ресей Кеден одағындағы экономикалық қуаты ең күшті ел екендігі байқалады.

Кеден одағының мүше елдері арасында, Белорустың одақтас көлеміндегі ішкі саудасының жалпы сыртқы саудаға қатысты

көрсеткіші Ресей мен Қазақстаннан әлдеқайда жоғары, шамамен 48% болмақ. Ал Ресейдің көрсеткіші ең төмен, 7% құрайды. Қазақстан осы көрсеткіште 18%-ды құрайды [9]. Белорус пен Қазақстанның Кеден одағына деген тәуелділігі Ресейге қарағанда әлдеқайда жоғары болғанмен, Ресей Кеден одағына үлкен әсер тигізуде.

2010 жылы 1 қаңтарда біртұтас Кеден салық көрсеткіші бойынша қызметтер көрсетіле бастайды. 2010 жылдың алғашқы екі маусымдық статистикалық санағы келесіні көрсетеді: 2009 жылдың алдыңғы жарты жылымен салыстырғанда, Белорус пен Қазақстан одақтың көлеміндегі ішкі сауда мөлшері өздерінің сыртқы сауда мөлшерінен құрайтын үлесі салыстырмалы түрде көтерілген, Ресейдің осы көрсеткіші салыстырмалы түрде төмендеген, сонымен бірге Кеден одағының мүше елдері арасында өзара сауда көлемі үш елдің жалпы сыртқы сауда құны құраған үлесінен салыстырмалы түрде төмендеген [10]. Кеден одағының өзге мүшелерге сауда жағынан тигізген ықпалы бір деңгейде емес, мүше мемлекеттер арасында сауда көлемін ұлғайту тұрғысындағы ықпалы әлі де айқын көрініп отырған жоқ.

Қазақстан Республикасының Кеден және ішкі статистикасы көрсеткіші бойынша 2011 жылдың алдыңғы жарты жылында, 2010 жылдың сол айларымен салыстырғанда Кеден Одағы мемлекеттерімен Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі 43,5%-ға өсті: яғни 8 018,7 млн. АҚШ долларынан 11 509,0 млн. АҚШ долларына жетті. Бұл көрсеткіш Қазақстанның жалпы сыртқы сауда көлемінің 18,7% құрады [11].

3. Кеден одағының салық мәселесі.

Кеден одағының ең негізгі ерекшелігі Кеден салығын ретке келтіруінде. 2009 жылы қарашада Біртұтас экономикалық кеңістік Мемлекеттер Комитеті (Кеден одағының ең жоғарғы басқару органы болды) және Кеден Одағы Комитеті бірігіп «Біртұтас кеден нарық мөлшерін» қабылдайды [12], ол 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады. Іске қосылғаннан кейін бұл нарық мөлшеріне 2011 жылдың 28 қаңтарына дейін 32 рет өзгерістер енгізілді. Одақ құрылудан бұрын біртұтас кеден нарық мөлшеріндегі импорт салығын Ресейдің импорт салығының негізінде бекіткен. Салық мөлшерінің 18%-на өзгеріс енгізіп, 350 түрін жоғарлатып, 1500 түрін төмендетті. Тұтас импорт кеден салығы ретке келтірілгеннен кейін, Ресейдің импорттық кеден салық деңгейі 1%-ға төмендеді. Реттеулерден кейінгі Белорус пен Ресейдің импорт кеден салығы

бірдей бөлігі 74,6% болғандықтан, Белорус тек 6,7% тауардың импорт кеден салығына реттеу жүргізді. Қазақстанның импорт кеден салығының орташа деңгейі Белорус пен Ресейден салыстырмалы төмен, сонымен бірге Ресейдің импорт кеден салығының тек 36% бөлігін құрағандықтан, Қазақстан 5044 түрлі тауардың импорт кеден салығын көтерді, бұл жалпы импортқа шығарылатын тауардың 32%-н құрайды. Импорт кеден салығын тек 5%-ға төмендетті. Біртұтас кеден нарық мөлшерлемесін іске қосқан соң, Қазақстан импорт кеден салығының орташа деңгейін жоғарлатты.

Кеден одағы әлі де адвалорлық кеден салығы, сомаға негізделген кеден салығы және талдамалы кеден салығы сияқты үш түрлі салық жинайды. Адвалорлық кеден салығы импортталған тауардың мәлімдеген бағасын негіз етіп жинайды, пайызды (%) белгісімен белгіленеді. Сомаға негізделген кеден салығы импортталған тауардың ауырлығын, көлемін, данасының санын басшылыққа алады. Талдамалы кеден салығы дегеніміз импортталатын тауарға адвалорлық кеден салығы немесе сомаға негізделген кеден салығын жинау, әдетте салық жоғарғысы бойынша жиналады. Біртұтас кеден салығы бекітілген тауар 11174 түрді қамтиды, оның ішінде 82,4% Адвалорлық, 2% Сомаға негізделген, 15,6% Талдамалы кеден салық бойынша жиналады. Адвалорлық кеден салық бойынша импортталатын тауардың арасында ең көп жиналатын түрлері 5%, 15%, 10%, 30% және 20%. Жоғары кеден салықты тауар түрлері қатарына ашытқы, темекі бұйымдары және жеңіл автокөліктер (30–35%), шошқа еті (40%), сиыр еті (50%), тауық еті (75%), қоюлығы 80% жоғары күйін өзгертпеген спирт ерітіндісі (100%) жатады. Орташа деңгейі 10, 2%.

Сомаға негізделген кеден салығы бойынша импортталатын тауарлар қатарына алма, алмұрт, күріш, шекер қант, шоколад, минералды су, газдалған су, сыра, арак, шақпақ, көз әйнек, автокөлік, арнайы дайындалған автокөлік және т.б. жатқызылады. Тауарға байланысты тауар салығы да өзгеше болады. Кеден одағы Қазақстан үшін өтпелі кезеңін орналастырды, нәтижесінде біртұтас кеден нарықтық талабы бойынша, Қазақстан салық деңгейін 6,2%-дан 10,6%-ға дейін өсірді. Экономикаға тигізер кері әсерін азайту мақсатында кеден салығына өзгерістер енгізілді және Қазақстан жағының ұсынысы бойынша, Кеден Одағы Комитеті 309 түрлі тауарлаға 1 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта «кедендік салықсыз өтпелі кезеңін», 102 түрлі тауарларға 1 жылдан 5 жылға дейінгі аралықта «5% кедендік салықтың өтпелі кезеңін» орналастыруды ұйғарды. Кедендік салықсыз өтпелі кезеңіне

жататын тауарлар – дәрілер, пластик және өндірімдер, медициналық аспаптар, поезд вагондары, жолаушы және жүк вагондары, ашық вагондар, жылжымалы үйлер, сұйықтық пен газ мөшерлерін өлшеу аппараттары, спидометр және тахометр, темір жол жөндеу көлігі, осциллограф, спектр анализаторы, оптикалық кабель, оптогалшық, көтермелі пневматикалық аспап, алюминий материалдары, ағаш қоймалжыңы және басқа да целлюлозалар мен магнит тастары. 5% кедендік салықтың өтпелі кезеңіне сәйкес келетін тауарлар қатарына алма, алмұрт, алюминий трубасы, линза, призма сияқты оптикалық аспап, метеорологиялық және геофизикалық өлшеу аспаптары, көк қағаз, жылтыр қағаз, картон қағаз, ламинатор, сурет аппараты сынды тауарлар жатқызылады. Өтпелі кезең шарасын қолданудан тыс, шетелден қаржыландырылатын Қазақстандағы нысандарға қажетті аспап-саймандары және шикі заттар үшін кедендік салық жалғасты түрде салынбайды. Жеңілдіктерге ие болған тауарлардың Ресейге экспортталмай қалудың алдын алу үшін, жалпы 5 жылдық өтпелі кезеңде Ресей мен Қазақстан арасында кеден органы сақталады, бірақ оның қызметінде өзгеріс енгізіліп, бақылау көлемі кішірейген.

Кеден одағының салық мөлшері Ресейдің импорт кеден салығы негізінде белгіленгендіктен, біртұтас кеден салығы бекітілгеннен кейін Ресейдің кеден салығы 1%-ға төмендеген. Бұл жалпы жағдай Ресейдің сауда әріптестеріне тиімді болғанымен, Қазақстанның сауда әріптестеріне тиімсіз болып тұр, бірақ негізгі тауарларға өтпелі кезең орналастырылғандықтан, біртұтас кеден салығын орнатудан туындаған кері әсерлер уақытша ұлғая қоймайды.

Еуразия Экономикалық Қауымдастығына дейін 2001 жылы 31 мамырда Еуразиялық Экономика кеңістік Комитеті Белорус астанасы Минскіде бірінші кезекті жиналысында Еуразиялық Экономика кеңістігінің ресми түрде құрылғандығын жариялайды. 2005 жылы Өзбекстан ұйымға қосылуға ұсыныс жасады. Еуразиялық Экономика кеңістіктің бақылаушы мемлекеттері қатарында Украина, Армения және Молдова бар. Қазіргі кезде шарт жағдайлары жетілген Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден Одағын құруда, ал бұл болашақта Еуразиялық Экономикалық кеңістік мүшелерінің тұтас Кеден Одағын құруына және де Еуразия Экономикалық Одағына айналуына өз үлесін қоспақ.

Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағының құрылуы Еуразиялық Экономикалық кеңістік аясында экономиканы біртұтасландыру барысындағы маңызды жетістік болып табылады. Кеден одағы Еуразиялық Экономикалық кеңістік ішіндегі мемлекетаралық ұйым.

Кеден одағын дамытып, тұтас экономикалық кеңістікті құру арқылы, Еуразиялық Экономикалық кеңістік біртіндеп экономикасы жоғары дәрежеде біртұтасландырылған ұйым Еуразия Экономикалық Одағына, тіпті Еуразиялық Одаққа айналуы мүмкін.

Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағы Еуразиялық Экономикалық Кеңістіктің ортақ нарыққа негізделген біртұтас экономикалық кеңістікті құрудағы бірден бір төте жолы. 1999 жылы ақпанда Еуразия Экономикалық кеңістіктің мүше елдері қабылдаған «Кеден одағы мен біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісімі» бойынша, біртұтас экономикалық кеңістік дегеніміз – келісімге отырған мүше елдер территориясынан құралған кеңістік. Осы кеңістік аясында нарық негізінде бірдей басқару тәртібі іске асырылып, өзара бірдей заң тәртібі мен базалық құрылғылары, ортақ келісім арқылы бекітілетін салық саясаты және ақшалай сенімді қарыз саясаттары, ақша айырбастау және финанс саясаты, сауда саясаты, кедендік салық саясаты қалыптастырылып, сонымен бірге тауар, қызмет көрсету, капиталдың, еңбек күштерінің еркін айналымға түсуіне кепілдік беріледі.

Жоғарыдағы келісім бойынша, ортақ нарыққа негізделген біртұтас экономикалық кеңістік құрудағы мақсат – біртұтас тауар нарығын, қызмет көрсету нарығын, капитал нарығын, еңбек күш нарығы сияқты нарықтардың қалыпты жұмыс істеуіне кепілдік беру, мүше елдердің экономикалық құрылымына реформа жүргізуіне орай жаратып, халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге септігін тигізу, біртұтас тасымалдау, энергия, ақпарат жүйесін орнату, біртұтас мемлекет қолдауындағы басымды экономикалық салалар, сонымен бірге өндіріс пен ғылыми-техникалық серіктестік шараларына қолдау көрсету жүйесін орнату. Жеке экономикалық кеңістік құрудың негізгі қағидалары ретінде өзара келісім, экономикалық өзара тиімділік, өзара көмек көрсету, еріктілік, өзара теңдік, қабылдаған шешімдерге бірлескен жауапкершілік және ашықтық қағидалары негізге алынады.

Келісімде белгіленген бойынша, әр мемлекет біртұтас экономикалық кеңістік құру барысында Кеден одағын құру керек деп қарастырылған. Кеден одағын құру мен біртұтас экономикалық кеңістік құруға басшылық ететін орган Еуразиялық экономикалық кеңістік Мемлекеттер Комитеті, үкімет басшылар комитеті, парламентаралық комитеті болып саналады. Нақты жауапты орган – Еуразиялық экономикалық кеңістіктің Біртұтастандыру Комитеті.

Жоғарғы келісім біртұтас экономикалық кеңістік құру кезеңдерінде белгіленген. Бірінші басқыш ретінде Кеден одағы мен біртұтас кеден аймағын құру саналады. Екінші басқышта біртұтас экономикалық кеңістік құру тұр. Бұл кезеңде біртұтас ішкі тауар, қызмет көрсету, капитал айналымы, еңбек күш нарықтарын құру, сонымен қатар біртұтас экономикалық тәртіп орнату, жеке базалық құрылымдарды дайындау, әр елге сәйкесті заң тәртіптерін бір жүйеге келтіріп, экономикалық кеңістіктің ақаусыз қызмет атқаруына кепілдік жасау қарастырылған. Үшінші басқышта экономикалық бірлестік барысында әр тарап ынтымақтастықта біртұтас үлкен экономикалық негізгі көрсеткіштерін белгілеуі және атқаруы керек.

Біртұлғаландырудың үш басқышынан кейін валютаны жолға қоятын шартты жағдай әзірленеді. Арнайы валютаны қолданған біртұтас экономикалық кеңістікте мүше елдерден құралған ұйым Еуразия Экономикалық Одағы болмақ. Еуразия Экономикалық Одағының келесі кезеңі Еуроодақ болып саналады. Еуразия Одағы дегеніміз – қазіргі Еуропада белең алған сыртқы саясатты қамтыған экономика және саясаттардың толығымен қосылуы. 2010 жылы желтоқсанда Қазақстан президенті Н. Назарбаев «Кеден одағының құрылуы Еуразия Экономикалық Одағы құрылуына тағы бір қадам алға бастырды» деп айтқан болатын. Ал Ресей президенті «Еуразия Экономикалық Кеңістіктің түпкі мақсаты Еуразия одағын (Евразийский союз) құру» деп тіпті айқын көрсетті [13].

Жоғарыда айтылғандар бойынша, Еуразия Экономикалық Кеңістіктің біртұлғалану барысын төмендегідей көруге болады:



Еуразиялық экономикалық интеграциясының даму кезеңдері [14].

Қазіргі таңда, Ресей, Белорус, Қазақстан үш мемлекет экономикалық біртұлғаландыру барысын ілгерлендіріп жатыр. 2010 жылы үш ел тағы да біртұлғаландыруға қатысты бірқатар құжаттарға қол қойды. 17 құжаттың ішінде ең маңыздысы – «Ақылдасқан біркелкі макроэкономикалық саясаттарды атқару туралы келісім» [15]. Бұл құжат Кеден одағы мүшелерінің бірігіп үлкен экономикалық саясатты және үлкен экономикалық көрсеткіштерді белгілейтіндігін көрсетеді. Басқа құжаттарда біркелкі атқарылатын валюталық тәртіп және қызмет көрсету, капитал, еңбек күші нарықтарындағы, сонымен қатар табиғи монополиялы салалардағы негізгі ережелер белгіленген. 2012 жылдың қантар айында Біртұтас экономикалық кеңістік туралы келісім ресми түрде күшіне енді [16].

Еуроодақтың тәжірибесі көрсеткендей, аймақтық экономиканың жоғары дәрежеде біртұлғалануы саясаттың біртұлғалануына алып келеді, сондай-ақ саясат, экономика, дипломатияның біртұлғалануы ең негізгі мақсат болып қарастырылады. Саясаттың және дипломатияның біртұлғалануының үрдіс болғанымен, экономикалық біртұлғалану іске асқан соң, саясат пен әскер біртұлғалануға мәжбүр болады. Еуразия экономикалық бірлестігіндегі 5 елдің: Ресей, Белорус, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан, сондай-ақ Орта Азия мемлекеттері Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымына мүше елдері қатарында болуы осы жағдаймен түсіндіріледі.

Еуразиялық экономикалық бірлестік пен Орта Азия мемлекеттері Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымын алып қарағанда, екеуі қатарлас көрінгенімен, экономикалық біртұлғалану жоғары деңгейге жеткенде, Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымы саяси біртұлғаланудың маңызды негізі болмақ. Сондықтан да Ұжымдық Қауіпсіздік Шарты Ұйымы болашақтағы Еуразия Одағының қажетті саяси дайындық баспалдағы десек те артық емес.

II. Кеден одағының Шанхай ынтымақтастық ұйымына тигізген ықпалы.

Ресей мен Қазақстан – Шанхай ынтымақтастық ұйымының мүше елдері, әрі Кеден одағын құрушы елдер. ШЫҰ қызмет көлемінде экономика саласын қамтиды, сондықтан, Кеден одағы және оның біртұлғалану барысы әрине ШЫҰ-ға әсерін тигізбей қоймайды етеді. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда жаңа ұйымның ШЫҰ-на тигізген әсерін қарастырудың маңызы зор.

1. ШЫҰ-ның экономикалық ынтымақтастықты дамытудағы атқарған ісі.

ШЫҰ құрылуы алдындағы ұйым Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан елдерінен құралған «Бес Елдің Шанхай кездесуі» механизмы болған. 2001 жылы маусымда, аталған бес ел басшылары Шанхайда 6-шы кезекті жиналыс өткізгенде, Өзбекстан аталған ұйымға мүше ел ретінде қосылды. Нәтижесінде алты ел басшылары бірінші кезекті саммит өткізіп, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуы туралы жарлығына» қол қойды және ШЫҰ ресми түрде құрылды.

2001 жылы қыркүйекте ШЫҰ «ШЫҰ-ның мүше елдері үкіметаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаты мен бағыты және сауда мен инвестицияға қолайлы жағдай туғызу үрдісін іске асыру туралы Меморандумға» қол қойды. ШЫҰ мүшелері аймақтық экономикалық ынтымақтастығының негізгі мақсаты – ұйымға мүше елдердің экономикасын өзара толықтыру рөлін пайдаланып, ортақ даму, сауда мен қаржы салу көлемін ұлғайту; дәнекерлердің арасында селбесіп, өндіріс жасау мен сауда әрекеттерінің дамуына қолдау көрсету; сауда, қаржы салу ортасын жақсарту, біртіндеп тауар, капитал, қызмет көрсету, техниканың еркін айналымға түсуіне шартты жағдай жасау; әр елдің сыртқы экономикалық әрекеттеріне байланысты заң ережелерін үйлестіру; әр елдің қазіргі заңдары бойынша мүше елдердің әкімшілік аудандары арасындағы көп түрлі формадағы тікелей байланыстарға қолдау көрсету; тасымал және хабарласу саласындағы қазіргі бар базалық аппараттарды ұтымды пайдалана отырып, шекара асып тасымалдаудың мүмкіндігін барынша ілгерлету; қызмет көрсету саласын дамыту; табиғи қайнарлардың өнімді пайдалануына кепілдік беру; ортақ экологиялық жобаларды жасау; аймақтық экономикалық ынтымақтастық жүйесін қалыптастыру және дамыту.

«Меморандумда» төмендегі жолдар арқылы сауда мен инвестицияға қолайлы жағдай жасау жолдары қарастырылған: сауда мен қаржы салудағы бөгеттерді кезеңдермен жою, тауар және жолаушылардың шекара асып тасымалдауы жайында заң шығару, экономикалық, ұйымдастыру және басқа жақтардан қолайлы жағдай жасау, кедендік базалық құрылымдарды дамыту, заңдық ақпарат алмастыруды кеңейту, өзара қаржы салуды тарту және қорғау.

«Меморандумда» ШЫҰ мүше мемлекеттердің сыртқы экономикасы мен сауда министрлерінің бас қосу жүйесі қалыптастырылып, ұзақ мерзімдік көп жақтылы экономикалық ынтымақтастық та-

лаптары белгіленіп, селбесудегі нақты бағыттар, яғни алдыңғы салаларды, көлем және жобаларды айқындау деп белгіленген. Бірақ «Меморандумның» 7-ші тармағында: ШЫҰ-дағы ынтымақтастық ұйымға мүше елдердің басқа да халықаралық келісімдік ұйымдарына мүше болу міндеттері мен құқықтарына қайшы келмейді деп жазылған. Осы және басқа да халықаралық келісімдік ұйымдар арасында Еуразиялық Экономикалық Кеңістік пен Кеден одағы толық экономикалық кеңістікті қамтиды және халықаралық келісім мен тармақтар «Меморандумнан» жоғары тұрады.

2002 жылы маусымда ШЫҰ-на мүше елдерінің төрағасы Санкт-Петербургте екінші кезекті саммитін өткізеді, «ШЫҰ жарғысына» қол қойылады. Жарғыда ШЫҰ-ның мақсатын, қағидасын, орган құрылымын, оперативтік құрылымын, селбесу бағытын және де сыртқы байланыстары туралы айқын баяндалған, бұл халықаралық заң аясында ШЫҰ-ның ресми түрде құрылғандығын көрсетті. ШЫҰ ұйымының жалпы территориясы 30 миллион шаршы километр, Еуразия материгінің бестен үш бөлігін қамтиды, халық саны 1 миллиард 489 миллион, дүниежүзілік халық санының төрттен бір бөлігін құрайды.

«ШЫҰ жарғысы» бойынша, ұйымның негізгі мақсаты мен міндеті – мүше елдері арасында өзара сенімді, достық қарым-қатынасын күшейтіп, көп салалық ынтымақтастықты дамыту; әлемдік бейбітшілік, қауіпсіздік және тыныштықты қорғау және күшейту; демократиялық, әділетті, орынды түрде халықаралық саяси экономикаға жаңа тәртіп орнату; әртүрлі формадағы терроризм, сепаратизм мен экстремизмге соққы беру. Заңсыз түрдегі есірткі, қару-жарақ және басқа да ұлтаралық қылмыстық әрекеттерге және заңсыз имигранттарға топтасуға тыйым салу. Саясат, экономика, қорғаныстар түрі, заң атқару, экологияны қорғау, мәдениет, ғылым, техника, оқу ағарту ісі, энергия, қатынас тасымалдау, финансы, сенімді қарыз және басқа да салаларда аймақтық селбесулерге қолдау көрсету; тең дәрежеде әріптестік байланыс негізінде, бірлеспеген әрекет арқылы, аймақтық экономика, әлеуметтік, мәдениет жақтарынан жалпы сәйкестіктің дамуына демеу беру; әр елдің тұрмыстық деңгейін көтеруге ат салысу және тұрмыстық мәселе жағдайын жақсарту; әлемдік экономика үрдісіне қатысу барысында ой бөлісу, ұйымға мүше елдердің халықаралық міндеттері мен ел іші заңдары негізінде, азаматтық құқық және еркіндікке кепілдік беру, басқа елдермен, халықаралық ұйымдармен байланыстарын сақтау және дамыту, халықаралық қақтығыстан сақтану және жанжал-

сыз шешім қабылдау барысында өзара көмек көрсету, ХХІ ғасырда пайда болған мәселелерге бірлесіп шешім табу. Жарғыда айтылған мақсат-міндеттерге қарағанда, ШЫҰ белсенді түрде экономикалық ынтымақтастыққа қолдау көрсетеді және аймақтық экономика, әлеуметтік мәдениеттің жалпы сырттық дамуына демеу береді.

2003 жылдың қыркүйек айында «Меморандум» және «ШЫҰ жарғысы» бойынша «ШЫҰ-ның мүшелері көпжақты өзара коммюнике» жасайды. (төменде «коммюнике»). «Коммюнике» бойынша көпжақтылық экономикалық ынтымақтастықтың мақсаты мен міндеті: ШЫҰ-на мүше елдерінің экономикалық ынтымақтастыққа қолдау көрсету, өзара пайдалы экономикалық байланысты дамыту, әр елдің экономикалық түйінді салаларының өндірістік және инвестициялық селбестіктеріне қолдау көрсету және дамыту, және осыған сүйене отырып, өзара сауда көлемін ұлғайту, тұрғындардың тұрмыс жағдайын көтеру; қысқа мерзімде белсенді түрде сауда және инвестицияға қолайлы жағдай жасау; бірауыздан «Коммюникені» қабылдап, мемлекеттермен көп жақты келісімді және заңды ережелерді бекіту; осы заманға сай ұйымдасу және технологиялық дәрежеде экономикалық инвестициялық ақпарат кеңістігін құру және дамыту; ортақ қызығушылық алдыңғы шеп ынтымақтастық салаларын және үлгі ретінде ынтымақтастық объектілерді тұрақтандыру және атқару болып табылады.

«Коммюнике» бойынша 2010 жылға дейін орындалуға тиісті міндет – бірқалыпты, болжамды, ашық ережелерді белгілеу, ШЫҰ-ның аясында сауда инвестициясына қолайлы жағдай жасау және осы негізде «ШЫҰ жарғысы» мен «Меморандум» белгілеген салаларда кең көлемдік, көп жақтылық экономикалық ынтымақтастықты дамыту. Сол себептен, ортақ жоба-жоспарларды жасау қажет және оған қолдау көрсету жүйесін орнату керек.

«Коммюнике» бойынша 2020 жылға дейін ШЫҰ-ның мүшелері өзара жәрдем беру негізінде ең өнімді түрде аймақтық ресурстарды пайдалануы керек, саудалық инвестицияларды қолайлы жарату керек, сол арқылы тауардың, капиталдың, қызмет көрсету және техниканың еркін айналымға түсуіне мүмкіндік жасау керек. Бұдан «Коммюнике» ынтымақтастықтың басты бағытын және атқару тәртібін айқындайтындығы байқалады.

Жоғарыда атап кеткенге көңіл бөлсек, «Коммюникеде» қолданған маңызды сөздер: қолдау, демеу, қолайлы жарату. «Коммюнике» жасау барысында Қытай тарапынан ШЫҰ-ның ішінде «еркін сауда аймағын» құру туралы ұсыныс болған, алайда бұл ұсынысты

2020 жылға дейін «тауардың, капиталдың, қызмет көрсету және техниканың еркін айналымға түсуіне кепілді болу» деп қана белгілейді де, «еркін сауда аймағы» сияқты біртұлғаланудың алғашқы формасын ШЫҰ-ның экономикалық ынтымақтастықтың мақсаты ретінде қарастырмайды. «Еркін сауда аймағының» ерекшелігі – осы аумақ аясында, мүше мемлекеттер арасында кеден салығын алып тастау және басқа да саудалық кедергілерді жою, алайда әр елдің өзіндік сыртқы сауда саясатын жүргізуіне, көбінесе басқа елдерге қатысты кеден саясатын орнатуға мүмкіндік беру. Сондықтан ШЫҰ аймағында «тауардың, капиталдың, қызмет көрсетудің және техниканың еркін айналымға түсуіне кепіл берген» күнде, «Еркін сауда аймағының» ең төмен деңгейдегі біртұлғалану формасы секілді экономикаға қолдау көрсету ықпалы зор болмайды.

ШЫҰ «Еркін сауда аймағы» туралы ортақ келісімге келе алмай, тек қолайлы жарату деңгейінде тұруы, ШЫҰ елдерінің экономикалық ортақ мүдде жағында өзіндік мүмкіндіктердің жоқтығын көрсетеді және бұл жағдай 2020 жылға дейін осылай болмақ.

2004 жылы қыркүйек айында ШЫҰ «коммюникені атқару жайындағы жоспарына» қол қойды, ол барлығы 127 тармақтан құралған. «Коммюникені» атқару талабына сай 2005 жылы қазанда ШЫҰ «банктер бірлестігін» құрады, мұнда әр мүше елдердің даму банкілері кіреді. 2006 жылы сәуірде ШЫҰ «кәсіпкерлер комитетін құрады». Бұл екі ұйымның үкіметтік міндеттері болғанымен, екеуі де үкіметтік емес ұйымдарға жатады.

ШЫҰ сауда және инвестиция жағынан көптеген талпыныстар жасап, бірталай нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жетістіктер инвестициялардың және ынтымақтастық объектілердің көбею жағынан көрінеді. Алайда елдердің сауда экология ортасына баға берген кезде, қолайлы жарату барысы айтарлықтай оңай бола қоймады, және де тағы да талпыныстар жасауды талап етіп отыр.

Қытайдың белгілі бір органының 2008 жылғы Қытай қаржыландырған кәсіп орындарға ШЫҰ-ның мүшелерінің сауда және инвестициялық ортасына бағалау туралы тексеруге қарағанда, сауда тәртіптері, кеден салық деңгейі, кеденнен өту процестері және тауарларды тексеру әлі де кәсіпорындардың өндірістік қимылдарының басты бөгеттері болып отырғандығын айқындаған. 28 түрлі бағалау көрсеткіштерінде, 19 түрлі көрсеткіш кәсіпорынға деген ықпалы әдеттегідей деп танылды және 67,9% құрады. Кәсіпорынға ықпалы зор деп танылған 8 түрлі көрсеткіш 28,6% құрады. Инвестициялық ортаға байланысты бағалауда, 20 түрлі көрсеткішке белсенді баға

берген. Алайда шетел инвесторларына кіру рұқсаты бар финанс, кен өнімдерін ашу, телеграф, автомобиль құрастыру және сату сияқты салаларда Қытай кәсіпорындарының инвесторлары күтпеген дәрежеде шектеуге ұшыраған, тіпті кейбірі «өте үлкен кедергі» деп те баға берген. Қызметтік визаның қолайлы болмауы Қытай кәсіпорындарының әр елде бетпе-бет кездесетін ортақ мәселе болып отыр, сонымен бірге кәсіпорын ықпалы өндірістік әрекеттеріне өте зор болып отыр [17].

ШЫҰ-ның экономикалық негізгі құжаттары меморандум формасында, ал Еуразиялық кеңістіктің құжаттары келісім формасында және құжаттардың заңдық күші бірдей емес. Тағы бір өзгешелігі, ШЫҰ өзін экономикалық тұрғыдағы орнын тиімді пайдалану мақсатында деп белгілеген, ал Еуразиялық кеңістіктің мақсаты экономиканың біртұталануын жолға келтіру болып табылады. Бұл екі үдерістің мәнінде үлкен айырмашылықтар бар. Еуразиялық кеңістіктің көздеп отырғаны Еуразиялық экономика одағын құру, яғни Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағы Еуразиялық кеңістіктің Еуразия экономика одағына жетудегі басар жолы, болашақтағы Еуразия экономика одағының сызбасы болмақ. Кеден одағы мен ШЫҰ бірге қызмет атқаруда және кей елдер екі ұйымға да ортақ мүше, осы орайды алдыңғысының кейінгіге ықпалын елемеуге болмас.

2. Кеден одағының ШЫҰ-на тигізген экономикалық ықпалы.

1) Кеден одағының ШЫҰ-ның мүш е мемлекеттеріне тигізген эксклюзивті ықпалы.

Эксклюзив Кеден одағының негізгі сипаты болып табылады. Бұл Кеден одағы елдерінің өзара кеден салығын алып тастау және одақтан тыс елдерге байланысты біртұтас кедендік салық пен сыртқы сауда саясатын жолға қою, тұтас қорғау шараларын қолдану, мысалы импорт мөлшерінің шегін, денсаулық сақтау өлшемдерін, техникалық өлшемдерді белгілеу.

Кеден одағының ШЫҰ-ның кейбір мүше елдеріне тигізген эксклюзивті ықпалы – бұл ШЫҰ-на мүше төрт елдің, яғни Қытай, Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінің тауарлары мен қызметтеріне бірдей кедергі орнатуы деп түсінсек болады. Кеден одағының көлемін оның сыртқа қарай белгілеген кедендік салық мөлшері және басқа да көптеген шаралар белгілейді. Тәжікстан және Қырғызстан Еуразиялық экономикалық кеңістіктің мүшелері болғандықтан, бұл екі елдің Кеден одағына қосылуы тек уақыт мәселесі болмақ, және де көп ұзамай қосылатын болады. Өзбекстан

кезінде толық мүше мәртебесі бар Еуразиялық кеңістіктің мүшесі болатын. Іс жүзінде осы ел экономикасы Еуразиялық кеңістіктің мүше елдер экономикасымен тарихи тұрғысынан тығыз байланыста болған, сол себепті экономикалық даму барысы Еуразиялық кеңістіктің ықпалына ұшырамауы мүмкін емес. Өзге экономикалық және саяси ұйымдардан келген тиімділік Еуразиялық кеңістіктен бөлек шығудан келтірген зиянның орнын толтыра алмаған кезде, Өзбекстан қайтадан Еуразиялық кеңістіктің толық мәртебесін қалпына келтіру жолын таңдауы мүмкін.

Болжамдар бойынша, болашақта Қытай ШЫҰ-да тап болатын жағдай – бұл ұйымға мүше елдердің барлығы Кеден одағының мүшелігіне кіру мүмкіндігі. Жақын болашақта, ШЫҰ құрамын ұлғайтпаған жағдайда, Қытайдың ШЫҰ-дағы серіктесі Еуразия экономикалық одағы болмақ. Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағының эксклюзивті ықпалы барлық елдерге бағытталған, оның ішінде Қытай ең зор ықпалға ұшырауы мүмкін.

ШЫҰ ішінде қалыптастырылған ынтымақтастықтың негіздері және геоэкономикалық жағдайлар ШЫҰ-ның сауда және инвестициялық ынтымақтастықтың ұлғаюына себепші болмақ. Бірақ бұл Кеден одағының эксклюзивті ықпалын жоққа шығарудың негізі бола алмайды. Кеден одағының эксклюзивті ықпалы болмаған жағдайда, ШЫҰ қарқынды әрі үлкен көлемде дамуы мүмкін. Кеден одағының эксклюзивті ықпалы шындық және оған объективті түрде қарау керек.

2) Кеден одағының ШЫҰ-ның мүше елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастыққа тигізген ықпалы.

2010 жылы шілдеде Ресей кеден уәкілі Кеден одағының Қытаймен болған саудаға ықпалы туралы баға бергенде, Кеден одағы құрылғаннан кейін мүше елдердің тұрғындары Қытайдан еліне оралғанында өзімен бірге алып өтетін салықсыз тауарлардың салмағы 35 килограмнан 50 килограммға көтерілгенін, сонымен бірге құны 1000 еуродан 1500 еуроға көтерілгенін алға тартты, және де ретіне шек жоқ екенін айтады. Түп негізі Кеден одағы елдеріндегі алып сатарларға пайдалы жағдайды Қытайға тиімді саясат деп түсіндірген.

Шындығына келсек, Кеден одағы ШЫҰ-ның басқа мүше елдеріне тигізген эксклюзивті ықпалынан тыс, мүше елдері арасындағы екі жақты экономикалық қақтығыстарды көп жақты қақтығысқа айналдырады. Ресей мен Қытай арасындағы экономикалық қақтығысты алатын болсақ, 2011 жылы 11 қаңтарда

Кеден одағы комитеті декларацияны жариялаған күннен бастап, Ресей өнеркәсіп және сауда министрілігі Қытай өндірістері Кеден одағы елдеріне экспорттайтын түсті болаттарға бағытталған демпингіге қарсы барлау жүргізді. Бұл Кеден одағы құрылғаннан кейін бірінші рет Қытайдың экспорт тауарларына бағытталған демпингіге қарсы барлау қимылы болып саналады. Барлауға өтініш бергендердің барлығы болат темір кәсіпорындары болатын. Кеден одағына Қытайдан импортталатын осы тауарлардың жалпы мөлшерден құрайтын мөлшері 2008 жылы 39,6%-дан 2010 жылдың алдыңғы жартысында 66,9% -ға көбейіп, Кеден одағының сәйкес салалардың дамуына қатер төндірді деп айыпталған еді. Нәтижесінде Қытайдың Ресейге шығарған түсті болаттарымен қоса, Қазақстанға, Белорусқа шығарылған осы тауарлардың барлығы барлау жүргізудің ықпалына ұшырады.

Жақын жылдарда Қытай мен Ресей арасында өзара демпингіге қарсы барлау істері жүзеге асырылып отыр және Кеден одағының ресми іске қосылуына байланысты, Қытай мен одаққа мүше әрбір елдері арасындағы сауда қақтығыс көлемі автоматты түрде басқа екі елге де әсерін тигізеді сөзсіз. Қытай мен Кеден одағының әр елі арасында болған қақтығыс екі жаққа әсер етуден тыс, көпжақты сауда ынтымақтастыққа кері әсерін тигізеді. Тауар сауда саласындағы осы жағдай қаржы және басқа салаларда да қайталанады.

Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағы ШЫҰ-ның көп жақты ынтымақтастығына қиындықтар тудырады. Заңнамалық негізде, ұйым құрылымына және негізгі ақиқатқа қарағанда, Еуразия экономикалық бірлестіктің біртұлғалану барысы ШЫҰ-ның қолайлы жағдайына қарағанда әлдеқайда күшті болған. Бүгін және болашақта ұлғайған Кеден одағы, экономика көлемі неше есе артық болып келетін тағы бір алып экономикалық тұлға Қытаймен маңызды саудалық ынтымақтастықтар туралы келіссөз жүргізгенде көп саяси идеологияны қажет етуі мүмкін. Қытай өндірісі мен бәсекесінің қуаты күшейген кезде, осындай жағдай жалғаса бермек. Ресей, Белорус, Қазақстан Кеден одағының ШЫҰ-ның тиімді жарату барысында болған бұғаулық ықпалы объективті түрде бола бермек.

Болашақта ШЫҰ-ның саудалық ынтымақтастық барысында келесідей жағдай кездесуі мүмкін: тиімді жаратуды кеден, сауда және инвестиция саясатына дейін көтерген кезде, бұрынғыдай екі жақты тиімділік қана емес, күрделі көп жақтылы орналастыру болмақ және оның қиындығы табиғи түрде арта түседі.

3) ШЫҰ-ның экономикалық қызметіне Кеден одағының тигізген ықпалы.

«ШЫҰ жарғысында», ШЫҰ-ын аймақтық қауіпсіздікті негіз еткен аумағы кең халықаралық ұйым ретінде қарастырған және экономикалық ынтымақтастықты демеу және дамыту оның басты рөлінің бірі болып табылады. ШЫҰ-ның ортақ танымы мен кең көлемді терең көпжақты экономикалық ынтымақтастық осы ұйымның өмір сүруі мен рөлін арттырудағы маңызды экономикалық негізі болып саналады. Көп жақтылы экономикалық ынтымақтастық ШЫҰ мүше елдерінің экономикалық дамуына пайдалы болумен қатар, халықтың тұрмыс жағдайын көтеруге, әлеуметтік орнықтылықты сақтауға да үлесін қосады.

ШЫҰ көп рөлді халықаралық ұйым, арнайы мемлекетаралық экономикалық ұйым емес. Ұйымға қатысты құжаттарының, мысалы «ШЫҰ-ның мүше елдері үкіметаралық аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаты мен бағыты және сауда мен инвестицияға қолайлы жағдай туғызу үрдісін іске асыру туралы Меморандумы» мен «ШЫҰ мүше елдері көп жақты экономикалық ынтымақтастық туралы коммюнике» және «коммюникені орындау жобасы», Евроодағы мен Еуразиялық экономикалық бірлестіктің құжаттары сияқты заңдық тежеу күші жоқ. ШЫҰ-ның ынтымақтастық жүйе формасы Еуразиялық экономикалық бірлестікке қарағанда көп: әр деңгейлі мерзімді жиналыс, әр салалық бөлімше жиналысы, әр түрлі форум және де ШЫҰ банктер бірлестігі мен ШЫҰ кәсіпкерлер комитеті секілді болмақ. 2003 жылдан бері, әр түрлі қолайлы шаралар жасалып, мүше елдер арасындағы сауда мөлшерін ұлғайтқаныменен, 2010 жылы Қытаймен басқа мүше елдер арасындағы жалпы сауда мөлшері 100 миллиард АҚШ доллары көлемінде ғана болып, Қытайдың жалпы сыртқы сауда мөлшерінің 3.3%-ын құрады, 2003 жылмен көрнекті айырмашылық болмады. Сондықтан, жақын жылдарда ШЫҰ мүше елдері арасындағы экономикалық ынтымақтастықтар үнемі жаңа үмітке толы болмақ.

Экономика сауда саласында, Еуразия экономикалық бірлестіктің экономикалық біртұлғалану үрдісі мен ШЫҰ-ның мүше елдері арасындағы саудаға қолайлы жарату үрдісі екі қатарлас үрдіс. Екі ұйымда Қытайдан басқа елдердің басым көпшілігінің қос тұлғалық мәртебесі болғандықтан, олар осы екі үрдіске да қатысады, сондықтан Кеден одағы өз қызметін атқара бастағанда, осындай қос тұлғалылық ШЫҰ-ның экономикалық қызметіне табиғи түрде белгілі тежеу

ықпалын тигізеді. Егер дұрыс шешім жасалмаса, қолайлы жарату барысында қолайсыздық туындайды. Мысалы, Қытай ШЫҰ-ның мүшесі әрі Кеден одағы мүшесі болған елмен белгілі тиімділік жоспарын жасамақшы болғанда, бұл жоспар Кеден одағының басқа мүшелеріне тиімсіз болуы мүмкін, Кеден одағы ортақ ұстанымда тұру қажет және ШЫҰ-ның белгілі мүшесі көрнекті тиімділік жасап немесе ешқандай қосымша шартсыз жол беру жасағанда ғана жүзеге асады, болмаса қолайлы жарату барысындағы қиыншылықтар арта түспек, бұған толығымен болжам жасау қажет.

Қырғиқабақ соғыстан кейін, ықпалды аумақ теориясы қырғиқабақтық идеологиясының туындысы деп қарастырылады. Алайда бір елдің өзекті мүддесі болған жағдайда, соған байланысты аумақ өзекті мүдде аумағы болады. Ықпалды аумақ пен өзекті мүдде аумағы теорияларының мағынасы ұқсас және эпипатациясында да ұқсастықтар көрінеді. Ресей белсенді түрде Орта Азия елдеріндегі экономикалық біртұлғаландыруға ат салысқан және Орта Азия елдері оның өзекті мүдде аумағы болмақ.

Жақын он жылдарда, Ресей Қытайдан басқа ШЫҰ мүше елдерімен біртіндеп экономика біртұлғалану барысын алға тартады. Бұл ШЫҰ еркін сауда аумағын құрудың мүмкіншілігі жоқтығының негізгі себебі, сонымен бірге Қытай мен мүше елдер арасындағы ынтымақтастыққа көптеген тиімсіз жағдайдың туындауының маңызды себептерінің бірі болып табылады.

Қытайдың Еуроодақпен сәтті түрде ынтымақтастық жасаған тәжірибесі бар, оны толық сеніммен айтуға болады. Біраз уақыт өткен соң, Қытай мен Кеден одағы арасында ынтымақтастық сәтті түрде жүзеге асырылады. Болашақтағы ұзақ мерзімде, біртұлғалану ШЫҰ-ның ортақ экономикалық мақсаты болмаса да, әр елдің өзекті мүддесіне құрмет ете білсе, мүше елдерінің саяси экономикасында өзара сенімділікті арттыра түссе, ШЫҰ-ның аймақтық экономика ынтымақтастық өресін жаңа бір деңгейге жеткізуге болатындығына үмітпен қарауға болады.

ҚР премьер-министрінің пікірі бойынша: «Кеден одағының ШЫҰ-нан маңызды айырмашылығы – мемлекет өзінің өкілеттілігін Кеден одағына үкімет ұлттық деңгейде тапсыруында. ЕурАзЭК және ШЫҰ жағдайында ұлттық үкіметтер шешімдерді қабылдайды, сонан соң өзара келіседі. Сондықтан әрқайсысының өз мүддесін атқаруы үшін, екі мекеме де керек. Әрбір ұйымның рөлін және мәнін анықтау керек» [18]. Яғни Кеден одағы – интеграциялық тереңдеу деңгейі бар ұйым. Кеден одағы экономикалық бірігу мақсатымен

ұйымдастырылған және ШЫҰ сияқты көп профилді ұйым болып саналады. Бір өкілеттіктің басқа өкілеттілікке салынуы интеграцияны жүзеге асыру үрдістерін әрдайым қиындатады, ал бір басым бағыттың таңдалуы нақты әсерлерге және сәйкесінше нәтижелерге алып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Шанхайская организация сотрудничества 10 лет по пути безопасности и сотрудничества основные документы ШОС». – Астана, 2011. – С. 14.
2. Соглашение о Таможенном союзе между Российской Федерацией и Республикой Беларусь от 6 января 1995 года // <http://www.tsouz.ru>
3. Соглашение о Таможенном союзе от 20 января 1995 года // <http://www.tsouz.ru>
4. Договор о Таможенном союзе и Едином экономическом пространстве от 26 февраля 1999 года // <http://www.tsouz.ru>
5. Договор о Комиссии Таможенного союза от 6 октября 2007 года // <http://www.tsouz.ru>
6. Договор о создании единой таможенной территории и формировании Таможенного союза от 6 октября 2007 года // <http://www.tsouz.ru>
7. Договор о Таможенном кодексе Таможенного союза от 27 ноября 2009 года // <http://www.tsouz.ru>
8. Экспортно-импортные операции стран Таможенного союза в 2009 году // <http://www.tsouz.ru>
9. Географическая структура экспортно-импортных операций стран Таможенного союза в 2009 году // <http://www.tsouz.ru>
10. Географическая структура экспортно-импортных операций стран Таможенного союза в I полугодии 2010 года // <http://www.tsouz.ru>
11. Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрілігінің «Сауда саясатың дамыту орталығы» АҚ-ның үшінші аралық есебі. 26.10.2011.
12. «Единый таможенный тариф», утвержденный Решением Межгосударственного Совета Евразийского экономического сообщества (высшего органа Таможенного союза) от 27 ноября 2009 г. №18 и Решением Комиссии Таможенного союза от 27 ноября 2009 года №130 // <http://www.tsouz.ru>
13. «Российская газета» – Федеральный выпуск. – № 5359 (280) от 10 декабря 2010 г // <http://www.ooo-edinstvo.ru/>
14. 刘福川, 《俄、白、哈关税同盟对上合组织的影响》, 俄罗斯中东北亚市场[M], 2011年第7期., Liu Fuchuan, 《E,Ha,Bai guan shui tong meng dui shang he zu zhi de ying xiang》, E luo si zhong ou dong ya shi chang [M], 2011, №7.

15. Соглашение о согласованной макроэкономической политике // <http://www.fas.gov.ru>
16. <http://news.nur.kz>
17. 刘华芹: 《上海合作组织的区域经济合作》, 载邢广程主编: 《上海合作组织发展报告(2009)》, 北京: 社会科学文献出版社, 2009.7., 第104页. Liu Huaqin «Shanghai he zuo zu zhi de qu yu jing ji he zuo» (ШЫҰ аймақтық экономикалық өріптестік), жаряланған жері: Xing Guangcheng, «Shanghai he zuo zu zhi fa zhan bao gao (2009)» – (ШЫҰ дамушылық баяндама 2009). – Бейжің, Қоғамдық ғылым деректер баспасы, 2009. – 7, 104 бб.
18. Интервью Премьер-министра Казахстана К. Масимова // <http://www.centrasia.ru>

Автокөлікті ерікті түрде сақтандыру жағдайындағы шығынды есептеу және сақтандырулық төлем

Ербол СЫҒАЕВ,
Қазақстан-Британ техникалық
универсиетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы

Бұл мақалада каско сақтандыруы жағдайында сақтандырушы мен сақтанушы арасында кейбір жағдайларда орын алып, барынша талас тудыратын мәселелерді қарастырамыз.

Әдетте сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтанушы сақтандырушы компания тарпынан өтелінген сақтану төлемдерінің көлемімен келіспей жатады. Бұл бірінші кезекте шығынды есептеу шараларымен байланысты. Өйткені, теория жүзінде шығынды есептеу шараларымен тек ҚР Ұлттық банктің Қаржылық бақылау комитетінде аккредитацияланған лицензиясы бар және де сақтандырушы компаниямен ешқандай байланысы жоқ тәуелсіз бағалаушы ғана айналысады. Ал іс жүзінде сақтандыру компаниясы нақты бір бағалаушымен ынтымақтастық туралы ұзақ мерзімді келісім шарт жасасады, яғни осы арқылы бағалаушыны өзін «телиді».

Бірақ, заңгерлер қандай-да бір шараларды (тәуелсіз бағалау жүргізу, шағымдар жазу, істі сотқа беру) жүзеге асырмай тұрып, ең алдымен наразылық тудыруға негіздің бар екендігіне көз жеткізуді сұрайды. Бұл үшін бағалау шаралары қалай жүргізілетіндігін білу қажет.

Шығынды кімнің бағалауына, яғни сақтандырушы компанияның қызметкері, тәуелсіз бағалаушы немесе сот сарапшысы болғанды-

ғына қарамастан жалпы бағалау шараларын жүргізудің реті бірдей болып келеді. Бұл негізінен екі бөліктен: жөндеу жұмыстарының құнынан (бөлшектеу-жинау, ақауын, ауытқуларын жөндеу, бояу және т.б.) және ауыстыруға жататын қосымша бөлшектердің бағасынан тұрады.

Бағалаушы жөндеу жұмыстарын арнайы әдіс бойынша есептейді. Егер де сарапшы әдістемені дұрыс қолданған жағдайда жөндеу жұмыстарының құны қатардағы ТЖС жөндеу жұмыстарының құнына сәйкес келуі тиіс. Бұндай жағдайда ауытқушылық шамалы ғана, яғни 5–10% болуы мүмкін. Мысалы, сақтандырушы компания жөндеу жұмыстарын 200 долларға бағалады. Сіз басқа үш ТЖС (арнайы емес, қатардағы ТЖС) бардыңыз, ал олар сізге қосымша бөлшектерді есептемегенде жөндеу жұмыстарын 150 мен 400 доллар арасында болатындығын көрсетті. Бағалаудағы бұндай алшақтықты (200–250 доллар) елеулі деп есептеп, сақтандырушы компанияның бағалауды дұрыс жүргізбегендігі туралы айтуға болады.

Бұдан келіп шығатын қорытынды: егер де сақтандырушы компания шығынды бағалау шарасын дұрыс жүргізген жағдайда сақтандырушыға ұсынылған қаржы көлікті жақсы жөндеу жеберханасында жасауға жетуі тиіс (ауытқу 5–10% болуы мүмкін). Сондықтан да жөндеу жұмыстарына кіріспес бұрын жөндеу құнының көлемін бірнеше ТЖС бағалатыңыз, және осы арқылы компанияның таза пиғылдылығын тексеруге болады.

Бұл жерде көп таластардың тууына көліктің тозуының деңгейі әсер етеді. Өйткені, компания көлікті жаңартуға емес, жол қақтығысына дейінгі жағдайын қалпына келтіруге ғана қаржы береді. Көлік апатқа дейін біршама уақыт қолданыста болған, яғни оның тетіктері тоза бастаған, сондықтан да сақтандырушы компания бұл тозуларды да есепке алады.

Егер де бағалаушы көліктің нақты жүрісіне қатысты күмәні болса, есеп үшін жылдық орташа жүріс коэффициентін қолданады, ал ол нақты жүріс көрсеткішінен артық болуы да мүмкін. Бұл жағдайда амортизациялық тозу көрсеткіші жоғары болады және компания соған байланысты шығындық қаржыны міндетті көлемінен төмен көлемде төлейді.

Амортизациялық тозу 75% жоғары болмауы тиіс. Егер де нақты тозу 80–90% болған күннің өзінде де техникалық көрсеткіштер бойынша көлік жарамды жағдайда болса, сарапшы тозу көрсеткішін 70–75% жоғары бағаламайды.

Көліктің тозу көрсеткішімен қатар, сақтандырушы компанияның жаңа қосалқы бөлшектерді қалай бағалағандығы да маңызды рөлді атқарады.

Көп жағдайларда клиент автомобильдің көптеген тетіктерін, бамперді ауыстырған, яғни апаттың алдында көлік мінсіз жағдайда болады. Бұндай жағдайда сарапшы бұл әрекеттерді растайтын құжаттарды: істелінген жұмыс пен қосалқы бөлшектердің құнын растайтын шот-фактура, акт және т.б. құжаттарды жинауды ұсынады. Ал бұлай болмаған жағдайда сақтандырушы компания тозуды жалпы сызба бойынша есептейді.

Сонымен, өзіндік есептеулер немесе ТЖС көмегімен клиент сақтандырушы компанияның шығын көлемін дұрыс есептемегендігін айқындаса, басқа бір тәуелсіз бағалаушының қызметі арқылы бұл кемшілікті дәлелдеуі қажет, өйткені соттық талқылаулар кезінде қарапайым ТЖС пікірі есепке алынбайды.

Бірақ та сақтандырушы компания үшін бағалау шараларын жүргізген бағалаушыны жауапқа тарту мүмкін емес. Тіпті соттық сараптама да бағалау құнының төмендетілгендігін анықтаған күннің өзінде де бұл бағалаушы мен компания арасындағы келісімді дәлелдемейді, өйткені бағалау бұл – бағалаушының жеке көзқарасы, ал ол қате болуы мүмкін жағдай.

Егер де клиент сотта өз әділдігін дәлелдеген жағдайда да, компания соттық шығындарды (сараптама жүргізу, заңгерлердің қызметі және т.б.) өтемеуі де мүмкін, өйткені келісім шартта бұл көрсетілмеген, яғни ол бойынша сақтандырушы бұл жауапкершілікті өз мойнына алмаған. Бірақ іс жүзінде сақтандырушы компаниямен әркім соттасып жатпайды. Тұтынушылар көп жағдайда сақтандыру қаржысын тездетіп алуды ойлап, оның дұрыстығын бар-жоғы 200–300 доллар болатын кіріс үшін өзара таласта дәлелдеуге уақыт жоғалтпауды дұрыс санайды.

Ал сақтандырушы компаниямен күш сынасып көргісі келгендер үшін бағалау кезінде есте сақтауы тиіс бірнеше ереже бар: біріншіден, сақтандырушы компанияны бағалаудың мерзімі мен орны жайлы ресми түрде хабардар ету қажет. Бұл жағдайда сақтандырушы компанияға телефон соға салу жеткіліксіз. Сақтандырушы компанияның мекен-жайын көрсетіп ресми хат немесе телеграмма жіберу керек. Екіншіден, бұл хабарлама бағалау өткізетін уақыттан кемінде үш күн бұрын жіберілуі қажет.

Үшіншіден, бағалауды тек компания өз бағалауын жүргізіп, шығын құнын нақтылағаннан кейін ғана жүргізу керек.

Дұрыс бағаланбаған шығын бұл қиындықтың жартысы ғана. Негізгі қиындық компанияның заңды төлемдерден бас тартуы болып табылады. Міндетті сақтандыру бойынша өз әділдігін дәлелдеу біршама жеңіл, ал ерікті сақтандыру жағдайында бұл қиындық тудырады. Автокөлік иесінің міндетті сақтандыру жауапкершілігі АҚЖ заңы бойынша реттеледі және де сақтандырушы компанияның қандай жағдайларда сақтандыру төлемдерінен бас тарта алатындығын көрсеткен нақты шарттар тізімі келтірілген. Бірақ, клиенттердің АҚЖ заңын нашар білуін пайдаланып сақтандырушы компания төмендегідей себептер арқылы сақтандыру төлемдерінен бас тартуы мүмкін.

Сақтандыру компаниясына арыз бер мерзімін өткізіп алу. Заң бойынша ЖКА туралы арыз үш жұмыс күні мерзімінде беріледі. Егер де сақтанушы жол апаты орнына апаттық комиссарды шақырып, бірақ арыз жазуды ұмытып кетсе, компания сақтандыру төлемдерінен бас тартады, бірақ мамандардың айтуы бойынша бұндай жағдайды сотта өз мүддеге шешуге болады деп санайды.

Жол апатына кінәлі полиске жазылмаған. Егер де жол апатына кінәлі полиске жазылмаған болса, сақтандырушы компания сақтандыру төлемдерінен бас тартуға құқылы. Бірақ, жол апаты кезінде автокөлікте көлік иесі немесе полиске жазылған жүргізушілердің бірі болған болса, сақтандыру компаниясының бас таруы негізсіз деп есептеледі.

Жауапты мас күйінде болса немесе ЖТА орнын тастап кеткен жағдай. Жауаптының мас болуы немесе апат орнынан кетіп қалуы сақтандыру төлемдерін бас тартуға негіз болмайды. Бұл жағдайда сақтандырушы компания алдымен сақтандыру төлемдерін жасап, артынан жауаптыға осы сомаға сай талап қоюы тиіс. Бұл жағдайда заң жәбірленуші жағында болып отыр.

Жауапты медициналық куәгерлендіруден өтпеген. Жауапты апаттан соң қан құрамындағы алкогольдың болуына қатысты медициналық куәгерлендіруден өтпеген болса, оған қатысты айыптық санкцияларды тек қана жол полициясы бөлімінің қызметкерлері ғана қолдана алады. Сақтандырушы компаниясының бұл негіздеме арқылы сақтандыру төлемдерінен бас тартуға құқығы жоқ. Тіпті төлемдер жасау үшін жауаптының да, жәбірленушінің де медициналық қорытындылары қажет емес. Бұл құжаттар заң бойынша бекітілген тізімде жоқ. Ал сақтандыру компаниясының өз бетінше бұл тізімді өзгертуге немесе толықтыруға құқығы жоқ.

Бұл тармақтардың барлығы да талас тудыратын мәселе және олар бойынша сақтандырушымен соттасуға болады. Ал көлікті ерікті

сақтандыру мәселесіне келер болсақ, сақтандыру төлемдері қандай жағдайда төленбейтіндігі сақтандыру келісімінде көрсетілгендігіне байланысты.

Көп жағдайларда компаниялар клиенттердің құқықтық сауатсыздығын немесе келісім шартты толтыру кезіндегі алаңғасарлықтарын пайдаланып түрлі құлықтарға барады. Сондықтан да сарапшылар алдымен келісім шарты мұқият оқып шығуды немесе маман көмегіне жүгінуді ұсынады.

Мысалы, пропорционалды сақтандыру деген түсінік бар. Клиенттің көлігі 40 000 доллар тұрады делік. Көлік иесі Алматыдағы апат құны шамамен 3000–4000 мың доллар көлемінде болады, және апат болған жағдайда оның көлігін жөндеу бұл сомадан артық болмайды деп ойлап, көлігін толық құнына сақтандырмайды. Осылайша, 4000 мың долларлық полиске, яғни көлік құнының 10% полисіне келіседі. Егер де сақтандыру шартында «төлем пропорционалды сақтандыру бойынша өтеледі» деп жазылған болса, ЖТА жағдайында компания шығын құнының тек 10% ғана өтейді. Яғни, жөндеу шығыны 200 000 теңге деп бағаланса, компания тек 20 000 теңге ғана төлем өтейді. Сақтандыру компаниясында жұмыс істемей немесе осы мәселелер туралы білмейтін болса адам аталынған шарттарға мән бермейді.

Келесі бір назар аударатын мәселе – бұл франшиза. Болашақта ешқандай таластар мен түсініспеушіліктер болмау үшін оның көлемі сақтандырушыға түсінікті болу керек.

Көп жағдайларда компания төлемдерді өтеуден тікелей бас тартпай, келісімдегі «қажет жағдайда компания қосымша құжаттарды талап ете алады» деген шартты пайдалана отырып белгілі бір құжаттарды талап етеді. Бұл жағдайда компания сізден кез-келген құжатты талап етуі, мысалы басқа сақтандыру компанияларынан өтемақы алмағандығыңыз туралы анықтама сұрауы мүмкін. Сондықтан да, келісім жасау барысында бұл тармақты нақты құжаттар тізімін келтіру арқылы айқындап алу қажет.

Осылайша, ерікті сақтандырудағы төлемдерден бас тарту дербес мағынада болып, мұқият талдауды талап етеді. Көп жағдайда компаниялар келісім жасаудың бастапқы кезеңінде көптеген айлаларға барады. Сондықтан да келісім жасау барысында білікті маманнан ақыл-кеңестер алу болашақта заңды өтемақыларды алуға мүмкіндік береді.

Діннің жаңғыруы аясындағы ислам интеллектуализмі

Бақытжан САТЕРШИНОВ,
ҚР БҒМ ҒК Философия,
саясаттану және дінтану
институтының бөлім меңгерушісі,
философия ғылымдарының докторы

Әзінің мың төрт жүз жылдық тарихында «бейбітшілік пен бағынушылықтың діні» ретінде көрінген ислам бас-аяғы отыз-қырық жылдың ішінде лаңкестік пен содырлықтың діні болып шыға келді. Жиырма жыл бойы дінаралық төзімділік пен рухани келісім саясаты жүргізіліп келген біздің елімізде соңғы бір жарым жылдың ішінде аяқ астынан діни пиғылдағы лаңкестік пен содырлық актілер орын алды. Соның нәтижесінде осы уақытқа дейін таңсық болып келген саяси ислам құбылысымен біздің қоғам да бетпе-бет келіп отыр.

Бір атап өтерлігі, саяси ислам туралы қоғамдық пікірлер әлемдік отаршылдық жүйенің қирап, дамушы елдердің ұлттық тәуелсіздікті саяси орнықтыруы барысында пайда болды. Ол Батыс әлемінің бұрынғы идеялық-саяси дұшпаны – коммунизммен күрестің орнын алмастырып, Кеңестер Одағы мен Шығыс Еуропадағы социалистік қосынның құлауынан кейін өрши түсті. Бүгінгі күні «жұмсақ күштің» саясатта қолданылатыны жасырын емес, кейбір пікірлерге құлақ түрсек, «исламдағы идеологиялық үрдістің саяси ұйымға айналуына, оның «Қырғи қабақ» соғысының соңғы кезеңінде американдық стратегияға енгізілгеніне, азаттық инфраструктурасы деп жариялағанымен, шын мәнінде террор инфраструктурасының құрылуына Америка жауапты» [1].

Осы уақытқа дейін материалистік және атеистік дүниетаным салдарынан қалыптасқан дін мен ғылым арасындағы кереғарлықтың бүгінгі күні біртіндеп жойылып, жақындасуы барысында Батыста Құранның жекелеген аяттарын «тәфсірлеумен», ғылыми зерттеумен

айналысатын орталықтар құрылуда, сонымен қатар, ислам мен оның саясатқа қатынасын зерттейтін тұтастай институттар құрылып (мысалы, көршілес Ресейде Дін және саясат институты, Таяу Шығыс институты т.б.), олардың зерттеулерінде (мысалы, А.А. Игнатенко, А. Малашенко, Е. Сатановский және т.б.) исламның жағымды да жағымсыз бейнелері қалыптастырылуда.

Әрине, бұл тұста ақпараттың қандай қайнардан алынып отырғандығын, оның риясыздығы немесе жасандылығын, объективтілігі немесе субъективтілігін, бейтараптылығы немесе тенденциялық бұра тартушылығын, ғылыми негізділігі немесе үстірт бағалаушылығын ескеру өте маңызды.

Бұл мәселеге өткен жылғы Бүкіләлемдік ислам экономикалық форумының ашылымында Президент Нұрсұлтан Назарбаев ден қойып, өз сөзінде жаһандық БАҚ дін мен терроризмнің арасына теңдік белгісін қойып, исламды дискредитациялауына, демонизациялауына алаңдаушылық білдірді. «Бейбітшілік пен қайырымдылықтың, төзімділік пен әділеттіліктің діні ретіндегі» исламның жағымды бейнесін қалыптастыруға күш-жігер жұмсаудың қажеттілігін айтты. Көп жағдайда болып жатқан оқиғаларға шұғыл талдау жасайтын сарапшылардың ғылыми теориямен қатар, теологиядан, иман негіздерінен терең хабары болмағандықтан, үстірт баға береді. Олардың арасында дінтанудың «сәнге» айналуынан желігіп, қоғамда қалыптасқан «исламдағы эндогендік радикализм» туралы жалаң стереотиптердің жетегінде жалпы дүрмекке ілесіп жүргендер де жоқ емес.

Шындығында басқа да барлық әлемдік діндер сияқты ислам мен лаңкестіктің үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Республикамыздағы дінтанушылардың бірінші форумында Жоғары муфтий Әбсаттар қажы Дербісәлі Тараздағы оқиғаларды айыптай келе, терактілерді «исламға қарсы қылмыс, дінді жамылып жасалған кез келген каталдық сол діннің өзіне қарсы жасалған қылмыс», – деп атап өтті.

Діннен алыс, исламнан хабары жоқ осындай шаласауатты интеллектуалдар экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет етпеді деп ҚМДБ-ны кінәлап та жатады, тіпті бұл құқықбұзушы құбылыстардың ошағын мешіттен іздеп жатады. Осылайша діни уағыздардағы ерекшеліктерді (діни ағымдар туралы пікір айтудан, қаралаудан, күйе жағудан аулақ болу, дінге жалаң уағызбен емес, көркем мінезбен, терең діни біліммен тарту, лаңкестік туралы көп айтып, қоғамды қоздырғаннан гөрі, көбірек жақсы сөз айту, пайғамбарлар мен са-

хабалар өмірінен ғибратты әңгімелер айту, жамандықтан жирендіру мен жақсылыққа үйретудің әдейі таңылмаған (дінге тартудағы жаңа діни ағымдар мен секталардың әдіс-тәсілдері сияқты емес бейтарап әдісі арқылы жүзеге асуы) терең білмеуінің салдарынан исламды саясат ауқымына кіргізуге өздері де үлес қосатынын аңғармайды.

Исламтанумен салмақты түрде айналысатын Ресей ғылым академиясы Шығыстану институтының директоры, Стратегиялық және халықаралық зерттеулер орталығының президенті, РФ Қауіпсіздік кеңесі жанындағы Ғылыми кеңестің мүшесі Виталий Наумкин былай дейді: «Мықты деген авторлардың, оның ішінде ресейлік авторлардың арасында басқа діндегілерге деген агрессивті қатынас ислам іліміне әуел бастан тән деген тезис орныққан. Танымал бір ресейлік исламтанушы (әңгіме «Ислам және саясат» кітабының авторы А.А. Игнатенко туралы болып отыр, Б.С.) исламның «бейбітшілік, қайырымдылық пен төзімділік діні» екенін ұмытпаса да, исламдағы «эндогендік радикализм» туралы жазады және уаххабизмнің таралуына қарсы әрекет етудің тиімді тәсілі оған заңмен тыйым салу дейді. Уаххабизммен күрес есеп айырысуға айналады. Сонымен бір мезгілде бұл тәсілдің тиімділігі мен нәтижелілігіне күмән білдіретін танымал ресейлік қоғам, саясат және дін қайраткерлері де аз емес. Бұл мәселеде ақыл таразысына салынған өзіне лайықты көзқарасты Ресей Муфтилері кеңесінің төрағасы шейх Равиль Гайнутдин ұстанады. Уаххабизм туралы мәселеге қатысты түсіндірме беруде араб және мұсылман әлемінің білгірі әрі аса тәжірибелі саясаткер Е.М. Примаков та сақтық танытады» [2].

Жалпы әлемде орын алып отырған «исламшылдық» айғағынан Қазақстан да тыс қала алмады. Тәуелсіздікке қол жетісімен дәстүрлі дінді жаңғыртудың жалпы жағымды үдерісінің аясында жергілікті әртүрлі ағымдарды айтпағанда, жатжерлік салафизм, уаххабизм, дәғуатшылар (тәблиғ-жамағат), хизб-ут тахрир, ахмадия және т.б. ағымдардың елге еніп, қоғамда аландатарлықтай діни ахуал қалыптастырғаны белгілі. Елдегі діни ахуалға ықпал етіп, өздерінің саяси және фундаменталистік сипатымен ерекшеленіп отырған ағымдардың қатарына «Халифат сарбаздары» деген ұйым да қосылды. Сондықтан дінге қатысты мемлекеттік саясат Қазақстанды мекендейтін халықтардың 70 пайызы мұсылмандар екенін ескеріп, ислам дінін зерттеуге баса назар аударып, жергілікті халықтың ғасырлар бойы ұстанып келген ханафи мазхабына, радикализммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын оның ақидасы мен фықхына насихаттауға, исламның діни-концептуалдық тұстарын

зерттеуге үлкен көңіл бөліп отыр. Әдетте ислам мен оның саясатқа қатынасы, жоғарыда айтылғандай, радикализммен қате байланыстырылады және ол көпшілігінде бүкіл ислам әлеміне тән деген жалған стереотип қалыптасқан. Солтүстіктегі көрші түшкірсе, біздің оңтүстіктегілердің ауырып қалатынын ескерсек, бұл стереотиптерден арылу үшін оның жалғандығын ғылыми тұрғыда негіздеу керек болады.

Осы орайда жалпы «ислам әлемі» бар ма деген сұрақ туындайды. Иә, Ислам әлемі, Дар аль-ислам, Muslim world терминдері әртүрлі тілдерде қолданыс табуда және мұсылман діні таралған аймақтарда біртұтас мәдениеттің бар екені даусыз. Бір жарым миллиард ұстанушылары бар деп есептелетін Исламның қандай формада да болмасын әлемге таралып жатқанын, танымал адамдардың да, қарапайым адамдардың да исламды қабылдап жатқанын теріске шығаруға болмайды. Либералдық бағдарымен сипатталатын «евроислам» ұғымы да пайда болды.

Дегенмен, мұсылман әлемі деп аталып жүрген аймақтарда ауызбіршілік бар деп айтуға келмейді. Оның үстіне, әдетте ирандық және саудтық түбірге ие теріс және лаңкестік пиғылдағы топтар қашанда ат төбеліндей ғана аз болған, оларды бүкіл мұсылман әлемі мен қарапайым діндарлар қолдап отыр деудің жөні жоқ. Әлемдегі мұсылмандардың 90 пайызын Аһли-сунна уәл-жамағат (сунниттер) құраса, ондағы заңды 4 мазхабты (Ханафи, Шафиғи, Мәлики, Ханбали) ұстанушылардың басым көпшілігі ханафилер болып табылады. Сондықтан діни пиғылдағы лаңкестікті бүкіл исламға таңу қисынға қонбайды.

Әдетте мұсылмандар мен арабтар арасына теңдік белгісін қояды. Ислам тарихында дінді түсіндіріп, таратуда арабтар мен араб еместердің арасында қайшылықтар болғаны белгілі және мәуәлилердің (араб еместердің, әсіресе, парсылар мен түркілердің) үлкен жетістіктерге жеткені анық. Сондай-ақ қазір де исламның заманауи мәселелеріне келгенде, дін саласында өзіндік саясат ұстанып отырған Қазақстанды айтпағанның өзінде, Малайзия мен Түркияның тәжірибесін айналып өтіп, Араб Таяу Шығысының бүгінгі болмысы сөз болады.

Алайда қазіргі мұсылман әлемінің ахуалын айқындайтын факторлардың бірі кезінде бүкіл әлемде жетекші рөл ойнаған ислам өркениетінің бүгінгі күні «әлсіз, шеткері аймаққа» айналуын мойындау болып табылады. Мұсылман қоғамдарының ішкі моральдық және рухани құлдырауы ислам теологиясы мен философиясындағы,

ғылымы мен технологиясындағы шығармашылық және интеллектуалдық күштердің сарқылуынан (атрофиясынан), Батыстың ғылыми жетістіктеріне деген енжарлықтан, уақыт ағымы барысында діннің догматизмге бой алдыруынан аңғарылады. Әлем алдында тұрған мәселелерге араласудан алыс, қауқарсыз, қараңғылықта қалған бұл кеңістікте өзгелермен сұхбат құра отырып, ғалам туралы ой өрбітіп, бүгінгі заман мен болашақ туралы адамзатқа ортақ пәтуа айта алатындай ғұламалар тапшы болып отыр.

Жалпы ислам дінінде Пайғамбар мен турашыл халифтер, сахабалар мен табиғиндер заманынан кейін төрт мазһабтың негізін қалаушы имамдар, Хасан Басри, Баязид Бистами, Имам Ғазали, әл-Ашари, Матуриди, Имам Раббани, Әбдулқадір Гейлани т.б. сынды жалпы мойындалған ғұламалар, Йасауи, Руми, Нақышбанди, Сухраверди тәрізді тариқат негізін қалаушылар, сондай-ақ Абай мен Шәкәрім тәрізді хақимдер ақидада (иман негіздерінде) бір-бірінен алшақ кетпейді. Бірақ кейіннен олардың ілімдерін басқа мақсаттарда бұрамалайтындар табылады. Әр ғасырдың өз ғұламалары болған.

Ислам діні мен ілімін дұрыс түсіну үшін Құран мен Суннаның жалпы рухынан туындайтын өзіне тән әдіснаманы қолдана білу шарт. Қазақстандық жас зерттеуші Ғалым Жүсіпбектің пікірінше, «дінді еуроцентристік және позитивістік-материалистік тұрғыдан түсіндіру өз мәні жағынан біржақты әрі таптауырынды болып табылады және Исламға қатысты өзекті мәселелерге лайықты жауап бере алмайды. Қазіргі ғалымдар өткен ғасырлардағы сияқты позитивістік-материалистік парадигмалармен тұйықталып қалмауы керек, өйткені басқа да (постпозитивизм, креационизм, ислам парадигмасы және басқалары сияқты) парадигмалар бар» [3]. Бұл автор өзінің бірқатар мақалаларында [4] ислам мен азаматтық қоғам арақатынасы, зайырлылық ұстынындағы үлгілер, ислам мен терроризм алшақтықтары туралы әдіснамалық тұрғыда да, ғылыми тұрғыда да, діни тұрғыда дәлелді әрі салмақты ойларды қозғайды. Оның пікірінше, неоориенталистік таптауырындар мен жабыстырмалардың салдарынан «исламизм» мен терроризм арасына тікелей параллельдер жүргізіледі, бұл түбірімен дұрыс емес. Біріншіден, «саяси исламды» «исламизм» (исламшылдық) деп атау қате, өйткені «саяси ислам – терроризм емес, бұл белгілі бір саяси мақсаттарға жету үшін Ислам ілімін құралға айналдыру (қолдану). Екіншіден, стереотиптер мен нақты шынайылықты ажырата білу

керек. Өйткені, ең алдымен, ислам дүниетанымына (әсіресе, Аһли Сунна түсінігінде) сәйкес Құдайға құлшылық кез келген саясаттан жоғары» [3].

Шындығында «саяси ислам» терминінің өзінің бейтарап екендігін айта кету керек, бағалаушы немесе айыптаушы пікірлер нақты бір исламшыл қозғалыстың немесе ұйымның көзқарастарына, мақсаттары мен құралдарына қатысты айтылады. Халықаралық қауымдастықтың қазіргі құқықтық нормаларына қайшы келмеген жағдайда бұл қозғалыстарға өз бағдарламаларын жасауға, оны жүзеге асыруға мүмкіндік берілуі тиіс. Бұл тұрғыдан алғанда, саяси исламның таңсық болатындай ештеңесі жоқ, ол басқа да «дамушы әлем» елдері сияқты бүгінгі әлеуметтік, саяси, құқықтық, экономикалық және адамгершілік мәселелермен бетпебет келіп отыр. Ол отаршылдық бұғауынан босап, өз бірегейлігін орнықтыру барысында күнделікті өмірдің барлық саласындағы күрт өзгерістермен, урбанизациямен, әлеуметтік құрылымның бұзылуымен, дәстүрлі құндылықтардың шайылуымен сипатталатын жаңғырту (модернизация) мен жаһандану (глобализация) үдерістерінен туындаған көкейтесті мәселелерді шешуге тырысуда. Ислам тек діни дүниетаным ғана емес, ол өмірдің тәртібі, белсенді өмір сүрудің мәдениеті. Батыстың бұқаралық тұтынушылық мәдени тегеуірініне қарсы тұруға қабілетті исламды сыртқы формалды түрде ғана емес, оның рухы мен ішкі мәнін түсіне ұстанған жағдайда, ол көркем мінезді тұлға, адал азамат, салауатты отбасы, ізгі қоғам қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Бүгінгі ислам ойшылдардың осы заманғы әлеуметтік және саяси құндылықтармен сәйкес келетіндей ұғымдармен исламды түсіндіруге ұмтылуы әдетте, радикалдар тарапынан наразылық тудырады. Бұл тұста бұрын беймәлім болып келген жаңа таңсық ахуалдарға қатысты іргелі ислам қағидаларын қолданудың құралы ретінде «иджтихәд» мәселесі алдыңғы орынға шығады.

Кей жағдайда саяси исламға қатысты өз пікірін үстірт айтатын адамдар көбіне Құранның аудармалары мен әдейі іріктелген әлсіз хадистерге сүйеніп, өз көзқарастарын таңуға бейім тұрады. Олар мұсылман құқығы – шариаттың Құрандағы құқықтық-этикалық қағидалар мен Мұхаммед пайғамбардың хадистерінен тұратын діни-этикалық бастаулармен қатар, мұсылман қоғамының біртұтас келісімі – иджмалармен сипатталатын арнайы құқықтық қайнарлардан құралатынын естен шығарады. Нәтижесінде бүгінгі күні белең алып отырған мұндай жеңілтек шешімдер заңнамалық

ретсіздік пен заңдылықтың дағдарысын тудырады, байыбына терең бойламай қабылдана салатын қоғамдық пікір қалыптасады. Ислам тарихынан белгілі, Мұхаммед пайғамбар дүниеден өтіп, уәхи тоқтағаннан кейін діннің өзге мәдени орталарға таралуы барысында күнделікті өмірде туындаған кез келген мәселенің шешімі аят-хадистерден (настан) табылмаса, алдыңғы қатарлы сахабалар, тәбиғиндер мен тәуа-табиғиндер, мүджтәхид ғұламалар мен факих ғалымдар Құран мен Суннаның негізінде қияс (аналогия) әдісін қолданып, рай мен иджтихәдқа (ыждаһат – дұрыс шешімге келу үшін күш-жігерді жұмылдыру) жүгінген. Мүджтәхид (иджтихәд әдісін қолданушы) ғалымдардың бір діни үкімге бірауыздан келісуі иджма деп аталады.

Исламшылдар арасында иджтихәдты қолданудың шекарасы мен пәтуа беруге кімнің құқығы бар екендігіне қатысты пікірталас бар. Оның бір жағында діни үлемдер болса, екінші жағында көбіне батыстық білім алып, батыстық елдерде тұратын «ислам интеллектуалдары» тұр. Бұл интеллектуалдардың «беделді иджтихәдқа» деген дін иелерінің дәстүрлі монополиясына таласы бар.

Жалпы мойындалған иджтихәдтің заңдылығының түбінде екі шарт болуы тиіс: біріншіден, оны қолданушы адам құқық әдіснамасына қатысты дәлелдеменің барлық шариаттық әдістерін білуі тиіс, екіншіден, ол осы әдіс-тәсілдердің рухын меңгеріп қана қоймай, өзі құқықтық қисынды ақылға жүйрік болуы керек. Сол сәттегі ғана емес, болашақта да туындауы мүмкін деген ғықтық мәселелерге қатысты миллионнан аса иджтихәд жасаған Әбу Ханифа осы әдіснама мен құқықтық мектептің негізін қалаушылардың бірі ретінде дін ілімінде ерекше орны бар тұлға болып саналады. Оның өзі мен шәкірттерінің заманында ислам әлемінде өркен жайған бұл ерекше бай әрі қайталанбас құқықтық мәдениет мұсылман қауымына зор игілік әкелді. Алайда уақыт өте келе, жаттандылық пен көзсіз еліктеудің, дүмшелік пен догматизмнің салдарынан оның өмірлік кеңістігі тарыла түсті. Дегенмен бүгінгі діннің жаңғыруы барысында, ислам интеллектуализмінің оянуы аясында тақуалығы мен ақылы жарасқан, жан-тәнімен жауапкершілікті түсінетін адамдардың арқасында иджтихәд өнері қайта өркендеуі әбден мүмкін.

Дінде шынайы риясыздық, көрінуден гөрі болу, жасандылықтан гөрі жасампаздық насихатталатындықтан қай дінде болмасын тақуа адамдардың практикалық өмір тәртібінен, олардың адамгершілік, танымдық және өмірмәндік ұстанымдарынан ұқсастықтар тау-

ып алуға болады. Бұл ортақ тұстар догматика деңгейінде немесе діни ғұрыптар мен ғибадаттарды жасаудың сыртқы формасында емес, олардың өмірге деген қатынасының ішкі, рухани деңгейінен аңғарылады.

Яғни дінге сенетін адамның бүкіл өмірі өзінің барлық көріністерінде оның сенімінен туындайды, ол барлық жағынан алғанда да тақуа. Сондықтан олар кез келген жұмысқа жауапкершілікпен қарайды. Дінге сенуші адам жауапкершілікті, ұрлыққа, жемқорлыққа бармайды, не істесе де, Құдайдың разылығы үшін жақсы істеуге тырысады, адамдарға қызмет етуге дайын тұрады, таза өмір сүреді, сондай-ақ ислам дінінің де, протестант дінінің де белгілі бір тарихи кезеңде кәсіпкерлікте табысқа жеткені белгілі. Демек дін қоғамның сауығуына орасан зор ықпал етеді.

Біздің елімізде Президент Н.Ә. Назарбаевтың жетекшілігімен жүргізіліп отырған мәдениетаралық сұхбат, ұлттаралық татулық және конфессияаралық толеранттылық пен рухани келісім саясаты исламның саяси радикалдануына жол бермейді. 2003 жылдың қыркүйегінде, 2006 жылдың қыркүйегінде және 2009 жылдың шілдесінде Әлемдік және дәстүрлі діни конфессия басшыларының Бүкіләлемдік бірінші, екінші, үшінші және таяудағы төртінші съездерінің Астанада өткізілуі осы дінаралық сұхбатты одан ары дамыта түседі.

Қазақстанда жатжерлік деструктивті діни ағымдардың кең таралуының салдарынан қоғамда қалыптасқан рухани ахуалды реттеу үшін 2011 жылы Қайрат Лама Шәріп басқаратын Дін істері жөніндегі Агенттік құрылып, ҚР «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданды. «Заң – заманның талабы» демекші, аталмыш құқықтық құжаттың кейбір тұстары діндарлардың көңілінен шықпағанымен, тұтастай алғанда, дер кезінде қабылданды. Ол бір жағынан адам мен азаматтың ар-ождан бостандығына қол сұқпай, екінші жағынан мемлекеттің зайырылығы ұстынын сақтай отырып, жаппай дінмен әуестенудің «балалық ауруына» тосқауыл қоя біліп, деструктивті діни бағыттардың саяси сипат алып, жайылуына кедергі болады. Мемлекет пен дін арақатынасында біз өзге елдердің тәжірибесі мен оларда болып жатқан оқиғалардан сабақ пен тағлым ала біліп, халқымыздың менталитетінде бар ашықтық пен төзімділіктің қалыптасқан қазақстандық үлгісін сақтай білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Махмуд Мамдани. Америка и политический ислам // <http://www.zmag.org>
2. Виталий Наумкин. Исламский радикализм в зеркале новых концепций // <http://islamica.ru>
3. Жусипбек Г. Болезнь современности – терроризм: взгляд через призму религии // <http://www.centrasia.ru>
4. Жусипбек Г. Религия и государство – какую модель светскости выбрать Казахстану // әл-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. – № 3(35), 2011 ж. – С. 69–77.; Несостоятельность теории «столкновение цивилизаций» // әл-Фараби: философско-политологический и духовно-познавательный журнал. – № 1(33), 2011 ж. – С. 45–54.; Гражданское общество и ислам // Мысль. – № 4, 2011. – С. 41–46.

Жаһандану үрдісі және дәстүршілдік

Рауан КЕМЕРБАЕВ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
мәдениеттану мамандығының магистранты

Казақстан мемлекеті өткен ғасырдың соңғы он жылдығында бұрынғы кеңестік идеялардан бас тарта отырып, өзіндік дәстүрлі төл мәдени құндылықтарына бет бұрғаны баршаға аян. Бір ғасыр ішінде ұлттық мәдениетіміз бірнеше мәдени экспансияларды, солардың ішінде отаршылдық, социалистік, тоталитарлық жүйені өткерген. Қазақ елі үшін ұлттық мәдениеттегі кеңестіктің орнын толтыру қазіргі кезде күрделі мәселе болып отыр. Тәуелсіздік алғалы бері мәдени құндылықтарымызға қолымыз жеткенімен, баяғыдан қалыптасып қалған сана-сезіміміздің трансформациялық улануы және жоғарыда айтылған мәдени өзгерістер өз ықпалын тигізуде. Қазіргі кездегі күрделі процесс жаһандану – ұлттық мәдениетіміздің толыққанды дамуына бірқатар кедергілер келтіріп отыр. ХХІ ғасырдағы ақпараттық-коммуникациялық технологияның қарқынды дамуы өз кезегінде мәдени кеңістікті бірегейлендіріп, кері әсерін тигізуде.

Қазақ мемлекеті үшін өзіндік мәдени жолын айқындауда негізінен екі бағытты айтуға болады. Біріншісі, дәстүрлі төл мәдениетімізге, ішкі рухани ресурстарымызға бағытталған, яғни ескі мен жаңаның сабақтастығы.

Екінші, батысқа қарай бағыт-бағдар ұстаған әлемдік өркениеттің озық үлгілері мен дамуына бағытталуы. Соңғы жылдары батыстық мәдениет ағымдары ұлттық дәстүрлі мәдениетімізді ығыстыра отырып, ұлтымыздың болашағы жастардың санасынан орын ала бастады. Сөз жоқ, батыстың білімі мен ғылымы, техникасы мен технологиясы егемен еліміздің дамуына өте қажет. Дегенмен де, мәдениеттер тоғысуында өзіндік келбетін, қайталанбас табиғи болмысын жоғалтпаған абзал.

Мәдениеттану ғылымында екі дилемма бар. Ол Батыс және Шығыс. Мәдени бағыт-бағдар батыстан шығысқа қарай даму деген заңдылық жоқ. Себебі, шығыстық дәстүрлі мәдениет, соның ішінде қазақ халқының бітім-болмысы, менталитеті, діні, дүниетанымы көшпелі тұрмыс салты мен өмір сүру ерекшелігі негізінде қалыптасқан.

Сайып келгенде, қазақтың дәстүрлі ұлттық мәдениеті үшін батыстық мәдениет жат. Ал қазіргі қазақ қоғамына еніп, бастау ала бастаған батыстандыру салдарынан дәстүрлі мәдени құндылықтар жүйесі үлкен өзгерістерді бастан кешіріп отыр. Яғни дәстүр дәстүрсіздендіруге, дезобъективацияға ұшырауда. Ол әсіресе жетіліп келе жатқан жастар ортасында сезіледі.

Осындай жағдайда ұлттық мәдениетіміздің мәйегін жоғалтпай, сақтау үшін, біз жаһандану механизмдерін жүйелі және терең түрде зерттеуіміз керек. Жаһанданудың Қазақстан сияқты жас мемлекетке тигізетін позитивті және негативті жақтарын (экономикалық, саяси мәдени-діни және т.б.) көзден таса қылмау қажет. «Бізге сырттан келетін діни-мәдени ағымдарға төтеп бере алатындай, батыстық мәдениетпен бәсекелес бола алатындай өз мәдениетімізді дамытуымыз керек», – дейді академик Ә. Нысанбаев [1]. Ол үшін: материалдық, рухани құндылықтарымызды әлемдік дәрежеге көтеру, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды қазіргі заман талабына сай бейімдеу, Қазақстан халқының рухани жандануын қамтамасыз ету. Яғни аталған мәселелерді мемлекеттік деңгейде қарастырып, жүзеге асыру кезек күттірмес заман талабы. Жаһандану процесіне төтеп беру тек ұлттық мәдени құндылықтарымызды бағалап, діни сана-сезімімізді жандандырып, бітім-болмысымызды сақтау арқылы ғана іске аспақ.

XXI ғасыр мәдениеттердің сұхбаттасуы, тоғысуы, діни қақтығысы негізгі тенденцияға айналып барады. Дәстүрдің дезобъективацияға ұшырауының ғаламдық себептері де бар. Мысалы: коммуникациялық құралдардың (спутниктік теледидар, интернет, әлеуметтік желілері, ұялы телефон) көз ілестірместей қарқынмен дамуында қоғамда техногендік өркениет функцияналдығымен, рационалдылығымен, тартымдылығымен, әмбебаптылығымен, жылдамдылығымен, ынғайлығымен ерекшеленеді. Осы жерде айта кететін жайт бүгінгі заман тенденцияларына, батыстық мәдениетке, өркениет ырғақтарына қара бояу жағу емес. Бұл қазіргі қоғамдағы әлеуметтік мәдениеттің ішкі заңдылықтарынан туындайтын феномен болып табылады. Сонымен қатар заман талабынан туын-

дап отырған үрдіс шығыс мәдениетінің батыстық өркениеттен кем түспейтіндігін айту. Мысалы әлемдік кеңістікте шығыс философиясының оның түп тамырына үңілу арта түскендігі және Шығыс, мұсылманшылдыққа (дәстүршілікке) өту күн санап артуда. Дәстүрдің түп төркіні материалдық, заттық рухани қажеттіліктерді өтеуге бағытталғандықтан, заман талаптарына сай өзгеріп, жаңарып отырады, бірақ дамымайды. Дәстүр – сабақтастық, төл тумалық, мәдени мұра ұғымдарымен ерекшелінеді.

Дәстүр дегеніміз (лат tradito – тапсыру, жалғастыру) тарих барысында қалыптасқан ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отыратын қоғамдық тәртіп, әдет-ғұрыптар, салт-сана, заң, мұрат пен игілік, қоғамда, ұлтта, жекелеген әлеуметтік топтарда ұзақ уақыт бойы сақталатын әлеуметтік мәдениеттің мұра элементтері. «Салт-дәстүр, тіл-мәдениет бастауларының анасы» деген И.Г. Гердердің сөзі еске түседі [2]. Яғни, бұл сөздің астарында ұлттық діңгектер, салт-дәстүр, тіл менталитеті, мәдениеттің негізі екендігінде. Ал, дәстүрдің қандай да болмасын этно-мәдениет үшін оның маңыздылығын айту қажетсіз аксиомалық қағида.

Белгілі ғалым Қ. Жарықбаев айтқандай «Ұлан-ғайыр кеңістіктің кеңдігінен, табиғат сұлулығының әсерінен ғасырлар бойы қалыптасқан дархандылық, адамға деген мейірімділік, өнерпаздық, қатал даладан туындаған қонақжайлық, талай зардаптар мен қырғындардың салдарын жоюға бағытталған балажандылық, көшпелі өмірден пайда болған малжандылық пен тіршілікті қастерлеу, басқаға деген бауырмалдылық, біреудің жеріне көз алартпаған бейбітшілік, шыдамдылық пен тәубешілік сияқты дәстүрлі құндылықтар жүйесі XXI ғасырда өз маңыздылығын, өзектілігін жоғалтпайды» деген [3]. Басқа халыққа қарағанда қазақ елі салт-дәстүрді бетке ұстаған ел. Бұл шындыққа жанасатын пікір. Осы дәстүр имандылықтың, адамгершіліктің, татулықтың, ынтымақтастықтың тәрбиенің нышаны.

Бүгінгі заман талабына сай туындап отырған жаһандану өте күрделі құбылыс. Жаһандануға адамзат араласып қан қоймайды, ол өз иріміне тарта береді. Өзіндік дәстүрлі мәдениетіміздің жаһандану ағымына жұтылып кетпеуін қарастыруымыз керек. Әсіресе ел болашағы жастар ортасында ұлттық дәстүріміз бен мәдениетімізді насихаттайтын шараларды кеңінен жүйелі түрде насихаттау қажет. Демек, мәдениеттің дамуы дәстүр арнасын талап етеді. Сондықтан қазіргі мәдениет, өркениет өрбуінің әрбір қадамы ескі мен жаңаның тарихи сабақтастық үйлесімі арқылы жарасымдылық табары анық.

Қазақ мемлекетіндегі демократиялық жүйені орнықтыру бағытында, дәстүрлі мәдениеттен, тарихтың өткенінен үйренеріміз көп-ақ. Азиядан дамыған өркениетті елдерден Жапонияны алуға болады. Бұл мемлекет батыстың ең жоғарғы технологиясы мен техникасын игере отырып, өзіндік еркешеліктерін жоғалтпады. Жапония мемлекеті бүгінде әлемдік дамыған мемлекет қатарында.

Бүкіл адамзаттың және егеменді мемлекет ретінде даму барысындағы басты міндеттердің бірі ұлтымыздың болашағы жастардың ұлттық сана-сезімін, біліктілігін, білімділік қасиеттерін арттыру. Кеменгер ойшыл Абай атамның «адам бол!» идеясын дамытуда дәстүрлі құндылықтар жүйесінің ролі зор. Ал осы ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейге көтеру, өркениеттің озығынан үйреніп ғылым мен білімімізді, мәдениетімізді дамыту, жастардың рухын жандандыру зиялы қауымның міндеті. Осы жерде академик Ә. Нысанбаевтың мынадай сөзін айтуға болады: Өзіндік «менін» сақтауға ұмтылған әрбір жұрт, ең алдымен тарихи жадын, бірегей ұлттық ойлау машығын, дүниетанымын, ана тілі мен ерекше ділін, дәстүрлі төл мәдениетін дамыту, аман алып қалу жолында жанталау қажет [1].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ә. Нысанбаев. Сенім-басты құндылық // Егеменді Қазақстан. – 26 маусым 2002 жыл.
2. Ж. Алтаев. А. Қасабек. Философия тарихы. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – 212 б.
3. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: «Санат», 1995. – 127 б.

Орынбор мүфтилігін бақылаудағы мемлекеттік басқару органдарының қызметі

Фарида ӘДІЛОВА,
Қ. Сәтбаев атындағы
Қазақ ұлттық техникалық
университетінің аға оқытушысы

Орынбор мұсылмандары діни басқармасын құрғанда II Екатерина үкіметі сыртқы саясатты ұмытпай, оны да ескеріп отырды. Муфтий Мухамеджан Хусейнов алдын ала жоспарланғандай Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы мүдделерін қорғайтын болды. М. Хусейнов Діни басқарманы о бастан дипломатиялық мекеме деп қабылдады да, 1789 жылы 12 қарашада әйел императорға жазған құттықтау хатында өзін «қырғыз-қайсақ муфтиі» деп атады [1]. Одан басқа, бір топ татар молдалары дипломат және конфидент (тыңшы) ретінде жұмысқа қызу жұмылдырылды. Оларды шартты түрде екі категорияға бөлуге болады. Молдалардың бір тобы көптеген медреселерде діни квалификациясын көтеріп жүргендей болып, ортазиялық қалаларда қаптап жүрді. Енді бір тобы саудагерлер секілді сол жақтан бері қарай ақпаратты жеткізіп отырды. Мемлекет дін өкілдерінің қызметін төлеуге ақша аянбады. Мысалы, ахундар Абдулфатых Габделсалимов пен Габделсалим Габделнасыров, молда Губайдулла Фатхуллин өкіметтің барлау міндеттерін орындағаны үшін құнды сыйлықтар, бажсыз сауда жасау мен жол шығынын өтеп алу құқығын алды. Патшалық өкімет ортазиялық хандықтар, атап айтқанда Бұхара жіберген, антиресейлік үгіт жүргізген молдаларға қарсы қазақ даласына сенімді молдаларды жіберіп отырды. Бұнымен қоймай Ресейге қарсы болған татар және башқұрттан шыққан молдалар шекара-лас Кіші жүзде қызу жұмыс істеді. Мысалы, Оралдан қашқан татар

молдасы Хасан және оның шәкірттері қазақ аксүйектері арасында біршама беделге ие болды және оларды II Екатеринаға берген анттары бұзуға итермеледі [2].

Діни мекеме құрылғаннан кейін муфтий өзінің діни билігін тарту үшін жұмысын қыздыра түсті. 1788 жылы қаңтар айында Уфадағы жергілікті биліктің нұсқамасы бойынша, ол Ордаға «бүкіл қырғыз-қайсақ халқының рухани ұстазы» ретінде хаттар жолдады. Соның ішінде Мухамеджан Хусейнов «менің өкілімсіз, молдалар мен халық Құранның бірде-бір жеріне талқылау жасай алмайды» – деп ескертті. Муфтий ислам бірлігінің идеясын қатты сынға алды. «Біздің дініміздің іргесі бір болғанымен, [3] – деп жазды ол, – түрік сұлтаны және біздің мәртебелі патшайымымыздың қол астындағы мұсылмандар арасында айырмашылықтар бар, сондықтан әр билеуші өз бетінше билейді, сондықтан бірінің саясаты екіншісінің саясатымен ұқсас келе бермейді». Мухамеджан Хусейнов, ресейлік мұсылмандарды Оттомандық Порта жағына шығуға үгіттеген молдалар халықты өлімге алып бара жатыр деп есептеді. Муфтий мұсылмандарды сабырлық сақтауға және Ресей империясына бағынышты болуға шақырды, себебі, оның пікірінше, тек ол ғана шариат ұстанушылардың өсіп көркейуін қамтамасыз ете алды. Қазақ старшындарының бір бөлігі муфтий жолдамасын Бұхара мен Хиуаға сараптамаға жіберді. Ол жақтан Мухамеджан Хусейновтың «қылмысты үгітіне» ашулы сөгіс жауап келді. Бұхаралық және хиуалық үлемдерге әсіресе православиелік Ресейдің барлық мұсылмандардың жетекшісі – түрік сұлтанына қарсы соғысты ақтап, оны оң іс деп тануы ұнамады. 1789 жылы қыста Мухамеджан Хусейнов екі айға Орал қаласына сапар шекті де, мұнда қазақ старшындары және дінбасыларымен кездесті. Сапар сәтті аяқталып, старшындар мен молдалар муфтидің билігін мойындады.

Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы Ресей империясы мемлекеттік мекемелерінің ортақ жүйесі қатарында болды. 1803 жылдан бастап оны қасиетті синодтың обер-прокуроры князь А.И. Голицын қамқорлыққа алды. 1810 жылы 25 шілдеде шетелдік діндердің бас басқармасы құрылып, оның ішіне мұсылман діни басқармасы да кірді. 1817 жылдың 24 қазанынан бастап ол Діни істер мен халық білімі министрствосына бағынды. Діни мекеменің жұмыстарымен мұнда христиан емес діндердің 4-ші бөлімі айналысты. Православиелік шіркеудің басқа діндермен формалды түрде теңестірілуін православиялық дін басылар суық қарсы алды. 1832 жылдың 2 ақпанында шетелдік діндердің рухани істерінің Бас

басқармасы Ішкі істер министрлігі құрамына шетелдік діндердің айырықша департаменті ретінде енгізілді. 1880 жылдың 6 тамызынан 1881 жылдың 16 наурыз аралығындағы қысқа мерзімде департамент жеке мекеме ретінде қызмет етті де, кейіннен қайтадан ІІМ құрамына кірді [4].

Шетелдік діндердің рухани істері департаментінің бақылаушы функцияларына діни мекеменің қаулыларын тексеру ғана кірді, инспекциялық тексерулер жүргізілмеді. Өкіметтің тапсырысы бойынша департамент мұсылмандар арасында түрлі шаралар ұйымдастырудың стратегиясын жасап отырды. Діни басқарма қызметін жергілікті жерде 1796 жылға дейін Уфа жергілікті иелік ету басқармасы қадағаласа, 1796–1865 жылдары – Орынбор губерниялық басқармасы қадағалады. Сонымен қатар діни мекеменің қызметін генерал-губернатор және башқұрт-мещеряк әскерінің қолбасшысы да қадағалап отырды. 1865 жылдан Орынбор губерниясының Орынбор және Уфа губернияларына бөлінгенінен бастап Діни басқарма Уфа губерниялық басқармасының қол астына өтті. 1865–1881 жылдары діни мекемені генерал-губернатор Н.А. Крыжановский қарамағына алды.

Діни басқарма мен мұсылмандардың мүдделеріне қатысты бүкіл заң актілері Санкт-Петербургте, жергілікті билік өкілдерімен келісе отырып қабылданды. Бұл актілердің қажеттілігі туралы инициатива орынборлық (уфалық) губернаторлар тарапынан шығып отырды. Бұл бір рекше құбылыс болған жоқ. Астанадағылар өлке әкімшілігі Діни басқарма мен мұсылман қауымы мүдделерін жақсы біледі деп сенді. Мұсылмандар мен Діни басқарма төңірегіндегі жергілікті шенеуніктердің пікірі мәселені шешуде елеулі және негізгі рөл ойнады.

Діни басқарма мен жергілікті әкімшілік арасындағы қарым-қатынастар XVIII ғасыр бойы оңай болған жоқ. Діни мекеме губерниялық биліктің қарамағынан шығу туралы сұрақты бірнеше мәрте көтерді. Мұны алғаш рет Мухамеджан Хусейновтің өзі көтерген еді. XIX ғ. басында жергілікті әкімшілік Діни басқарма тіпті шектеулі тәуелсіздік бермейтіндігіне көзі жеткен муфтий I Александрға өтініш жазып, «бізді және мұсылман дінін менсінбейді» деп губерниялық билікті айыптады. Мухамеджан Хусейнов жергілікті билік тарапынан қысым көрмей, өз міндеттерін еркін орындау үшін Діни басқарманы басқа қалаға көшіру туралы өтініш жасады. Арыз жазудың нәтижесі – Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконский ресейлік мұсылмандар басшысына

барлық сый-сияпат көрсету мен көмек беру туралы бұйрығы ғана болды [5].

Әкімшілік пен Діни басқарма арасындағы араздықтар жалғаса берді. 1804 жылдың аяғында муфтий империядағы мұсылман діни басқармасының құрылымын түбегейлі өзгерту туралы жобаны Сенат қарауына ұсынды. Негіздемеде Мухамеджан Хусейнов былай деп жазды: «...мекеме құрылғалы бері губерниялық билік оған өзінің жуандығын көрсетуде, ол енді жалғаса берсе, онда басқармада атынан басқа ешбір құқығы қалмайды». Ол Санкт-Петербургте Мұсылмандардың Орталық коллегиясын және мұсылмандар қалың қоныстанған жерлерде оның филиалдарын құруды ұсынды.

Мухамеджан Хусейновтың пікірінше муфтий, ахун, молдалар мен азаншыларға қарсы қозғалған сот істері алдымен Діни басқармада аралуы тиіс еді. Осы мекеме олардың мүдделерін азаматтық сотта қорғауы керек.

Муфтий ұсынған жобаның оппоненты болып Орынбор азаматтық губернаторы И. Фризель шықты. Ол губерниялық биліктің Діни басқарма істеріне араласатындығын мойындады, бірақ оны ол сот жүргізу жүйесінің жетілмегендігімен түсіндірді. Талас-тартыс істерді талқылауда шариат заңын қолдануға қарсы болып, губернатор ерекше мұсылман коллегиясын құрудан үзілді-кесілді бас тартты. Оны ол: «...мұсылман заңын жергілікті халық арасында кең таратуға болмайды» [6] – деп түсіндірді. Ол Мухамеджан Хусейновтың орталықтанған мұсылман органын құрудағы талпыныстарын біріншіден жеке амбиция деп бағаласа, екінші жағынан – жергілікті әкімшілік бақылауынан құтылу шарасы деп бағалады.

Бұл мәселе кейінгі уақытта да талқыланды. 1815 жылы Мухамеджан Хусейнов юстиция министріне жазған хатында үстінен астына қарай бағыныштылықты нықтап орнатуды және кантон бастықтары мен төменгі земстволық соттардың діни мекеме істеріне араласуын тоқтатуды өтінді. Юстиция министрлігі бұл өтінішті орындау мүмкін емес деп тапты.

Сонымен бірге мұсылман істерін басқаруды бөлшектеуге бағытталған қозғалыс төменгі жақтан да қолдау тапты. Мысалы, Қазан губерниясы Царевококшай уезінің Служильный Ур деревнясының молдасы Хабибулла Хусейнов 1802–1803 жылдары Саратов губерниясын аралап, Пенза, Саратов, Симбирск және Қазан губернияларында арнайы діни басқармалар құруды насихаттады. Оған мүриттері (шәкірттері) Шабан Муслимов пен Рафик Сулейманов қолғабыс тигізді. 1804 жылдың жазында Хабибулла Хусейнов

Санкт-Петербургке барып, онда түрлі деңгейдегі шенеуніктердің қолдауын таппақшы болды.

Молдалардың насихаты өз нәтижесін берді. Саратов губерниясының мұсылман халқының басым көпшілігі жеке Діни басқарма құру идеясын қызу қолдай бастады. Қалыптасқан жағдайды екі жақты да келістіре отырып шешудің жолын Саратов губерниясының басқармасы ұсынды. Олар жоғарғы инстанцияларға Орынбор басқармасына арайтын жеке Саратов мұсылмандарының басқармасын құруды ұсынды. Басқарманың құрамы «ең жақсы деген мырзалар мен татарлар» сайлаған үш заседатель (молдалар), 2 хатшы мен 1 аудармышыдан тұру тиіс болды. Заседательдердің біреуі муфтий шенін алатын болды. Саратов мұсылмандары басқармасының қызметі молдалардың ерікті жарналарынан төленетін болады деп шамаланды. Саратов губерниясының әкімшілігі жаңадан құрылған органды «татарлар еріктілікке тым кетіп қалмасын» деп бақылауға алғысы келді. Сондықтан бөлінуді қолдаған радикалды имамдар Шабан Муслимов пен Рафик Сулейманов қамауға алды.

1808 жылы Қазан губерниясында мұсылман дінбасылары мен көпестер жергілікті әкімшіліктің қолдауымен тәуелсіз діни басқарма құруды талап етті. Ұзақ уақыт бойы мұсылмандапды мемлекет тарапынан басқару саласында жаңа тәртіптер орнатуға қарсы шығып отырған Орынбор губерниясының басқармасы 1822 жылы мұсылмандар тығыз қоныстанған губернияларда жекелеген діни басқармалар құру керектігін мойындады. Губерниялық басқарма шенеуніктерінің пікірінше жергілікті органдардың шешіміне жасалған апелляцияларды талқылайтын ең беделді ахундар жиылған басты діни басқарма – Жоғарғы мұсылман басқармасы Санкт-Петербургте орналасуы тиіс болды [7].

Жоғарыда айтылған жобалар мен жоспарлар іске асырылмады, бірақ, Діни басқарма өздеріне құрылған кезде берген өкілеттілікті сақтап қалды. 1826 жылы 1 желтоқсанда шыққан Сенат бұйрығы Діни басқарманың некелік-отбасылық, мүліктік және басқа да істерді шешудегі өкілеттілігін растады.

Жергілікті әкімшілік тарапынан жасалатын бақылаудан шығу талпынысын Діни басқарма кейінде де жалғастырды. 1838 жылы муфтий Габдесаллям Габдрахимов, ал 1855 жылы муфтий Габдулвахит Сулейманов діни басқарманың өкілеттілігін губерниялық басқармамен теңестіру туралы өтініштер жасады. Бірақ өкімет, Таврия мұсылмандарының діни басқармасы 1831 жылғы 23 желтоқсанда шыққан Жарғы бойынша губерниялық басқармаға қарайтынына

сілтеме жасай отырып, бұл заңды Орынбор мұсылмандарының басқармасына да қолданды. 1855 жылы Ішкі істер министрлігі діни басқарманың губерниялық әкімшілікке бағыныштылығы туралы қатаң түрде ескерту жасады.

XIX ғасырды екінші жартысында өкімет тарапынан Діни басқарма қызметін қадағалау күшейе түсті. Бұл бағыттағы шараларды Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский ұйымдастырды. 1866 жылы ол өкілеттілігі шексіз орыс өкіметінің шенеунігін Діни басқарма құрамына енгізу туралы ұсыныс жасады. 1872 жылы Уфа губернаторы Ушаков Ішкі істер министрлігіне Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын жабу қажеттілігін дәлелдейтін хат жазды. Онда губернатор: «Аталмыш Діни басқарманың бар болуының өзі татарлар мен башқұрттарда ұлттық және діни бірлігі мен діни дүниетанымының өміршеңдігін бекіте түседі» [8] – деп жазды. Оның пікірінше, басқарманың жабылуы мұсылман жұртының тарапынан қарсылыққа тап болмайды, ал ислам дінбасыларының позициясына елдәуір нұқсан келтіреді. Мәселе 1875 жылы 12 маусымда Министрлер комитетінің отырысында қаралды. Жағдайдың ұшығып кету мүмкіндігі бар екендігін ескеріп, Комитет Діни басқарманың жабылуын қолдамады. Сонымен бірге оның шешімінде Діни басқарма қызметінің қатаң бақылауға алынуы қажеттігі атап көрсетілді. Бұл үшін жергілікті әкімшіліктен арнайы мамандарды бекіту қарастырылды.

Осы шешімнің негізінде Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крыжановский 1875 жылы Діни басқарма қызметін қадағалайтын арнайы шенеунікті бекітті. Инструкцияға сәйкес шенеунік діни мекеменің бүкіл үкімдерін қарастырып, жылына екі рет тексеру жүргізді, халықтан арыздар қабылдап муфтий мен заседательдердің қызметін бақылап отырды. Шенеуніктің лауазымы, сірә, 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы таратылған соң алынып тасталды.

XIX ғасырды соңғы ширегінде Діни басқарманы тарату үшін Орыс православиялық шіркеуі қызу шаралар ұйымдастырды. Мысалы, Синодтың обер-прокуроры К.П. Победоносцевтың 1886 жылғы есебінде: «Уфа және Орынбор Преосвященстволары муфтий лауазымы мен Мұсылман діни басқармасының артық екендігін көрсетеді, себебі мұсылмандардың істерін губерниялық әкімшілік те қарастыра алар еді» [9] – деп айтылды. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігі мұсылмандарды қоздырмау үшін К.П. Победоносцевты өз жобасын құпия ұстауды өтінді. Бірақ православиялық

миссионерлік баспасөз беттерінде өкіметтен мұсылмандардың Діни басқармасын жабуды талап етулер ашық жарияланды. Орталық мемлекеттік ведомстволар мұсылман діни істерін басқаруда өзгерістер енгізу туралы мәселені үнемі кеінге қалдырып отырды, себебі олар дінге тыйым салынады, күштеп шоқындырыды және тағы да сол сияқты өсек-сөздер көтерілген сайын алаңдаушылық танытқан татар мен башқұрттар арасында толқулар болама деп сескенді.

Сонымен көріп отырғанымыздай, Қазан хандығы мен Башқұртстанның Орыс мемлекетіне қосылғанынан кейін екі жүз жылдан астам уақыт бойы патшалық өкімет исламға байланысты саясатта бірізділік танытпады. Жалпы алып қарасақ, мемлекет пен ислам арасында қатынастар эволюциялық шеңберде, қарама-қарсы тұрудан ынтымақтастыққа қарай дамыды. 1788 жылы Орынбор мұсылмандары діни басқармасының құрылуы исламды қабылдауға болады деген дін ретінде ресми мойындау болып табылады [10].

Мұсылман басқару әкімшілігін құрғанда патша өкіметі бірқатар мақсаттарды көздеді. Бірінші кезекте олар мұсылман дінбасыларын өз бақылауына алып, оларды Ресей ішінде және оның сыртындағы мұсылман халқы арасында өз саясат жүргізу үшін қолданбақшы болды. Сонымен бірге мемлекет Діни басқарманың түркітілдес халықтар арасында беделінің тым көтеріліп кетпеуін де қадағалап, оған түрлі кедергілер қойып отырды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX басы тұсында Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын қатаң қадағалайтын сенімді механизмдер жасақталды.

Мұны Діни басқарманың екі жақа да – Ішкі істер министрлігі мен Шетелдік діндер ісінің Департаментіне қарағандығынан көруге болады.

XIX ғасыр бойы Орынбор мұсылмандарының діни басқармасы өзінің статусын көтеріп, алғашқыда Орынбор, кейіннен Уфа губерниялық әкімшілігінің қарамағынан шығуға талпынды. Бірақ өкімет діни мекеменің бұл бағыттағы барлық шара-ұсыныстарын қайтарып отырды. Оны қоймай XIX ғасырдың аяғында Діни басқарма қызметін қадағалау күшейе түсті. Әрине, бұл жерде айта кететін жәйт – өкімет кейбір жоғарғы шенеуніктердің ұсынысы бойынша Орынбор мұсылмандарының діни басқармасын жапқан жоқ еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Указы императрицы Екатерины II-й 1764 г. Оренбургским военным губернатором.
2. Хабутдинов А. Миллет Оренбургского духовного собрания в конце XVIII–XIX веках. – Казань, 2000. – С. 6–10.
3. Батунский М. Ислам и русская культура XVIII века. Опыт историко-эпистемологического исследования // Мир Ислама. № 1–2, 1999. – С. 185–220.
4. Рүстемов С. Орынбор муфтилігі және қазақтар // Қазақ тарихы. – № 5. – 2004. – 84 б.
5. ҚРОММ. 318-қор. 1-т. іс-1. 5-п. Статистические обзоры Оренбургской губернии за 1888–1913гг.
6. Сонда, 318-қор. 1-т. 1-іс. 7-п.
7. Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь. – Вып. 1. – М., 1998. – С. 50–52.
8. Там же. – С. 53–55.
9. Азаматов Д.Д. О первой попытке реформирования Оренбургского магометанского духовного Собрания // Религия в современном мире. – Казань, 1998. – С. 155–157.
10. Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). – М–Л.; Изд. АН СССР, 1940 г. – Т.4. – С.16.

Жәңгір ханның Бөкей Ордасындағы ислам дінінің дамуына қосқан үлесі

Абзал СУЛЕЙМЕНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Тарих, археология және этнология
факультетінің магистранты

Бөкей ордасы құрылмастан бұрын патша үкіметі қазақтарды отарлап алуына байланысты, «кейін бізге қарсы шықпасын» – деп орыс әскері қаруының күшін көрсетіп, көзінің отын алу, қорқытып, үрей туғызу саясатын еркін қолданды.

Отарлау саясатында ханның өміріне «қауіп төніп тұр», «кастандық жасау әрекеттері бар» деген жалған желеумен Ресей мемлекетін оларға қамқоршы етіп көрсету үшін хандарды оқшаулау әдістері де тыс қалмады. Осындай қулықпен 1786 ж. Орынбор генерал-губернаторы барон И.А. Игельстром Нұралы ханды балаларымен Орынборға шақыртып алып, «қазақ даласына тәртіп орнағанша» деген сылтаумен Уфаға жіберіп, ел билігіне араластырмай қойды. Бұл тәсілден Бөкей сұлтанға тыс қалмады. «Самар мен Астрахандағы жұқпалы аурудан өміріңізді сақтаймыз» деп жалған ақпаратпен қыстың аязды күндерінде казактардың күшімен еріксіз көшірді.

Ресей отарлаушылары бірыңғай әскери күшпен басқа, отарлау саясатының бейбіт жолы – қазақтан аманат ұстау деп тапты. Бұл арқылы отарлаушылар бірнеше пайданы көздеді. Біріншіден, аманатқа жастарды алып, оларды орыс тәрбиесіне беру, салт-санасын уландыру арқылы өз ұлтының әдет-ғұрпынан, дінінен бездірудің қолайлы жолы деп білді. Бұл тәсіл отарлаушылардың діндеген мақсатына сай келді. Мәселен, Орынборға князь А.А. Путятин келгеннен кейін Нұралының баласы Абылайды аманатқа алды. Жас Абылай отарлаушылардың ойлағанынан шықты. Ол орыс салт-

санасын, әдет-ғұрпын тез игерді. Губернатордың үйіне келіп-кетіп жүріп, оның қызына үйленіп, ақырында христиан дінін қабылдады [1]. Осындай іс-әрекеттер арқылы отаршылдық өкімет халықтың қалаулысы хандарымызды дінінен бездіріп, олардың артынан ерген халықты да ұлттық мәдениетінен, тілінен адастырып, мәнгүртке айналдырмақшы болды.

Екіншіден, аманатқа халық қадірлеген азаматтарды ұстап, солар арқылы өзінің көздеген мақсатын еріксіз орындауға, мойындатуға ұмтылды. Яғни, өздерінің қолшоқпары етіп ұстағысы келді.

Үшіншіден, қазақ хандарының билігін бақылау мақсатында, оларға Ресей үкіметінен арнайы бір адамды қойып, ханның өмірін қорғаймыз деп жанына казак полктерін жіберді.

Бөкей Ордасының құрылу барысында патшалық өкімет ешқандай пайда көздемесе де, түбінде сол мақсатқа жетуді ойластырды. 1803 жылы Астраханның әскери губернаторы И. Завалишин Астрахань казак полкінің басшысы Поповтан «Бөкейді шақыртуда Ресейге қандай пайда тиеді?», – деп сұрағанда, генерал-майор Попов: «Польза ожидаемая от них, та, что, когда они с таким с великим числом ско-та останутся, какой при них был прежде, то оный будет в России и не будут пользоваться им хивинцы и бухарцы, как до сего делалось; народ же сей, когда обрусееет, то останется на таком точно основании, как и другой в астраханской губернии азиатский народ, кочевые калмыки и трухманские татары», – деп жауап береді [2].

Генерал Поповтың бұл сөзіне мән берсек қазақтардың Ресей бодандығын қабылдау арқылы, малдары патша үкіметінің меншігіне айналып, ал олар өз кезегінде орыстанып, ақырында христиан дінін қабылдап, Астрахань губерниясындағы қалмақтар мен татарлардан еш айырмашылығы болмай қалады деген мағынада айтылған.

Жәңгір хан жастайынан аманат ретінде Астрахань генерал-губернаторының үйінде орыс тәрбиесін алған еді. 1824 жылы 26 маусымда Бөкей Ордасының тағына Жәңгір хан салтанатты түрде отырған болатын. Бір айта кетерлігі хан тағына отыру, қазақтың дәстүрлігі хан сайлау үрдісі бойынша емес, патшалық үкіметтің тағайындауымен орындалды.

Ресей үкіметі Жәңгірді қолдан шығармау үшін оны бірнеше ордендермен марапаттап, генерал-майор шеніне дейін көтерді. Сөйтіп, Әбілқайыр хан мен Бөкей тұсында қалыптасқан Ресейдің отарлау саясатын онан әрі Ішкі ордада жалғастыруда император Жәңгірге зор үміт артты. Бірақ, ақылды Жәңгір отарлаушылардың бұл сенімінен шықпады. Ол халқының мүддесін қорғаушы болды.

Ең алдымен Жәңгір Ресейдің отарлаушыларының қолшоқпары болды дейтін ханның жанын жаралайтын қисынсыз сөз әлі де қылаң беруі ретсіз. Себебі, оны Жәңгірдің «орыстарға бізше молдас құрып отыру қиын болғанымен, біздің жерімізден қанарлап алтын тасу оларға жеңіл», – деген бір ауыз сөзімен-ақ түйіндеуге болады. Оның үстіне Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің Ресей Мүлік министрі Кисилевке: «... управление его России принесло не пользу, а огромный вред», – деп жазғаны нақтылайды. Әрі «Джангер действовал не как подданный императора, не как правитель, поставленный от русского царя..., хан так умен, так ловок, с таким искусством умел он обделывать свои дела и казаться не тем, чем был, что во все продолжение жизни пользовался в России отличнейшею репутацией», – деуі ханның Ресей отаршыларының сойылын соқпағандығын дәлелдейді.

Бөкейліктерге медициналық, ветеринарлық жәрдем көрсету мақсатымен хан ордасында өз қаржысына дәрігер, ветеринар ұстады. Дәріхана, аурухана, мешіт, мектептер ашты. Мешіт, мектеп және хан кеңесі мен кеңес өтетін зал, хан ордасындағы қызметкерлер үшін 50 тұрғын үй салды.

Жәңгір хан Жасқұстағы хан ордасына архитектуралық жағынан еуропалық үлгіде салынған әсем де, көркем мешіт салдырған. Мешіт екі бөлмеден тұрған. Бірінші бөлме, аяқ-киім шешетін орын болса, екінші бөлме, өте кең, кілеммен төселген мінәжәт етуге арналған. Мешітте ахун мен екі молда қызмет жасаған [3]. Осы мешіттің үлгісін жасауға Бөкейұлы Жәңгірханның өзі де атсалысқандығын айта кеткен жөн.

Орданың келешегі үшін білімді кадрлар даярлауды қолға алды. Астрахань, Орынбор, Уфа, Қазан және Петербург қалаларындағы оқу орындарына қазақ балаларын жіберді. Хан қаржысына ахунға және мектеп мұғалімдеріне қаржы бөлді. Әрбір 170 үй есебіне бір молдадан есеппен бұрынғы татар молдаларының орнына қазақ жастарынан 139 молда даярлап, соларды оқытты.

Сонымен қатар жалпы түрік тарихында, әлемдік философия мен сөздіктерге қатысты сирек кездесетін қымбат кітаптарды өз қаржысына сатып алып, Қазан университетіне тапсырды. Өзі жазып «Мұсылмандықтың ықшам шежіресін» баспаханадан шығартты.

Жәңгір хан Ішкі орадада мұсылман дінінің тірегі болды. Ол деректерді Дерпт университетінің профессоры Г. Гебельдің және Орынбор генерал-губернаторы В.А. Перовскийдің деректерінен білуге болады.

Әсіресе, генерал-адъютант В.А. Перовскийдің Мемлекеттік мүлік министрі П.Д. Киселевке «... но более всего нанесло вред России управление Джангира, распространение в Орде магометанства... без существования в Орде хана Джангира... могла бы совершенно изгладиться и простой народ, не имевший никакой религии, тем доступнее оказывался бы к восприятию христианства. Известно, что и с религиозной, и с политической точки зрения, всякому христианскому государству выгоднее иметь подданными язычников, чем магометан. Чем более знакомятся мусульманин с религиею своею, тем глубже проникается он враждою ко всему немусульманскому, не менее надежной становится подданическая преданность его христианскому правительству. Такую вредную услугу оказал России Джангир» – деп айтылған сөздер ойымызды дәлелдей түседі. Одан әрі: «Джангир образовал целую фалангу мулл, составляющих теперь самый безнравственный и вредный для русского правительства» – деген сөздер Жәңгірдің Ресей үкіметінің қарсылығына қарамастан өз халқының дінінен безіп кетпесін деп мешіт салдырып, молдаларды оқытқандығы оның нағыз бір Алланың құлы екендігін көрсетеді. Соған байланысты Жәңгір өмірден өткенше Ішкі ордада христиан дінінің енуіне тікелей қарсылық көрсеткенін екінің бірі біле бермесе керек. Тарихи дерек министр П.Д. Киселев пен Орынбор генерал-губернаторы В.А. Обручевтың хан ордасында шіркеу салу, поп ұстау жөніндегі тапсырмаларын халқының мүддесін үшін орындамағанын айтқан жөн [4].

Ф.А. Бюлердің «Қазақтар туралы» жазбаларында Ішкі ордадағы қырғыздардың діні жайлы былай деп жазған: «При переходе своем из-за Урала киргизы Внутренней орды были чужды образованию в правилах своей веры и грамотности. Они имели тогда для отправления богослужения и обрядов несколько мулл из казанских и оренбургских духовных лиц. Устройство духовенства в орде было предметом постоянной заботливости хана. Для приготовления к обязанностям мулл способные из детей киргизов обучались вероучению и исправлению религиозных обрядов у мулл, бывших в орде, и частью в лучших мадресах (школах) в Оренбургской губернии. Следствием этого было образование во Внутренней орде духовенства из среды ее» [4] – деп жазылған. Ф.А. Бюлердің айтуына қарағанда Жәңгір ханның арқасында қазақтар арасында молдалардың оқытылып, даярланғандығын түсінеміз. Нарын құмдарында, Хан ордасында мешіттің салынуы, қазақтардың жазда, қыста көшіп жүруіне байланысты, мешіттердің киіз үйлерде орналасқандығы жайлы ақпарат таба аламыз.

Молдалар жайлы В.А. Бюлердің еңбегінде былай айтылған: «Муллы определяются к своим местам ханом по предварительном испытании и одобрении в познаниях ахуном орды, утвержденном в сем звании правительством. Особою инструкцией вменяется в обязанность муллам: 1) наставление киргизов в правилах веры и совершении религиозных обрядов; 2) внушение народу правил нравственности, преданности к правительству и порядку; 3) обучение юношества догматам веры и грамотности.

Муллы пользуются содержанием от добровольных приношений киргизов за исполнение обрядов веры и обучения детей» [5] – деген жазбаларынан ханның өзі молдалардың қызметтерін бақылап отырғандығына көзіміз жетеді. Бұл дегеніміз, Жәңгір ханның ислам дінін жетік білгендігін айғақтайды.

Жалпы Бөкей ордасындағы медреселерде балалар әкешелерінің айтуымен татар молдаларынан білім алған екен.

Жәңгір ханның тұсында Ішкі ордада православиелік шіркеу салынбаған болатын. Алайда, бұл христиан дінінің қызметкерлері, священниктері болмады деген сөз емес. Бөкей ордасында сол кезеңде орыстар, казактар да өмір сүрді. Осыған байланысты Ф.А. Бюлердің мына жазбасына назар аударған жөн: «в 1842 г. русских, постоянно проживавших домами и в услугах при доме хана, было 114 человек обоего пола, казачьих чинов астраханских и уральских – 134 и при них жен и детей 21, а на бывающие дважды в году ярмарки приезжают обыкновенно до 300 человек, проживавших там от 5 до 15, а иногда же 20 дней.

Когда в то время предложено было назначение в Ханскую ставку священника, то хан, не находя со своей стороны к тому препятствия, отозвался, что предложение сие большею частью киргизов принято было с неудовольствием и недоверчивостью.

В разрешение возникших сомнений состоялась 1 марта 1843 г. Высочайшая его императорского величества резолюция: «Принужденно не делать, но убедить, что всякий должен отправлять религиозные обряды по своему закону и что если инородцы делают сие без всякого воспрещения, то православные не должны быть лишены этого же права. Посему и пригласить хана Джангера избрать удобное время к исполнению сего, хотя не в виде постоянной, но временной меры, учреждением при ставке его походной церкви.

Теперь в орду назначен священник с причетником и устроена походная церковь при главной Ханской ставке на Рын-песках» [5] – бұл жердегі көшпелі кішігірім шіркеудің болғандығы айтылғанымен,

оның христиан дінінің қазақтар арасында тарап кетіп, ешқандай мәнге ие болмағандығын сеніммен айта аламыз. Өйткені, Орда топырағындағы тұңғыш әрі соңғы шіркеу Жәңгір көз жұмған соң 24 жылдан кейін 1869 жылы тұрғызылды. Оған князь Александр Невскийдің аты берілген [6].

Жәңгірдің халқына еткен мұндай игілікті істеріне көз жібергенде оның суылдаған Нарын құмына өзі айтқандай «су сеуіп», гүл бақшаға айналдыруға, халқын мәдениетті, білімді, таза дінді, ұлттық намысы бар қасиетті қазақты тәрбиелеуге бар ақылы мен күшін жұмсаған қайраткер екендігіне деп қоюға болады.

Жәңгір ханның бізге қалдырып кеткен мұрасы ешқашан ұмытылмасы анық. Ол өмірінде байлыққа қызығып, дүние жинаумен айналысқан жоқ. Не дегенімен осындай біртуар азаматтың тұлғасына әлі де лайық баға беріліп келе жатқан жоқ. Соңғы кезде бұл мәселемен тарих ғалымдары Мереке Құлкенов пен Рысты Сариевалар бізге белгісіз мұрағат құжаттарын ақтарып, Жәңгірге қатысты өз мақалаларын жариялауда. Не дегенмен, ханның тұлғасына қатысты, мектеп оқулықтарында жазылса екен. Өйткені, Исатай мен Махамбеттің ерлігі Жәңгірдің қаншама жыл аянбай еңбек етіп, мектеп, мешіт, аурухана салдыртып, елінің мәңгүрт болып, өзге дінге бет бұрып кетпеуінен сақтап қалғаны көрінбей қалатынына қарның ашады. Бұл дегеніміз әлі де кеңестік идеологиядан арыла қоймағанымыздың дәлелі.

Патшаға қызмет етуден гөрі, өз еліне қызмет жасағанды жөн көрген Жәңгір ханның жаны пейіште нұры шалқығай.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сариева Р.Х. Ішкі орда және патша үкіметінің отарлау саясаты // Мұрағат және тарих: мақалалар, баяндамалар. – Алматы: Арыс, 2004. – 151–152 бб.
2. Материалы по истории Казахской ССР. – Т. 4. – Алма-Ата, 1977. – С. 257.
3. Киттары М.Я. Ставка хана внутренней Киргизской Орды // Букеевской Орде 200 лет. Издание из 6 книг. Книга 3. – Алматы: Өлке, 2001 г. – С. 17–18.
4. ҚРОММ, 4 қор, 1-тізімдеме, 3369 іс, 15–19 п.
5. Неопубликованные статьи Ф.А. Бюлера о казахах, татарах, туркменах и кракалпаках // История Казахстана в документах и материалах: Альманах. – Алматы: LEM, 2011. – Вып. 1. – С. 118–120.
6. Құлкенов М., Отарбаев Р. Жәңгір хан: даңқ пен дақпырт (жаңаша көқарас). – Алматы: Өлке, 1992. – 16 б.

Рецензия

Л.М. Иватова, С.Т. Мейірманов. Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 350 б.

Санат КӨШКІМБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҚСЗИ-дың бас ғылыми қызметкері,
саяси ғылымдарының докторы, профессор

Саяси ғылымдарының докторы, профессор Л.М. Иватова мен саяси ғылымдарының докторы С.Т. Мейірмановтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясаты» монографиясында жаһандану жағдайындағы Қазақстан Республикасының демографиялық саясатына, демографиялық қауіпсіздікке кешенді саясаттанулық талдау жасалынған. Ал дүниежүзіндегі заманауи демографиялық үдерістерді талдау және оның елімізге ықпалын сараптау өте маңызды мәселе.

Қазақстан Республикасының демографиялық саясатының негізгі аспектілеріне логикалық түрде талдау жасай отырып, демографиялық қауіпсіздіктің ерекшеліктерін айқындаған. Әлем елдерінің демографиялық саясатының тәжірибесі және

олардың жетістікті жақтарын салыстыра отырып зерттеген.

Бұл еңбекпен толығымен таныса отырып, осы жұмыстың мемлекеттік тілде жазылғандығы өте құптарлық жәйт деп атап өткім келеді. Сонымен қоса еңбектің мазмұны да мәселені ашып беретіндей етіп құралған. «Демографиялық саясатты зерттеудің теориялық – методологиялық аспектілерін» бірінші тарауда қарастырған соң, «Әлемдегі демографиялық жағдай және қауіпсіздік» атты екінші тарауда жаһандық демографиялық жағдай, жаһандану үдерістеріндегі демографиялық фактордың рөлі сарапталған.

«Қазақстан Республикасының демографиялық үдерістерін ретроспективті талдау» атты үшінші тарауда ХХ ғасырдағы Қазақстан Республикасының демографиялық жай-күйі зерттелген. Ал «Жаһандық даму барысын-

дағы Қазақстан Республикасының демографиялық жағдайы және саясаты» атты төртінші тарауда әлемдегі жаһандық өзгерістердің Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігіне ықпалы, Қазақстан Республикасының демографиялық саясатын болжау және оны жетілдірудің кешенді шаралары әзірленіп берілген.

Бірінші бөлімнің әсіресе «Демографиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігінің бірі ретінде» атты үшінші бөлімшесінде «демографиялық қауіпсіздік» түсінігі жан-жақты талданып, зерттелген. Демографиялық әлеует мемлекеттің жетістіктерге жетуінің факторларының бірі екендігін көрсете отырып, демографиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі және демографиялық дамуға, яғни тұрғын халықтың өсіп-өнуіне төнетін нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі деген өзіндік анықтамасын келтірген. Демографиялық қауіпсіздіктің индикаторларын кесте түрінде топтастырып жинақтаған және демографиялық қауіпсіздігімізге геосаяси, экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық аспектіде қатерлер бар екендігі негізді түрде анықталған.

Қазақстан әлемдегі аз қоныстанған елдердің бірі екендігін

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтерімен дәлелді етіп көрсете отырып, сонымен бірге көршілес жатқан мемлекеттер тарапынан туындауы мүмкін қатерлерді де ашып берілген. Авторлар, еліміз көршілес жатқан шамадан тыс қоныстанған мемлекеттердің кейбірінің «демографиялық қысымына» ұшырауымыз мүмкін екендігін, ал бұл ұлттық қауіпсіздігімізге қатер және этносаралық қатынастарды тұрақсыздандыруы мүмкін деген ой қорытындылаған. Қазақстан Республикасының көп территориясы игерілмеуде және халық аз қоныстанған. Әлсіз игерілген кеңістігі бар Қазақстан үшін халық санының қарқынсыз өсімі тиімсіз жағдай. Өйткені, Солтүстігінде Ресей, ал Шығысында халық саны көп Қытай, Оңтүстігінде халық саны тез артып келе жатқан Өзбекстан бар дей келе, өзіндік қатерлерді де айқындаған.

«Қазақстанның демографиялық саясатының мәні және жүзеге асу бағыттары» деп аталатын бөлімшеде Қазақстанның демографиялық саясатының жүзеге асу бағыттарына сипаттама беруі де өте құптарлық.

Қазіргі кезеңде әр елдің шыннайы байлығы адами әлеует екендігіне тоқтала отырып, тууға ықпал ететін факторларды қарастырған. Демографиялық

толқындар, яғни репродуктивті когорталардың сан жағынан ауытқуын талдау барысында өзіндік демографиялық болжамын жасаған. Бұл еңбек авторларының зерттеу барысында бүгінгі күн талабын жан-жақты ескергендігін айқындайды. Оны зерттеу кезінде қолданылған мәлімет көздерінен, деректерден де көруге болады.

Жоғарыда келтірілген ойымды түйіндей келе, саяси ғылымдарының докторы, профессор Л.М. Иватова және саяси ғылымдарының докторы

С.Т. Мейірмановтың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік демографиялық саясаты» атты еңбегі қазақстандық саяси ғылымның дамуына сүбелі үлесін қосады және демографиялық саясатты зерттеушілер үшін өте құнды еңбек деп атап өткім келеді.

Л.М. Иватова және С.Т. Мейірмановқа Қазақстан ғылымы және қоғамы қажет ететін осындай құнды, іргелі еңбектерді жаза берулеріне тілектеспіз және де шығармашылық табыстар тілейміз.

Түйіндеме

Пути реализации проблемы трудоустройства населения, обозначенные в Послании Президента РК

Бахытжан Бухарбаев – научный сотрудник отдела социально-политических исследований КИСИ при Президенте РК

Статья посвящена одному из основных направлений, обозначенных в Послании Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана, – трудоустройству населения и перспективам решения данной проблемы, имеющей стратегический характер.

Presidential Address on Social Welfare Policies for Better Employment

Bakhytjan Bukharbayev – Research Fellow, Department of Social and Political Analysis, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan

The article covers the social welfare and employment issues as one of the priorities defined by President Nazarbayev in his Address to the Nation of Kazakhstan. The author analyses the perspectives to implement the programs aimed at considerable improvement in the sphere as they are of strategic importance for future development of the nation.

Стратегическое партнерство России и Китая на современном этапе

Райхан Садыкова – старший преподаватель кафедры международных отношений и мировой экономики КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук

В данной статье автор анализирует взаимовыгодное двустороннее сотрудничество России и Китая, начиная с 90-х гг. XX в., используя важные документы, заложившие прочную основу для развития стратегического партнерства между двумя дружественными странами. Определяя приоритеты и основные направления сотрудничества, автор приводит необходимые статистические данные. Особое внимание автор уделяет координированной политике России и Китая в рамках такой организации, как ШОС, а также и других международных объединений.

Contemporary Strategic Partnership of Russia and China

Raihan Sadykova – Senior Lecturer, Department of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University, Candidate of Science (History)

The article deals with the relations of Russia and China and their strategic partnership that has been developing since the 1990s. The author analyses the major

documents concluded by the both sides that are the basis for principle spheres of cooperation and considerable statistical data on the matter. The article also traces the coordinated policies of Russia and China in the number of intergovernmental structures, particularly the SCO.

Ассамблея народа Казахстана как одна из структур обеспечения национальной безопасности РК

Айсулу Хайрулдаева – магистрант факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби

Ассамблея народа Казахстана является уникальной казахстанской моделью межэтнической толерантности и общественного согласия и рассматривается автором как одна из структур обеспечения национальной безопасности РК.

People's Assembly of Kazakhstan as a Structure to Maintain National Security

Aisulu Hayruldavaeva – Master Student, Department of International Relations, Al-Farabi Kazakh National University

The author analyses the activities of the People's Assembly of Kazakhstan and Kazakhstan's model to maintain interethnic tolerance and peace. The author argues that the Assembly has principle significance to maintain national security of the Republic of Kazakhstan.

Управление образовательными учреждениями в Республике Казахстан

Саят Шаяхметов – вице-министр образования и науки РК

Образование является важнейшей сферой, которая создает не только интеллектуальную, но и экономическую базу процветания общества. В целом управление образованием – это целенаправленная деятельность центральных и местных исполнительных органов власти по обеспечению организации, функционирования и развития системы образования. Становление Казахстана как суверенного государства, проводимая в стране социально-экономическая реформа, расширение рыночных отношений обусловили необходимость перехода к новому управленческому механизму в сфере образования. Смысл нового механизма означает, прежде всего, ликвидацию монополии государственных органов и их чрезмерной административной власти, отказ от планово-директивного регулирования всех сторон деятельности образовательных учреждений.

Management of Educational Institutions in Kazakhstan

Sayat Shayakhmetov – Vice-Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

The author considers education to be principle for both intellectual and economic development of any nation. Therefore, management in education is regarded as a purposeful activity of the central and local executive authorities in organization, functioning and development of the education system. Transition to a new management of education in Kazakhstan is required given the current socio-economic reforms in the country and further development of market relations. The new managerial approach is

aimed at elimination of the monopoly of state and excessive administration as well as over-centralized policies to regulate functioning of the educational institutions.

Политический менеджмент в системе управления Российской Федерации

Бекен Махмутов – PhD докторант кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ им. Абая

В статье рассматривается становление и развитие системы нового государственного управления в Российской Федерации. Автор проводит политологический анализ эффективности системы государственного управления и пытается сделать свои выводы.

Political Management of Public Administration System of Russia
Beken Makhmutov – Doctoral Student, Department of Philosophy, Political and Social Science, Abay Kazakh National Pedagogical University

The article touches upon establishment and development of a new system of public administration in contemporary Russia. The author provides the political analysis and gives his expert opinion on efficiency of the system.

Роль средств массовой информации в политической системе Казахстана

Балгын Шугаева – преподаватель кафедры социально-гуманитарных дисциплин КазАТК им. М. Тынышпаева

В статье автор рассматривает роль и место СМИ в решении основных проблем глобализации, а также национального единства и безопасности.

Mass Media in Political System of Kazakhstan
Balgyn Shugaeva – Lecturer, Department of Social Sciences and Humanities, Tynyshpaev Kazakh Academy of Transport and Communication

The article provides the political analysis the role the mass media plays in the contemporary political realities. The author focuses on the impact the mass media may make to cope with the issues originated from globalization as well as integral peace, unity and domestic security of Kazakhstan.

Съезд лидеров мировых и традиционных религий
Ботакоз Шакеева – студент факультета Международных отношений КазНУ им. Аль-Фараби

Әлия Бастаубаева – магистрант Института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая

Статья посвящена Съезду мировых и традиционных религий, который периодически проходит в Астане. Авторы рассматривают роль и значение съезда в развитии межконфессионального согласия и укреплении стабильности в региональном и мировом масштабе.

Congress of Leaders of World and Traditional Religions

Botakoz Shakeeva – Student, Al-Farabi Kazakh National University, Department of International Relations

Aliya Bस्ताубаева – Master Student, Institute of Post-graduate Studies, Abay Kazakh National Pedagogical University

The article is devoted to the Congress of the Leaders of World and Traditional Religions held in Astana on a regular basis since 2003. The authors examine the significance and impact of the Congress on inter-confessional consent and stability in the region and globally.

Влияние Таможенного союза Беларуси, Казахстана и России на социально-экономическое партнерство государств – участников Шанхайской организации сотрудничества

Кабидын Кали – магистрант факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби

Азхар Сериккалиева – PhD докторант факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби

Созданный в результате интеграционного процесса между Беларусью, Казахстаном и Россией Таможенный союз (ТС) и Шанхайская организация сотрудничества (ШОС) на сегодняшний день являются авторитетными организациями регионального, а также и международного значения. В статье рассматривается влияние ТС на социально-экономическое партнерство государств – участников ШОС.

Impact of the Customs Union of Kazakhstan, Russia and Belarus on Cooperation in Social and Economic Spheres with the SCO

Kabidyn Kali – Master Student, Department of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University

Azhar Serikkalieva – PhD Student, Department of Oriental Studies, Al-Farabi Kazakh National University

The author argues that the Shanghai Cooperation Organization and the Customs Union of Kazakhstan, Russia and Belarus – the former is the outcome of the steady integration process – are intergovernmental structures of major role both on the regional and global scales. The article outlines the intense and structure of the impact the establishment of the Custom Union made of the cooperation in social and economic spheres within the SCO.

Оценка ущерба и страховое возмещение при добровольном страховании автотранспорта

Ербол Сигаев – ассоциированный профессор Казахстанско-Британского технического университета, доктор экономических наук

В данной статье рассматриваются наиболее спорные моменты, которые возникают между страховщиком и страхователем при страховании каско.

Damage Assessment and Compensation in Voluntary Automobile Insurance

Erbol Segaev – Associate Professor, Kazakh-British Technical University, Doctor of Science (Economics)

This article deals with auto-hull insurance. The author provides a comprehensive analysis of the most contentious issues that may arise between the insurer and the insured.

Исламский интеллектуализм в контексте возрождения религии

Бахытжан Сатершинов – заведующий отделом религиоведения ИФФИ КН МОН РК, доктор философских наук

В статье анализируются интеллектуальные проблемы ислама в ходе решения современных насущных вопросов модернизации и глобализации, раскрываются некоторые концептуальные аспекты политического ислама, подвергаются исследованию те вызовы, которые политический ислам бросает миру и с которыми сталкивается сам, а также основные тенденции его развития.

Islamic Intellectualism Amidst Religious Revival

Bakhytzhhan Saterashinov – Department Head, Department of Religious Studies, Institute of Philosophy and Political Science, Committee for Scientific Affairs, Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of Science (Philosophy)

The author analyses the current issues of intellectual nature the Islam acquires on the background of modernization and globalization. The article also touches upon certain conceptualization of the Political Islam, the challenges it faces and poses to the contemporary world and major tendencies of its development.

Процесс глобализации и традиционность

Рауан Кемербаев – магистрант кафедры культуроведения ЕНУ им. Л. Гумилева

Статья посвящена процессам глобализации и их влиянию на этническую само-бытность и культуру народа, которые автор рассматривает на примере казахского этноса и трансформации его устоев на протяжении последних полутора веков.

Globalization and Traditionalism

Rauan Kemerbaev – Master Student, Department of Cultural Studies, Gumilev Eurasian National University

The article deals with the globalization and its impact on certain aspects of being of ethnic groups such as identity and culture. The author studies the case of the Kazakhs and transformation of their ethnic lives with the last sesqui-century.

Деятельность органов государственного управления в сфере контроля над Оренбургским муфтиятом

Фарида Адилова – старший преподаватель КазНТУ им. К. Сатпаева, кандидат исторических наук

В данной статье автор исследует образование и этапы развития Оренбургского мусульманского духовного собрания, с которого начинается история единства

российских мусульман. Исследование было основано на сравнении как конкретно-исторических источников, так и документов Центрального государственного архива Республики Казахстан. По мнению автора, эта тема требует нового подхода исследования, новой парадигмы мышления.

Government Control over Orenburg Muslim Spiritual Authorities

Farida Adilova – Senior Lecturer, Satpayev Kazakh National Technical University, Candidate of Science (History)

The article deals with the establishment of the Islamic High Council in Orenburg. The author provides the profound analysis of the documents of the State Archive of Kazakhstan that have not been in the scope of scholarly interest so far and argues that the studies of the matter require a new approach.

Вклад Жангир хана в развитие ислама в Букеевской орде

Абзал Сулейменов – магистрант факультета истории, археологии и этнологии КазНУ им. аль-Фараби

Настоящая статья посвящена жизни и деятельности Жангир хана – одного из знаменитых ханов Букеевской орды. Автор показывает хана пламенным патриотом своего народа, ревнивым служителем ислама и правоборцем всех мусульман.

Contribution of Zhangir Khan into Islamization of the Bukey Horde

Abzal Suleimenov – Master Student, Department of History, Archaeology and Ethnic Studies, Al-Farabi Kazakh National University

The article provides the biographical information on Zhangir Khan who was one of the most prominent political figures in history of the Bukey Horde. The author argues that his activities as a statesman and one of the most vigorous promoters of Islam had considerable impact and historical significance.